


# ДЕҢЕ ТӘРБИЕСІ



9

РАУАН  баспасы

A Deep Sleep At  
Ch

С. ҚАСЫМБЕКОВА, С. ТАЙЖАНОВ

# ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сыныбына арналған  
байқау окулығы



Республикалық мемлекеттік  
“Payan” баспасы  
Алматы 2000

ББК 74. 267

Қ 45

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған

# ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

штитология міндеттік міністерлік міністри  
негізде көмекшілік-9  
журналы

Қасымбекова С., Тайжанов С.

Қ 45 Дене тәрбиесі: Жалпы білім беретін мектептің  
9-сыныбына арналған байқау оқулығы. — Алматы:  
Республикалық мемлекеттік “Рауан” баспасы, 2000.  
— 168 бет, суретті.

ББК 74. 267

ISBN 5-7667-8095-8

Қ 43060221900-052 79(1)-2000  
404(05)-2000

© Қасымбекова С., Тайжанов., 2000  
© Республикалық мемлекеттік  
“Рауан” баспасы, 2000  
Барлық құқықтары қорғалған

ISBN 5-7667-8095-8

## АЛҒЫ СӨЗ

**Кымбатты оқушылар!**

Сендер мектепте жалпы біліммен қатар, дene тәрбиесі жөнінен де белгілі біr мөшерде арнайы біlіm алып, іскерлік пен машық, дағдыларды менгересіндер. Дене тәрбиесінен қажетті біліктілік пен дағдыларды менгеру — өрбіr жас жеткіншектің міндегі. Себебі, кез келген елдің болашағы оның халқының, соның ішінде жастарының денсаулығы мен күш-қуатына байланысты. Олай болса, қазіргі мектеп оқушыларының денсаулығы елдің де, қоғамның да байлығы деген сөз. Сондықтан да ел Президентінің Қазақстан халқына арнаған “Қазақстан – 2030” Жолдауында осы міндегтерді шешуге арнайы назар аударылып, келешекте Азия Барысына айналатын еліміздің іргесін нығайтатын қазіргі жас үрпаққа зор сенім білдірілген.

Көп билетін және алған білімдерін жұмыста, үйде, демалыс кезінде қолдана алатын адам — рухани бай, мәдениеті жоғары адам. Адам өз халқына, еліне мүмкіндігінше көбірек пайдасын тигізу үшін, денсау, күшті, епті, төзімді болуы туіс. Ондай адам қандай жұмысты да шаршамай-шалдықпай істей алады, шаршаса да, оңай өл жинап, тез тыныға біледі. Ондай адамды өз денесін тәрбиелеген, шыныққан, төзімді, қайратты адам дейміз. Бұған дene тәрбиесі сабағы арқылы және сабактан тыс қездे жеке машықтану арқылы қол жеткізуге болады. «Денсаулық — зор байлық», «денсаулығынды күт» деген сөздерді күнде естіп жүргенмен, оған мән бере бермейтіндер де жоқ емес. Егер сендердің араларында да денсаулығына жүрдім-бардым қарайтын, ауыра қалсам, дәрігер емдейді Гой деп жүре беретіндер болса, олары дұрыс емес.

Көрі, жас демей, кім болса да өз денсаулығының қамын өзі ойлауы керек. Әрине, өз баласының денсаулығына өрбіr ата-ана қамқорлық жасайды, сол мақсатта мектепте дene шынықтыру сабактары мен өр түрлі іс-шаралар откізіледі. Бірақ бұлардың бәрі дененің қалыпты дамып, жетілуіне ойдағыдай өсер ете алмайды. Сол себепті де сендердің дene шынықтыру жаттығуларымен үдайы және жеке айналысларың керек. Денені шынықтыру үшін, өзімізді қоршаған

табиғи ортандың таза ауасын, күн сөулесін, сумен шынығу секілді факторларын үнемі пайдалану қажет. Шынығу — денсаулықты сактаудың және оны нығайтудың ең қолайлыш түрі. Шыныға білу, яғни денсаулықты нығайту өздеріңе ғана байланысты.

Дене шынықтыру сендердің ағзаларыңың жұмысына жағымды өсер етеді және ақыл-ой қызметін жақсартады, денсаулықты нығайтуға жәрдемдеседі. Ұсынылып отырған оқулық мене жаттығуларын жеке-дара жасап, машықтануға үйретеді және мектеп бағдарламасында көрсетілген билімдермен қаруландырады.

9-сыныпта бұрын менгерген икемділіктер мен дағдыларды жетілдіре отырып, сынныптан сынныпқа өтудегі сабактастық негізінде жаңа қозғалыс-қимыл түрлерін игересіндер.

9-сыныпта денелерің, ақыл-ойларың жетіліп, нағзада үлкен өзгерістер болады. Ақылдарың толысып, өз беттеріңмен ойлау қабілеттерің артады.

Бұл жаста сыртқы дүниедегі болып жатқандарды ғана емес, сонымен бірге өз денелерің мен жан дүниелерінде болып жатқан өзгерістерді де ой елегінен өткізе бастайсындар. Басқаша айтқанда, ойлау жүйесі өздеріңе бағытталады. Өздеріңнің іс-қимылдарының үғына білуге, бақылауға теориялық сабактар мен практикалық жаттығулардың пайдасы зор.

Сыныптан сынныпқа өткен сайын мене жаттығуларымен айналысу барысында мұғалім көмегіне ғана сүйене бермеген жөн.

Еліміздегі мене шынықтыру жүйесінің негізіне Президенттік сынамалар алынған. Бұл сынамалардың негізгі мақсаты — ел тұрғындарының мене даярлығын жақсарту. Оның талап көрсеткіштері де күрделі. 9-сыныпты бітірерде сендер осы сынамалардың өз жастарыңа сәйкес келетін көрсеткіштерін тапсыруларың керек. Оны орындау үшін сабакта, секциялық сабактарда және бос кездерінде көп еңбектенгендерің жөн. Сондай ізденіс, жеке-дара машықтану кезінде де осы оқулықта баяндалған білім негіздерін басшылыққа алатын боласындар.

## I. ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

### 1. Жан-жакты дене даярлығы деңгейін арттыратын жаттығулар

Адам өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, еңбек еткенде әр түрлі қозғалыстар мен өрекеттер жасайды. Дененің жекелеген мүшелерінің жұмысына және олардың қалыптасуына осылардың бөрі өсер етеді. Адамның жеке басының қасиеттері дененің қалыптасып, жетілуімен тығыз байланысты. Демек, денені жүйелі шынықтыру және денсаулықты қалыптастыру адамның сана-сезімін жетілдіреді. 10–15 жастағы жеткіншектердің мінез-құлқында үнемі тұрақтылық бола бермейді. Бұл ғылыми түрде дәлелденген. Соңдықтан дене жаттығуларымен (өсіресе, спорт түрімен) айналыспас бұрын, мұғалімдермен кеңесіп барып, содан соң ғана жаттығуды бастаған жөн.

Дене жаттығулары әр түрлі болуы керек. Бұл адам ағзасының қалыпты өсіп-дамуы және қызмет істеуі үшін қажет. Дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысу адамның дене мүсінінің қалыптасуына елеулі түрде өсер етеді. Дене мүсіні дегендे, дененің көлемін (бойдың ұзындығы, салмақ, қеуденің өлшемі, иық, пен жамbastың жалпақтығы, қол мен аяқтың ұзындығы және т. б.), салмағын, бұлшық еттердің және дененің қалыпты дамуын түсіну керек.

Жоғарыда аталған белгілердің барлығы бірдей денеге түсетін ауырлық өсеріне байланысты өзгерістерге үшірай бермейді. Бәрінен бұрын адамның салмағы тез өзгеріп отырады. Соңдықтан, салмақ қандай себептерден өзгеріске үшірайтынын білген маңызды. Мысалы, тамақты көп жеп, қозғалыс аз болған жағдайда, салмақ май талшықтарының есебінен артатын болады. Денеге онтайлы ауырлық құш түскенде, ет талшықтарының көлемі артады.

Орташа деңгейдегі ауырлықтар (жүгірістер, спорттық ойындар және т.б.) жіліншік, жілік, аяқ пен қолдың ұзындығының өсуіне өсер етеді, ал шамадан тыс ауырлықтар (ауыр атлетикамен, күреспөн, батпан (гир) көтерумен айналысу) сүйек ұзындығының өсуін біршама баяулатады (дәлірек айтсақ, өсу қарқының тежейді), бірақ оның

есесіне спорттың бұл түрімен айналысқандардың көпшілігі тәртпақ, шымыр, мықты болып өседі. Өсіп келе жатқан ағзага түсетін дене жүктемелері занұлықтарын білу дене сүйектерінің көлемі мен шамасына, дәлірек айтсақ, дененің құрылымына белгілі дөрежеде өсер етуге мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесінің негізгі мақсаттарының бірі – ағзаның тіршілік қызметі мен өсуі барысындағы сандық және сапалық өзгерістерді үйлестіріп отыру. Дене дамуындағы өзгерістер жас пен жыныска ғана емес, сонымен қатар қозғалыс белсенділігіне де байланысты.

«Дене даярлығы» дене қасиеттері мен қозғалыс дағдыларының қалыптасуы мен дамуына мақсатты түрде өсер етуі тиіс. Бұл екеуінің үштасуы адамның әр түрлі қоғамдық пайдалы қызметті менгеріп, жүзеге асыруына септігін тигізеді.

Жан-жакты дене даярлығы денгейін арттыратын жаттығулар бұлшық етті және жекелеген буындарды нығайтады, мұсінді қалыптастырады, күш пен икемділікті дамытады, тыныс алу және қан айналысы жүйелеріне өсер етеді. Қимылдар үйлесімділігін менгереп білуге үйретеді.

Сондықтан да жаттығуларды ірікте алғанда, жекелеген буындарды, бұлшық еттерді нығайтуға және күш пен икемділікті дамытатын жаттығуларға басты назар аударған жөн.

Белгілі бір бұлшық еттер тобы үшін күшке, керіліп-созылуға, денені босаңсытуға арналған жаттығуларды ірікте алу және оларды жүйелі пайдалану дене даярлықтарына сәйкес келуі тиіс. Бұларды негізгі бөлімдегі жаттығулар техникасын тез менгеру үшін ағзаны даярлайтындей етіп, сонымен қатар жаттығудың жалпы міндетін орындауға мүмкіндік беретіндей етіп іріктеген жөн. Даярлық жаттығулары гимнастикалық емес жаттығулардың да техникасын менгеруге себепші болады, мысалы, шаңғы даярлығынан (қыста) және жеңіл атлетикадан (жазда) еткізілетін сабактар алдында шаңғымен жүрудің, жүгірудің, секірудің және лақтырудың техникасын менгеруге байланысты бұлшық еттерді нығайтатын және дамытатын жаттығуларды пайдалану керек.

Даярлық жаттығуларын пайдаланғанда, төмендегі жүйені сақтаған жөн:

- 1) арқа бұлшық еттерін динамикалық жұмысқа қосатын керіліп-созылу түріндегі жаттығулар;
- 2) қол мен иыққа арналған, асылып тұруға негізделген жаттығулар;
- 3) кеудені аяққа жақындастыратын, алға қарай еңкейетін жаттығулар;
- 4) аяққа арналған жаттығулар;
- 5) бүйірге қарай қисаю арқылы немесе айналу және бұрыту түріндегі қеудеге арналған жаттығулар;
- 6) қол, аяқ және дене арқылы жасалатын қымылдардың үйлесімділігіне арналған жаттығулар;
- 7) тапсырма түріндегі жаттығулар;
- 8) денеге жалпы өсер ететін жаттығулар (жүгіру, бір орында тұрып қарғу, тез жүрелеп отыру және басқалар).

Көп күш жұмсалып, жүрек-қан тамырлар жүйесінің күшті қызмет істеуіне мәжбүр ететін жаттығулардан кейін дәлдікке немесе қымылдардың үйлесімділігіне арналған жаттығуларды орындауға болмайды. Мұндайда денені босаңытатындей, ағзаны қалына келтіретіндей жаттығуларды орындау қолайлы болмақ.

Жаттығулардың денениң қай мүшесіне қалай өсер ететінін түсініл, қандай да бір жаттығуды орындағанда да, оның мүсінге ықпал жасайтынын есте ұстau керек.

Жаттығуларды сабактан сабакқа біргінде арттыра отырып, қатаң турде мөлшерлеу қажет.

## **2. Президенттік сынамалардағы нормативтік талаптарды тапсыруға арналған даярлықтың мақсаттары мен міндеттері**

Президенттік сынамалар Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын сауықтыруды, дене даярлығын арттыруды көздейді, ол еліміздегі дене тәрбиесі жүйесінің негізі болып табылады. Сынамалар бойынша жұмыс істеу жан-жақты дене қабілеттерін дамытуға, дені сау, күшті, төзімді, белсенді болуга көмектеседі.

Сынамаларға кіретін жаттығулар түрлері спорттық қабілеттіліктерді анықтауға және оны дамытуға, спорттары

жетістіктерді арттыруға, мектептегі деңе тәрбиесінің сапасын жақсартуға, сондай-ақ деңе тәрбиесін насиҳаттауға жәрдемдеседі.

Адамдардың денсаулығын нығайтып, деңе тәрбиесін дамыту – мемлекеттік маңызды іс. Өйткені елдің егемендігін сақтау, оның экономикалық мүмкіндігін арттыру көп жағдайда үлттың (халықтың) деңе тәрбиесімен және рухани тазалығымен айқындалады. «Халық денсаулығы – елдің байлығы» деген сөз жайдан-жай айтыла салмаған.

*Президенттік сынамалардың мақсаты* – салауатты өмір салтын насиҳаттау, халықты деңе мәдениетімен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, адамның өз денсаулығын және өмірдің әр түрлі кезеңіндегі деңе тәрбиесі даярлығының дентейін айқындауда оның қажетін қанағаттандыру.

Президенттік сынамалардың негізгі міндеттері деңе тәрбиесінің жай-күйі мен деңе шынықтыру жаттығуларының құралдары аркылы халықтың сауығын, жастардың оқуға, еңбекке және әскери қызметке даярлығын бағалау болып табылады.

Деңе тәрбиесі даярлығының Президенттік сынамалары күштілікті, шыдамдылықты, шапшандық пен ептілікті айқындастын сынақтың жеті түрін қамтиды.

9-сынып оқушылары үшін сынамалар деңе тәрбиесі даярлығының екі дентейінен: Президенттік деңгей мен үлттық даярлық дентейінен тұрады.

1. Президенттік деңгей деңе тәрбиесінде жан-жақты даярлығы бар деңе сау адамдарға арналған.

2. Үлттық даярлық дентейі оқу орны бойынша спорттық секцияларда, топтарда, командаларда спорт мәдениеті және спортпен жүйелі түрде айналысатын адамдарға арналған.

Президенттік сынамалар алға қойып отырған талаптар көлемінде оқушылардың жан-жақты деңе дайындығын қамтамасыз етуді оқу мен сынныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды іскерлікпен үштастырған кездеғана жүзеге асыруға болады.

Сынамаларды тапсыруға өзірлік, негізінен алғанда, сабак үстінде жүргізіледі, дегенмен тиісті даярлық жұмыстары сабактан тыс уақытта жүргізілсе, мүлде жақсы. Нормаларды тапсыруға даярлық пен оны тапсыру жұмыстарын үйымдастырудың және нормативтердің күрделілігі ескеріліп, бұл жұмыстар күні бұрын жоспарланады.

**Жалпы білім беретін мектептердің 9-сынып  
окушыларына арналған сынап түрлері мен нормативтері**

Сынақ түрлері	Өлшем бірлігі	Нормативтері					
		Президенттік деңгей	Ұлттық даярлық деңгейі	ер балалар	кыз балалар	ер балалар	кыз балалар
100 м-ге жүгіру	сек	13,0	15,2	13,2	15,5		
1000 м-ге жүгіру	мин, сек	—	4,10	—	4,30		
2000 м-ге жүгіру	мин, сек	7.30	—	8.00	—		
Кермеде тартылу	сан рет	16	—	12	—		
Шалқалап жатып денені көтеру	мин, рет	—	20	—	15		
Ұзындыққа орнан секіру	см	260	220	235	200		
Шаңғымен 3 км кашыктыққа жүгіру немесе 6 минут шамасында жүгіріп- жүріп ету	мин, сек	13.30	15.00	14.00	16.00		
50 м-ге жүзу	м	1700	1350	1530	1240		
Шагын калиберлі (пневматикалық) мылтықтан 5 ок ату немесе допты (150 гр) ныса- наға дөл лактыру	сек	45	50	—	—		
	ұпай	48	48	454	45		
	м	35	23	30	20		

Әдетте, қыркүйек-қазанда жеңіл атлетикадан, караша-желтоқсанның жартысында тирде атудан, желтоқсан—акпан аралығында шаңғыдан, акпан—наурызда жүзуден, сәүір—мамырда жеңіл атлетикадан сабактар өткізу жоспарланып жүр. Жылдамдықты, күштілікті және табандылықты сынап жарыстары оку жылының аяғында бір күнде өткізіледі.

Жүгіру, секіру, өрмелеп шығу, шаңғымен жарысу сияқты спорт түрлерінен жүргізілетін даярлық, дene тәрбиесі сабагы барысында да жүзеге асырылады. Алайда, жекелеген окушылар үшін бұл жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондыктан да ондай окушылар жалпы дene дайындығы және басқа да секциялық сабактарда өздерін Президенттік сынамалар талаптарын тапсыруға даярлауы қажет.

Президенттік сынамаларды орындау техникасына, үйрену тәсіліне, сынамаларды өткізуге кейін кеңірек тоқталмақпыз.

**3. Ағзаның жүйелі қызмет етуіне дене жаттығуларының асері және оған түсетін ауырлықты реттеу**

Дене жаттығуларының негізгі мақсаты – адамның дене дамуына көмектесу, олардың денсаулығын нығайту. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте, оқу барысында толып жатқан Әрекеттер мен қозғалыстар жасалады. Осы қимыл-қозғалыстар адам ағзасына белгілі бір дәрежеде өсер етеді. Ал арнайы іріктеліп алынған дене жаттығулары жекелеген дене мүшелерінің қалыптасып дамуына, жетілуіне ғана өсер етіп қоймайды, сонымен бірге жалпы ағзаның жүйелі түрде қызмет атқаруына көмектеседі. Бұл адам денесінің барлық мүшелерінің өзара Әрекеттестігіне және сабактар мен жеке жаттығуларда түрлі қимылдардың өте көп болуына байланысты, соның нәтижесінде ағза тұтас жұмысқа тартылады.

Әрбір жаттығу оқушы ағзасына белгілі бір дәрежеде жалпы әсер етеді. Бұл әсер өте курделі өрі өр түрлі болады және барлық мүшени қамтиды. Оқушылар дене жаттығуларымен жеке дара айналысу кезінде көп күш-куат жұмсауы мүмкін. Сондықтан да жаттығуларды саналы түрде мөлшерлеп, денеге түсетін ауырлық күшті бірте-бірте, жүйелі түрде өсіріп отыру керек. Жалпы дене жаттығуларымен жеке дара айналысадан бұрын мұғаліммен ақылласып алған жөн.

Жаттығуларды дененің белгілі бір мүшесіне пайдалы өсереттіндегі және артық құш түсіріп, оған зиян келтірмейтіндегі етіп кезектестіріп отыру қажет.

Жеке жаттығуларды орындаған кезде және сабақ үстінде денеге түсетең физиологиялық ауырлықтан шаршаудың сыртқы белгілері байқалады. Шаршаудың басты белгілеріне

жататындар: жаттығуды одан өрі орындауға селқос қарау, зейіннің шұғыл тәмендеуі, жаттығуларды орындау техникасының нашарлауы, дененің қызынды немесе босаңсызы, беттің қызарып немесе бозара бастауы, мандайдың терлеуі, аяқ-қолдың дірілдеуі және т. б. Осылардың бәрі – қажуды білдіретін белгілер. Мұндай жағдайда жаттығудың түрін өзгертіп, дем алу керек немесе жаттығуды аяқтау үшін, сабактың қорытынды бөліміне көшу қажет.

Сабактың қорытынды бөлімінде міндетті түрде шаршау пайда болатынын естен шығармау қажет, өйткені шаршау болмаса, денені жаттықтыру және ағзаның жалпы жұмыс қабілетін арттыру мүмкін емес. Алайда қажу қалыптан артық болмауы және демалғаннан кейін толығымен жойытуы тиіс.

Сонымен бірге жекелеген жаттығуларды орындаған кезде мысалы, арқанға жоғары өрмелеп шыққанда, қолдың бұлшық еттерінің шаршауымен, реттік (саптағы) жаттығулар жасаған кезде зейінмен және басқалармен санақсан жөн. Денеге түсетін бұл жүктемені мөлшерлеу қажет болады, сондай-ақ дene мүшелерін бірқалыпты, кезек-кезек дем алдыру үшін, бұлшық еттердің жекелеген топтарына және ағзаның жекелеген мүшелеріне түсетін жүктемені де өзгертіп отыру керек.

Жұмысқа (жаттығуға) біртіндеп кірісу қажет. Әдетте денеге түсетін физиологиялық ауыртпалықтың ең көбі сабактың (жаттығудың) негізгі бөлімінің оргасына немесе соңғы үштен бір бөлігіне тұра келеді, ал бұл сабак барысында денеге түсетін ауыртпалықты бірте-бірте арттыра түседі. Жалпы жаттығулар орындаған кезде өркім өз мүмкіншілктерін ескерген жөн.

Шаршау құбылысы түшті физиологиялық жүктеме түсіретін жаттығуларды аз ауыртпалық түсіретін жаттығулармен ауыстырып отыруға мәжбур етеді. Мысалы, бұлшық етке күшті ауыртпалық түсіретін жаттығулар денені босаңсытуға арналған жаттығулармен, жылдам орындалатын жаттығулар баяу қарқынмен орындалатын жаттығулармен ауыстырылады.

Дене жаттығуларымен айналысқан кезде денеге түсетін жалпы физиологиялық ауырлықты мөлшерлеу үшін, тәмендегілерді есте үстаган жөн: 1) берілген жаттығулардың қайталау сандарын көбейту немесе азайту; 2) жаттығуларды орындау уақытын немесе үзактығын көбейту немесе азайту

(мысалы, жүгірудін, секірудін); 3) жаттығуларды орындаған кезде бастапқы қалыпты құрделілендіру немесе жеңілдету (мысалы, алға және артқа қарай еңкейген кезде қолды бүйірге таяну, бастан жоғары көтеріп ұстау); 4) жаттығуларды орындаған кезде, мысалы, гимнастикалық таяқпен, батпанмен (гантельмен) ғұрзілермен (булавалармен), ішіне қоқыс толтырылған дотпен жаттығулар жасаған кезде аяқ, қолға салмақ түсіру; 5) осы мақсатқа өз денесінің салмағын пайдалану (мысалы, жүрелеп отыру, қолмен жоғары көтерілу) немесе өзімен бірге жаттығушылармен қарсыласу жаттығуларын жасау; 6) жаттығулардың формасын (бағытын, жаттығудың аралығын, бір мезгілде жасалуын, бірте-бірте орындалуын) немесе сипаттын (жүйкеге, бұлшық еттерге күш түсін, шашандығын, қарқынын, ырғағын) өзгерту.

Сонымен бірге жаттығуды орындаған кезде төмөндегі тәсілдерді пайдалану қажет болады: денеге бірден шұғыл ауырлық түсіруден сактану үшін бастапқыда бір-екі көмекші жаттығу жасаған жөн; ауыр жаттығулардан және бұлшық еттерге ауыр күш түсіретін жаттығудан кейін денені бос ұстауға арналған жаттығуларды орындау керек; статикалық жаттығуларды динамикалық жаттығулармен алмастыру қажет; шағын, жеңіл жаттығуларды құрделі жаттығулармен алмастыру керек. Жеке бұлшық ет топтарына түсетін ауырлықты кезектестіріп отырған жөн (мысалы, қолға арналған жаттығулардан кейін кеуденің бұлшық еттеріне немесе аяққа арналған жаттығуларды орындау қажет болады); назарды көп аударуды талап ететін жаттығуларды тың кезде сабактың бірінші жартысында орындауға тырысу қажет; назарды көп аударуды қажет етпейтін жаттығулармен оларды алмастырып отырған дұрыс. Жаттығулардың өсерлі болуы тез шаршатпайды, мұны берілетін жүктемені мөлшерлеу кезінде еске алу керек. Денеге түсетін ауырлықты, сабактан сабакқа бірте-бірте арттырған жөн, жүктемені мөлшерлеген кезде, оның жүйелі және дәйекті болуын мейлінше сақтап отыру керек. Ер балаларға арналған жаттығулармен салыстырғанда, қыз балаларға арналған жалпы (бірқатар жаттығуларда) және жекелеген мүшелерге түсетін жүктеме жеңілрек болуы қажет.

Дұрыс іріктелеп алынған дene жаттығулары ағзаның қалыпты, жүйелі қызметіне жағымды өсер етпек.

#### **4. Өзін-өзі бақылаудың қарапайым дағдылары**

Өзін-өзі бақылау деп дene жаттығуларының өр түрімен айналысқанда, жаттығушының өз денсаулығы жағдайын өзі бақылау үшін жүргізетін кейбір іс-әрекеттерді түсінеміз. Өзін-өзі бақылау – дөрігерлік тексеру ісіне, өсіресе, денсаулық жағдайын мүқият және жүйелі бақылауга бағалы көмек береді. Өзін-өзі бақылауды жүргізу окушының дene жаттығуларымен айналысуға деген саналы көзқарасының көрсеткіші болып табылады. Өзін-өзі бақылаудың көмегімен өр окушы және дene тәрбиесінің мұғалімі денсаулық жағдайына, жынысына, дene дамуы мен дene даярлығы деңгейіне сәйкес жаттығуды жоспарлап откізе алады. Мұндай бақылаудың үйымдастырылуы оқу мен спорттық нәтижелерге, ақыл-ой және дene жұмысы қабілеттілігіне жағымды өсер етпек.

Өзін-өзі бақылаудың міндеттеріне жататындар:

- өз денсаулығына, дene жаттығуларының гигиенасына өте мүқият қарауды үйрену;
- бойларында жеке және қоғамдық тазалықтың қажетті дағдыларын қалыптастыру;
- дene жаттығуларымен айналысада өзін-өзі бақылаудың қарапайым әдістерін менгеру;
- өз бойындағы өзгеріс мәліметтерді тіркең, бағалай білуді үйрену;
- дөрігер және дene тәрбиесінің мұғалімімен өте тығыз байланыста болу;
- дөрігерлік тексерудің қорытындыларын толықтыру және нақтылау;
- өзін-өзі бақылау нәтижесіндегі мәлметтерді дene дамуының дәрежесін, жаттыққандық деңгейін және денсаулық жағдайын анықтау үшін пайдалана білу;

Өзін-өзі бақылау негіздерін үйрене отырып, оны күнделікті өмірде пайдалана білу қажет.

Дене шынықтырумен айналысу кезеңінде арнайы күнделік жүргізу – өзін-өзі бақылау жасаудың ең қолайлыштырылған жағдайы. Қандай көрсеткіштерді алу керек, оларды үнемі қалай есептеу қажет, өзін-өзі бақылау күнделігін аптасына неше рет толтыруға болады.

Өзін-өзі бақылауды 3-сыныптан бастауга болады. 3-4-

сынып оқушылары, үйқы мен тамаққа тәбет, бой мен салмақ секілді төрт көрсеткішті негізге ала отырып, өзін-өзі бақылаудың ең қарапайым өдістерін пайдалана алады. 5–6-сыныптар үшін жоғарыда айтылғандарға өзін-өзі сезіне білуді, көңіл-күйді, сонымен бірге тамыр соғысы мен тыныс алуды қосуға болады. 7–8-сыныптар үшін демігу мен жаттығуға құлшынысты, қол күші мен өкпе сыйымдылығына қосымша енгізу керек. 8–11-сыныптар үшін шаршау мен жұмыс қабілеттілігіне, спорттық жарыстар мен байқау нәтижелеріне (мысалы, Президенттік сынамалар нормативтерін) қосымша енгізуге болады.

Сөйтіп 3–4-сынып оқушылары – төрт, 5–6-сыныптар – сегіз, 7–8-сыныптар – он екі, 9–11-сынып оқушылары – он алты көрсеткішті белгілейді. Жағдайға байланысты (мысалы, дәрігерлік кабинетте динамометр, спидометрдің болмауы және т. б.) көрсеткіштер саны аз болуы да мүмкін.

Күнделік көп жағдайда қалай толтырылады? Бұл алдағы міндеттер мен жас мөлшеріне байланысты. Кіші жастағылар күнделікті аптасына бір рет, жоғары жастағылар екі-үш рет, ал күн сайын жаттығатын балалар күнбе-күн толтырып отырулары керек. Күнделікті толтыру жиілігі қойылған міндеттерге де байланысты. Егер бір не соған үқсас өзге бір жаттығу ағзаға қалай өсер ететіндігін білгің келсе, онда жаттығуға дейін (тыныштық жағдайда) және жаттығудан кейін бақылау жасалады; жаттығудан (жарыстан) кейін ағзаның күші қалпына келген-келмегендігін білу үшін, жаттығудан (жарыстан) кейін іле, үйқыдан кейін тәңертең және 24 сағаттан кейін тікелей бақылау жүргізу қажет болады.

Өзін-өзі бақылауды екі бала болып жасаған ыңғайлышы: біреуі өлшейді, екіншісі нәтижені жазады; осыдан кейін орындарын (рөлдерін) алмастыруға болады. Зерттеудің бір бөлігін топтық бақылау көмегімен (мысалы, бір сыныптағы оқушылардың жартысы екінші топтағылардың тамыр соғу жиілігін санайды және өзара орын алмастырады) жүзеге асыруға болады.

Дене шынықтыру сабағының барысында дәрігер немесе дене тәрбиесінің мұғалімі өзін-өзі бақылау күнділігін үнемі тексеріп отырады және оған талдау жасайды.

Өзін-өзі сезіне білу дене жаттығулары өсерінің жақсы

көрсеткіші болып табылады. Оқушылар кейде өте ауыр оқу жүктемесі кезінде, жаттығудан, жарыстардан кейінгі шаршағанда, үйқы қанбаған жағдайда өзін нашар сезінеді. Ақыл-ойдың, дененің зорланып жұмыс атқаруы денсаулық жағдайына, жасына, жынысына, дene дамуына жөне жаттығу дөрежесіне қашалықты сөйкес келмесе, өзін-өзі сезіну де соншалықты төмен болмақ. Күнделіктे өзін-өзі сезіну: жақсы (күшті, сергек сезіну), қанағаттанарлық (күш-қуаттың шамалы төмендеуі, кейбір босандық), қанағаттанарлықсыз (елеулі өлсіздік, селқостық, қажығандық, бастың ауыруы, бастың айналуы) деп белгіленеді.

Әдетте, дene шынықтырумен айналысқан әрбір адам қуаныш, сергектік, өз күшіне сенушілік сезіміне бөленеді, мұның өзі көптеген оқушыларды жаттығуға қызықтырады. Көңіл-күйді: *жақсы көңіл-күй, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз* деп бөледі.

Үйқы жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруге жағдай жасайтындықтан, демалыстың жақсы түрі болып табылады. Үйқыны бақылай отырып, оның сипатын да анықтай білу керек. Оянғаннан кейін тыныққандық пен сергектік сезімін, тез үйықтап кетуді, ештеңені сезбей («қатты үйықтап қалыптын»), жайбақат үйықтауды қалыпты үйқы деп есептейді. Жаттығулар, жарыстар сынақтар мен окудың күрделі кезіндегі үйқы 9 сағаттан кем болмағаны жөн. Қалыпты үйқы ширақтық пен жұмыс қабілеттілігін өкеледі, күш-қуатты толықтырады. Үнемі үйқының қанбауы, үйқысыздық, жиі ояну, қорқынышты түс көру, үйықтап тұрганнан кейінгі қалжырағандық сезімі, оку тапсырмаларының шамадан тыс болуынан, жүйке жүйесінің шаршауынан, оның қажуынан, шамадан тыс жаттығудан болуы мүмкін. Күнделікке үйқының сапасы мен үзактығы туралы мәліметтер тіркелуі керек.

Шаршау – бұл жұмыс қабілеттілігінің төмендегенін сипаттайтын, іс-әрекет нәтижесінде туындаитын ағзаның жағдайы. Жаттығулар мен жарыстарға үздіксіз қатысу (кейде бірнеше апта бойына) көп күш жұмсауды талап етіп, жүйкені титықтатады. Шаршағанда жұмыс қабілетінің төмендейтіндігі түсінікті. Спорттық режимді сақтағанда, жеткілікті демалғанда, қалыпты үйқы мен тамақтану

нөтижесінде жас спортшылардың ағзасындағы жұмсалған күш-куат қалпына келеді. Шаршау жағдайы құнделікке әрбір сабактан кейін: *шаршаган жоқынын, аздап шаршадым, қатты шаршадым; жаттығудан кейінгі келесі күнге: шаршагандық жоқ, өзімді-өзім сергек сезінемін* немесе *толық демалғаным жоқ, аздап шаршагандық бар, елеулі шаршагандық бар* секілді етіп жазылады.

**Жұмыс қабілеттілігі** денсаулық жағдайы, дene дамуы, жаттыққандығы мен дene даярлығы деңгейі сонымен бірге шаршау мен күш-куаттың қалпына келу жылдамдығы дәрежесі секілді көп жағдайларға байланысты. Бұл екі процесс (шаршау мен қалпына келу) өзара біріне-бірі себепші болады. Сөйтіп, жаттығу процесі мен одан кейінгі демалатын кезең ағзаның функциональды мүмкіндіктерін кеңейтетін және жұмыс қабілеттілігін арттыратын біртұтас процесті құрайды. Кұнделікке жұмыс қабілеттілігін жогарылады, *орташа, төмендеді* деп белгілейді.

**Тәбет.** Дені сау окушы өдеттегі қалыпты тәбетке, ал дene жаттығуларымен айналысатын окушы өте жақсы тәбетке ие. Алайда кейде дұрыс жаттықлаған жағдайда, денеге артық күш түсірілгенде, режим сақтамағанда және т. б. жағдаларда жас спортшының асқа зауқы соқпайды, тәбеті болмайды, асты зорланып ішеді. Тәбеттің болмауы сырқаттануға да өкелуі мүмкін. Әрбір нақты жағдайда бұл мәселені мектеп дәрігері шешеді. Құнделікті тәбетті *жақсы (қалыпты), қанагаттанарлық (тұракты емес), нашар (тәбеттің жоқтығы, тамақтан жиіркену, шөл қысу)* деп белгілейді.

Дене шынықтырумен айналысуға немесе жаттығуға құлшыныс денсаулығы мықты балалар мен жеткіншектерге тән. Дене шынықтыру және спортпен айналысуға деген құлшыныс денсаулықты нығайту мен тұрмыс-тіршілікке қажетті өрекеттерді арттырудың өте маңызды көрсеткіші және, керісінше, мұндай үмтілістің болмауы – қажудың, көп жаттығулардың белгісі. Бақылау құнделігіне *ракат, бәрі-бір* («ықылассыз»), *ықылас жоқ, селқостық, спортпен айналысуды жеккөрушілік* («долты тілгі көргім келмейді») деп белгілейді.

Өзін бақылау мақсатындағы дene дамуы мен оның өзгерістерін бақылауда іс жүзінде бой, салмақ кеуденің және белдің өлшемі секілді антропометриялық көрсеткіштер пайдаланылады. Бұл мәліметтерді өкпені (тыныс алудың

жілігі,), жүректі (жүрек соғысы) және бұлшық ет жүйесін (қолдың күшін өлшеу) зерттеумен толықтыруға болады.

Өзін бақылаудың негізгі міндеттеріне жататындар: өз дене дамуының дөрежесін анықтау, дене құрылышындағы ақаулықтарды немесе дене дамуындағы кейін қалушылықты білу, спортпен үнемі айналысу өсерімен болатын дене дамуындағы өзгерістерді бақылау. Әркімнің бойларының биіктігін, денелерінің салмағын, кеудесінің өлшемін, өкпесінің сыйымдылығын, қол күші секілді дене дамуының көрсеткіштерін білгендері дұрыс. Мұндай өлшеулерді белгілі бір уақыт аралығынан кейін күнде (оку жылышында) және көктемде (оку жылышында аяғында) жүргізу қажет. Осында алынған мәліметтер ұзақ уақыт бойы дене жаттығуларымен жүйелі айналысу өсерінен дененің дамуы қандай өзгерістерге ұшырағандығын көрсетеді.

Дене шынықтыру жаттығу өсерінің, нәтижелерін тәмендегілерден білуге болады: 1) сергек көніл-күй, өзін тамаша сезіну; 2) сергіткен қатты үйқы; 3) шаршаудың аз болуы және күш-қуаттың жылдам қалыпқа келуі; 4) ақыл-ой және дене жұмыс қабілеттілігінің артуы; 5) жаттығу мен жарысқа қатынасуга деген құлшыныс; 6) асқа тәбеттің ашылуы; 7) дене салмағының артуы; 8) күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділік секілді дене қасиеттерінің жақсаруы; 9) өкпе сыйымдылығының өсуі; 10) спорттық нәтижелердің жақсаруы.

Өзін-өзі бақылау қолайлы өдістер және құралдардың көмегімен өз денсаулық жағдайын жүйелі түрде бақылап отыру жаттығу барысының тиімділігін, ондағы мүмкін болатын ауыртпашилықты анықтауға және қажет болса, жаттығу реттілігін өзгертуге мүмкіндік береді.

Ағзада жүріп жатқан өзгерістердің ең қаралайым және хабар беруші көрсеткіші – тамыр соғуындағы өзгерістер. Тамырдың соғуын ертеңгілік төсекте жатқанда санау қажет. Жүйелі жаттығуды жаңа бастағандар үшін оның соғуы жыл бойында орта есеппен минутына 7–10-ға дейін біртіндеп азаяды. Сөйтіп тамырдың соғуы минутына 60 және одан да тәмен болуы мүмкін.

Тамырдың соғуын бақылауды жаттығу барысында (өзіне онтайлы ауырлық күшті анықтау үшін) және ол аяқталған-

нан кейін (қайта қалпына келу мерзімін анықтау үшін) жүргізеді. Орта есеппен 10–30 минут шамасында бастапқы қалыпқа келуге болады. Жылдам қалыпқа келу жақсы жаттыққандықтың көрінісі жөне ағза жағдайының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Тыныштық жағдайында тамыр соғудың жиілеуі, оның қалыпқа келуінің баяулауы, ырғағының бұзылуы шамадан тыс күш түсудің нәтижесінде болуы мүмкін. Бұл белгілерге көп жағдайда жүрек тұсы маңындағы жағымсыз сезінулер, үйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы секілді өзге де ауыртпашилықтар қосылады. Тыныс алудың жиілігін көкіректің тәменгі жағына қолды басу арқылы анықтауға болады. Жақсы жаттыққан жағдайда тыныштық жағдайындағы тыныс алудың жиілігі азаяды, бастапқы деңгей дәрежесіне дейін қалыпқа келу шапшандайды. Тұрақты дене жүктемесінде тыныс алудың жиілеуі жөне қалыпқа келудің үзаққа созылуы шамадан тыс күш түсінің немесе сырқаттанудың нәтижесі болуы мүмкін. Өзін-өзі бақылаудың мәліметтерін күнбе-күн жазып есепке алып отырса, онда оның тиімділігі артпақ. Өзін-өзі бақылау күнделігі екі бөлімнен тұрады. Біріншісінде жаттығу жұмыстарының көлемі, қарқындылығы жаттығу аяқталғаннан кейінгі тамыр соғысының қалпына келу мерзімі секілді жаттығудың мазмұны мен сипатын белгілейді (1-кесте).

Екінші бөлігінде асқа деген тәбеттің болу-болмауы, үйқының жағдайы, жұмыс қабілеттілігі жөне т. б. жалпы жағдай сипаты өткен күнде денеге түскен ауырлықтың (жүктеменің) көлемін белгілейді (2-кесте).

Егер жаттығудың негізгі бөлігінде көп жұмыс жасалған болса, онда өткен күнгі жүктеме үлken көлем есебінде бағаланаады.

Өзін-өзі бақылау күнделігінде тіркелген негізгі нәижелерді толығырақ қарастырып көрелік.

Өзін-өзі сезіне білу көп жағдайда адамның дене жөне психикалық шынайы жағдайына сәйкес келеді. Сергектік, жақсы көңіл-күй, жаттығу мен еңбекке үмтүлышты сезіну жалпы жөне жеке жаттығу режимінің дұрыстығы туралы хабар береді. Шаршағанда, шамадан тыс жаттыққанда жөне ауырғанда көңіл-күй тәмендейді, дене жаттығуларымен айналысуға деген үмтүлыш болмайды, кеуденің, бұлшық еттердің ауыруы мүмкін.

Қалыпты жөне өз мәніндегі үйқы ағзаның жалпы

жағдайының жақсы екендігін білдіреді. Адамның үйқысы күш-қуатты қалпына келтіру үшін қанша қажет болса, сонша үйықтауы керек.

### 1-кесте.

#### Өзін-өзі бақылау күнделігі (1—бөлім).

Жаттығу кезеңі	Көрсеткіштер	Кыркүйек			
		1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
Сабакқа дейін	Тыныштықта 1 минуттағы тамыр соғысы	78	20	80	78
	Тыныштықта 1 минуттағы тыныс алу саны.	18	60	18	18
Қыздыры- ну	Гимнастикалық жаттығулар саны орындау уақыты, (минут).	130 10 120-	9 120 122-	90 10 122-	100 10 122-
	Орындау кезіндегі тамыр соғуы қалыпқа келу (минутына 90—100 рет соғуға дейін).	130		130	130
Негізгі бөлім	Жұғіру, км.	3,5	2	2,5	2,5
	Орындау уақыты, (минут).	17	12	13	12
	Жұғіру кезіндегі тамырдың соғуы, қалыпқа келу уақыты (минутына 90—100 соғуға дейін).	138	126	126	126
	Үдетіп (тездетіп) жұғіру (100 м бөліктер), қайталау саны.	4,5 6 20	4 — —	3,5 3 22	3,5 4 21
	Бөліктерді жұғіріп өту уақыты.	10	—	9	10
	Орындауға кететін жалпы уақыт, (минут).	154	—	144	144
	Үдетіп жұғіргеннен кейінгі тамыр соғысы.	160 2,5-3	—	150	150
	Калыпқа келу уақыты (минутына 90—100 рет соғуға дейін).	— 1,0 1,5	— 1,0 1,5	— 1,0 1,5	— 1,0 1,5
	Жүріспен алмасатын баяу жұғіріс, км.	7-10 114	8-12 112	7-10 122	7-10 110
Қорытын- ды бөлім	Орындауға кететін уақыт, мин.	22	20	19	19
	Жаттығуды орындау кезіндегі тамырдың соғуы.				
	Бастапқы қалыпқа дейінгі жағдайға келуге кететін уақыт, мин.				

**2-кесте.**

**Өзін-өзі бақылау күнделігі (2-бөлім).**

Көрсеткіштер	Қыркүйек			
	1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
Откен күні денеге түсken ауырлық. Таңертентілік тәсекте жатқандағы тамыр соғысы. Бір минуттегі тыныс алу жиілігі. Өзін сезінуі.	орташа 74  16  жақсы	көп 78  18  нашар журек маңында жағымсыздықты сезіну	калыпты 76  17  қанағат танарлық	орташа 74  16  жақсы
Үйқы. Тәбет. Тер шығару. Жұмыс қабілеттілігі	жақсы 8-сағат жақсы калыпты жоғары	нашар, 6 сағат, көп уа қытқа дейін үйқата алмайды нашар көп төмендеген	қанағат танарлық 7-сағат қалыпты қанағат танарлық	8-сағат жақсы калыпты жоғары
Дененің салмағы (кг). Өкпенің сыйымдылығы (мл). Динамометрия, кг (кол күші) Бір минуттегі канайналысының келемі. Жаттығуға деген құлышыныс.	55  3200  47  2600  жоғары	54,2  3000  43  2900  жоқ	55  3100  44  2700  бар	55  3200  47  2500  жоғары

Үйқының келмеуі, түнде қайта-қайта ояну, ертеңгілік селкостық және бастың ауруы денсаулық жағдайында қайсыбір жағымсыздықтың болғандығын білдіреді. Егер үйқының нашарлауына жаттығу барысындағы ауырлық күш себеп болса, басқа себептер болмаса, онда денеге түсетін ауырлық күшті азайту қажет, 1–2 жаттығуға қатыспау керек.

Асқа тәбет, тамақ, қажеттілігін сезіне білу адам жағдайын дәл сипаттай алады. Дені сау адамның, өдегте, асқа тәбеті жақсы болмақ. Өсіресе, тәңертең асқа тәбеттің болуы маңызды деп есептеледі. Өдегте, ол оянғаннан кейін 35–45 минуттан кейін байқалады. 2 – 3 сағат бойы асқа тәбеттің болмауы артық жаттығудың, үйқының қанбауының, асқазан жолдарының, т.б. ауруының нәтижесі болуы мүмкін. Тәбеттің жақсаруын, ағзада тәбеттің болу-болмауын өзге де көрсеткіштермен бірге қарастырған жөн болады.

**Денениң салмагы.** Нормаға сәйкес келетін, турақты салмақта қалыпты спорттық және жаттығу режімінің көрсеткіші болып табылады. Оны тәуліктің тек белгілі бір уақытында, өсіресе, аш қарында тексерген жөн болады. Өйткені салмақтың тәулік ішінде бірнеше рет өзгеруі және өр түрлі уақыттағы өлшемен дұрыс қорытынды бермеуі мүмкін. Салмақтағы ауырлықтың болуы дене белсенділігінің жеткіліксіздігі, асқа тәбеттің бұзылуы, ісіну себептерінен болуы мүмкін. Жаттығудан кейінгі салмақтың тез төмен тусуі – шаршай бастағанның белгілерінің бірі.

Тер шығу – ағзаның жеке ерекше белгісі. Біреуларде ол көп, екінші адамдарда өте аз болады. Дене шынықтырумен айналысадың бастапқы кездерінде ол өрқашан мол болмақ. Көбірек жаттыққан және тамақ пен су ішүү режімін сақтаған сайын денеге түсетін ауырлық күшке қарамастан, тер азаяды. Қалыпты жүктеме кезінде де оның кебеюі – сырқаттану немесе артық шаршаудың белгісі. Ол жағдайда денеге түсетін ауырлықты азайтып, дәрігермен кенескен жөн.

Жұмыс қабілеттілік – жақсы дене даярлығы мен психикалық жағдайдың жалпы көрсеткіші. Дене жаттығуларын дұрыс мөлшерлеу, қалыпқа келудің өз мәнінде болуы, жаттыққандық жұмыс қабілеттілігіне міндетті түрде өсер етеді. Еңбек ету қызықты, тартымды болады, белгілі бір жұмыс көлемін аз уақытта, аз күш жұмсап қана орындауга болады, іс-кимында белсенділік танытылады.

Корыта айтқанда, өзін-өзі бақылаудағы өр түрлі көрсеткіштердің жиынтығы ағзаның жаттыққандығын, не жаттықлағандығын және денсаулық жағдайын дәл сипаттап бере алады. Өте мүқият жүргізілген өзін-өзі бақылау жылына 2 рет өткізілетін дәрігерлік бақылауды алмастыра алмайды, дегенмен де өрбір адам өзін-өзі бақылауды жүзеге асырып жүргені жөн болады.

## **Сұрақтар**

1. Дене мүсіні дегенді қалай түсінесіндер? Оған нелер жатады?
2. Тұрғындардың дене даярлығының Президенттік сынамаларының мақсатын қалай түсінесіндер?
3. Президенттік сынамалардың Ұлттық деңгейі және Президенттік деңгейі қандай адамдарға арналған?
4. Қажуды білдіретін белгілерді атандар.
5. Өзін-өзі бақылауды қалай түсінесіндер?

## **Тапсырмалар**

1. Ағзаның қалыпты өсіп дамуы мен қызмет істеуі үшін ірікте алған дене жаттығулары өр түрлі болсын.
2. Шамадан тыс күшке түсетін ауырлықтар бойдың (сүйек ұзындығының) есуін тежейтіндігі естерінде болсын.
3. Жаттығуларды орындау санын жаттығудан жаттығуға біртіндеп арттырындар.
4. Жылyna екі рет (күзде және көтөмде) бойдың ұзындығын, денениң салмағын, т. б. өлшеп тұрындар.

## **II. ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА**

### **1. Қауіпсіздік және жарыс ережелері**

Жеңіл атлетика мектептегі дене тәрбиесінің ең негізгі бір құрамы болып табылады. Жеңіл атлетикасыз мектептегі дене тәрбиесінің бірде-бір сабағы өткізілмейді десек те болады. Соңдықтан ол өзінің сан салалалығына және кең ауқымдылығына байланысты «спорт падишасы» деп аталады. Бұл өте дұрыс қойылған атау, өйткені жеңіл атлетиканың элементтері спорттың барлық түрлерінде қолданылады.

Жеңіл атлетиканың жаттығулары бес түрге бөлінеді: спорттық тәсілмен жүру, жүгіру, секіру, лақтыру (ядро, диск, найза, граната) және көп сайыс. Жүгіру мен жүру – күнделікті өмірде көп кездесетін дене жаттығуларының табиғи түрі. Осы екі түрімен күнделікті жаттығу адам денесінің негізгі мүшелері мен жүйелерінің қызметіне жақсы өсерін тигізеді. Жүрек тамыр жүйесін нығайтады, тыныс алу мүшелерінің қызметін жақсартады, бүкіл ағзаның төзімділігін арттырады. Жеңіл атлетика спорттық түрлі қимылдарға қажетті жеделдікті, күштілікті, икемділікті, шыдамдылықты жетілдіреді.

**Женіл атлетикадан сабактар откізу үшін, жүгіретін жолдардың ені 1 м 25 сантиметрден кем болмауы қажет, жолдардың аralығы 5 см сызықпен (әдетте, ақ сызықпен) белгіленеді, старттың алдында 3–5 м бос жер, ал мәреден кейін 12–15 м бос жер болу қажет.**

**Екпін алып секіретін орында 45 метрдей жүгіру жолы, секіріп түсетін 6x8 м шұнқыр болуы керек. Шұнқырдағы қопсытылған құмның (оптикалық) терендігі 40–50 см шамасында болады.**

**Гранат лақтыратын орынның ені – 10 м.**

**Женіл атлетика сабағындағы қауіпсіздік ережелері: сағат тіліне қарама қарсы аланды айналып, бір бағытта жүгіруге рұқсат етіледі; ұзындыққа секіргенде, алдынғы секіруші секіретін шұнқырдан кеткеннен кейін ғана, келесі бала секіре алады; екпін алып биіктікке секіргенде, сол және он жақтан екпін алып жүгіру кезегін сақтау қажет; допты және гранатты лақтырар уақытта, жаттығушыларды екі топқа бөліп, қарама-қарсы тұрғызуга тіпті де болмайды, мұғалімнің командасы бойынша бір бағытқа лақтыруға болады, доптар мен гранаттарды жинау команда арқылы ғана жүзеге асырылады.**

**Салқындау ауа райы жағдайында (+15°-тан төмен болса) женілдеу жаттығу костюмін киу қажет болады. Кроссовка немесе кеда – женіл атлетика үшін ең тәуір аяқ киімдер.**

**Сынып жоғарылаған сайын окушылар төрешілік етуге, қоғамдық-нұсқаушы міндеттерін атқарып, мұғалімге көмекші болуға төсөледі. Осы мақсатта жарыс ережелері ұсынылып отыр.**


**Жүгіру жарыстарының ережелері.** Жарысқа қатынасушыларды сөреге орналастыру жеребе бойынша анықталады. Команда старт алдында берілетін «Сөреге!», «Дайындал!» сөздері арқылы беріледі, одан кейін «Жүгір!» командасы айтылады немесе старт тапаншасы атылады. «Дайындал!» командасынан кейін қатынашулылар кез келген қозғалыс-қымылды тоқтатады. «Жүгір!» командасы айтылғанша немесе старт тапаншасы атылғанша жүгіріп кеткен қатынашулы жарыс ережесін бұзған болып есептеледі. Төреші оған ескерту жасайды. Егер ол қатынашулы екінші рет ережені бұзса, жарыстан шығарылады.

Қашықтық бойынша жүгіру кезінде қатынасушы өзінің бәсекелестеріне кедергі жасамауы қажет. Егер бәсекелестерін сол жағынан басып озуға мүмкіндік болмаса, онда оң жағынан басып озуға болады. Бәсекелесіне әдейі кедергі келтірсе (ұстаса, тартса, кідіртсе, т. б.), ол қатынасушы жарыстан шығарылады. Спортшының жолдастарының жарыс кезінде қосарланып жүгірүлеріне болмайды. Эр қатынасушы тек өз жолымен ғана жүгіруге тиіс, өзге жолға түсіп кетсе де, жарыстан шығарылады. Қатынасушы мәре кермесіне қеудесін тигізе немесе мәре сызығын қып өтсе, қашықтықтың жүгіріп өтті деп есептеледі.

Эстафеталық жүгіру кезінде таяқша тек қолдан қолға беріледі. Эстафета таяқшасын бір-біріне лақтырып беруге болмайды. Таяқшаның қолдан түсіп кетуі жарыс ережесін бұзғандық емес, алайда оны тек түсіріп алған жүгіруші ғана көтеріп алуы керек. Таяқшаны берген қатынасушы өзінің қозғалысымен өзгелерге кедергі келтірілмейтін жағдайда ғана, жолдан шыға алады.

Кедергілермен жүгіру бойынша жарыс кезінде кедергінің жанымен жүгіріп кетуге және кедергіден тыс жерден аттап өтуге болмайды (1-сурет). Кедергіні құлатып кету немесе оларға тиіп кету ережені бұзғандық емес.

*Ұзындыққа секіру бойынша жарыс, ережесі.* Жүгіріп екпін алатын жердің ұзындығы шектелмейді. Жүгіретін жолдарының ұзындығын өркім өзі өлшеп алына болады. Ұзындыққа секіргендеге, тақтайшадан серпіледі (2-сурет). Егер тақтайшаның жанынан немесе оны басып өтіп кетіп барып секірсе, онда дұрыс секірмеген болып есептеледі. Өтіп кету серпілу орынын шектеп көрсететін пластилин



1-сурет

немесе күм жолағында қалған ізден көрінеді. Жерге түскениң кейін қатынасушы шұнқырдан алға қарай немесе бір жақта қарай шығып кетуі қажет. Егер ол артқа қарай шегініп шықса, онда секіру болған жоқ деп есептелінеді. Сөтті секірісті төрешінің «есепте» деген командастынан кейін өлшейді. Сөтсіз секірісте төреші тарапынан «жоқ» деген команда беріледі. Секіру нәтижесі секірушінің кез келген дене мүшесі шұнқырда (құмда) қалдырыған жақын мандағы ізден бастап өлшенеді (3-сурет).

Өлшеу серпілетін орынға рулетканы тіке тарту арқылы өлшенеді, бұл ретте ұзындықты өлшейтін құралдың (рулетканың) нөлдік белгісі секірушінің түсін жеріне қойылады. Ұзындыққа секірудегі барлық нәтижелер тұтас сантиметрмен анықталады (нәтижені аз жағына дөңгелектеп отырып). Әрбір секіруші үш рет қана секіреді. Есепке төуір нәтиже ғана алынады. Кімнің нәтижесі жақсы болса, сол жеңімпаз болып есептеледі. Егер екі немесе одан да көп қатынасушылар бірдей нәтиже көрсетсе, онда қалған секірулерде кімнің көрсеткіші жақсы болса, сол жеңімпаз деп танылады.


**Биіктікке секіру бойынша жарыстар ережелері.** Кергінің бастапқы биіктігі неше метр болатындығы жарыс ережесінде жазылады. Жоғарғы көрсеткіш көрсету (рекорд) үшін, кергінің биіктігі 1 см сайын көтеріледі. Секіруші бастапқы биіктікten төмен емес, кез келген биіктікten секіруді бастауына болады. Секіруге алғаш шақырылғанда спортшы қандай биіктікten секіруді



2-сурет

бастайтындықтарын мәлімдеуге құқықты. Екпін алып жүгіретін жердің ұзындығына шек қойылмайды. Әрбір биіктікке орнатылған кергіден өту үшін, үш рет секіруге болады. Егер спортшы белгіленген биіктікте кергіден үш секірісте де өте алмаса, онда өрі қарай жарысты жалғастыра алмайды. Берілген биіктікте бір немесе еki секіріс сәтсіз болса, онда қалған еki немесе біr үмтұлысты (попытканы) келесі биіктікте пайдалануға болады. Біr аяқпен ғана серпіліп кергіден өткенде ғана, секіру дұрыс болды деп есептеледі. Егер кергі секіру кезінде құлатылса, жарысуши кергінің астынан өтіп кетсе немесе бағанды (стойка) айналып кетсе, секіру болған жок деп есептеледі (4-сурет). Егер секіру сәтті болса, онда аға төреші «есепте» деп команда береді. Егер секіруші кергіге тиіп кетіп, ол тербеліп тұрса, онда тербелу қашан тоқтағанша, төреші команда беруді кідірте тұрады. Егер секіру сәтсіз болса, төреші «есептеме» не «жок» деген команда береді. Ең жоғарғы биіктікten өтіп, оны менгерген қатынасушы жеңімпаз болып есептеледі. Еki немесе бірнеше қатынасушының нәтижелері тен болса, аз үмтұлыс жасап биіктікті алған қатынасушы жеңімпаз деп танылады. Егер бұл көрсеткіш те тен болса, алдыңғы биіктіктерде аз үмтұлыс жасаған қатынасушы жеңімпаз болады.

*Доп лақтыру бойынша жарыстар ережесі.* Лақтырудада екпін алып жүгіретін жердің ұзындығы шектелмейді. Допты лақтырган спортшының нәтиже өлшенетін сызықтан аттап өтіп кетуіне болмайды. Допты лақтыру ені 10 метрлік коридорда жүргізіледі, ол еki ақ сызықпен белгіленеді. Жарыс төрешілер салмағын тексеруден өткізген доппен ғана өткізіледі. Төрешінің рұқсатынсыз лақтыруға болмайды. Әр қатынасушы тек үш рет қана лақтырады. Доп қолдан немесе лақтырганнан кейін бақылау сызығынан өтіп кетсе, доп төрешінің рұқсатынсыз лақтырылса, доп коридордан шығып кетсе, лақтырылған жок деп есептелінеді. Лақтырылу қашықтығы доптың түскен



4-сурет

жері мен бақылау сызығының арасындағы тұра қашықтық бойынша өлшенеді. Өлшеу кезінде нөлдік белгі доптың түскен жерінде болады. Нәтиже аз жағына дөңгелектей отырып, тұтас сантиметрмен анықталады.

Төрелік ету туралы теориялық мәліметтер тиісті бағдарламалық материалдарды өткенде және арнайы үйымдастырылған семинарларда айттылады, сонымен қатар окулықта айттылғандарды пайдалануға болады.

## 2. Искерлік пен дағдылар

**Бұрылыстар бойынша жүгіру.** Бұрылыстар бойынша жүгіргендеге, кеудені солға-алға қарай енкейтеді; оң қол жүгіру бағытына тіке бағытта қозғалады; сол аяқ жерге табанның сыртқы жағымен, ал оң аяқтың ұшы табанның ішкі жағына сүйене отырып, ішке таман қойылады. Бұрылыстар бойынша жүгіруді менгеру үшін, жүгіру барысында жіберілген қателерді түзете отырып, бастапқы кезде тек бұрылыстармен көп қайтара жүгіріп дағдыланады. Өйткені, 200, 400, 800 және т. б. үлкен қашықтықтарға жүгіргендеге, бұрылыстармен жүгірудің түпкі нәтижеге өсері бар.

**Эстафеталарды беру.** Эстафета таяқшасын алда жүгірушінің оң қолына төменнен оң немесе сол қолымен береді (5-сурет). Беру үш сызықтан тұратын 20 м қашықтықта қабылдаушы тұратын сөрелік, беруші кесіп өткенде, қабылдаушы жүгіре бастайтын аралық (гандикаптық) және сонғы, берушіден эстафета таяқшасын

қабылдап алмайынша қабылдаушының отіп кете алмайтын шектеулі сыйығында жүзеге асырылады. Міндег мынада: қабылдаушы эстафета таяқшасын беру аймағында елеулі шапшаңдыққа жеткенде ғана, қабылдап алуы керек.

Таяқшаны беруді үйрену үшін, төмендегідей жаттығулар орындалады:

1. Орнында тұрып таяқшаны беруді үйрену. Оқушылар екі-үш лекке тұрады, бір-екіге санап, есеп жүргізеді. Артта тұруши таяқшаны он (сол) қолына алады. Бірінші нөмірлердің бәрі он қолдарын артқа жіберіп, алақандарын жаяды. Артта тұрған оқушы белгі беріп, алда тұрған оқушының қолына таяқшаны ұстатаады; ол өз кезегінде келесі балаға береді. Таяқша бастаушыға жеткеннен кейін, барлығы да бір мезгілде кейін бұрылады және таяқшаны беру кері бағытта басталады.

2. Бұл да сондай, тек бірақ жүріс кезінде орындалады.


3. Бұл да сондай, тек баяу жүгіріс кезінде атқарылады.

4. Бұл да сондай, тек жұмыспенен орындалады.

5. Оқушылар жанындағы жүгіру жолдарының санына қарай командаларға бөлінеді. Беру аймақтары сыйылады. Оларда әр команда өздігінен жаттығады.

6. Эстафеталық жүгіруден жарыс өткізіледі.

**Көп кездесетін қателер:** таяқшаның ортасынан ұстau, эстафетаны қабылдаушының қолынан түсіруі; эстафетаны



5-сурет

беруге дейін таяқшаны берушінің жүгіріс шапшандығын баулатуы; беру аймағында старт сзығының тиімсіз орналасуы; эстафетаны бергеннен кейін, жолдан шығып кету (бұл үшін ережені бұзған команда жарыстан шығарылып тасталады). Қателіктерді жоғарыда баяндаған жаттығуларды үйрену кезінде жоюға болады.

**Ер балалар үшін кедергілер:** сөреден шығу; 20 м жүгіру; ені 2 метрлік ордан қарғу; бөрененің үстімен жүгіру; үш сзықтан тұратын биіктігі 1,5 м қорғаннан (шарбақтан) кеудені тіреліп өту; 2 м ордан қарғып өту, қорғанға тіреліп қойылған биіктігі 2 метрлік басқышпен жүгіру; секіріп түсіп кері бағытта 30 м жүгіру.

Барлық кедергілерден өту алдыңғы сыныптардың бағдарлама материалдарынан таныс. Басқышпен жүгірудің ғана ерекшелігі бар. Бұл элементке үйрену басқыштың еңкіш бұрышын 2 метрлік қорғанның биіктігіне дейін бірте-бірте арттыруға келіп саяды. Кедергілер алабынан өтуді жетілдіруде әркім өзінің жеке ерекшелігіне байланысты кедергілерді өте білу іскерліктерін қайталауы тиіс.

Жарақаттанбас үшін, кедергілерді (бөрененің үстіндегі бетінің құрғақ болуы, дуалдың берік болуы), снарядтар мен түсестің жердегі басқышты (қопсытылған топырақ) даярлау қажет. Бөренемен жүгіргендеге және дуалдан өтерде, ерекше мұқият болу керек. Үлғал ауа райында бөренемен жүгіруге болмайды.

**Елеулі қателер:** кедергілер алабында орындалатын элементтердің бірінің орындалмауы; қозғалыс қимылдары техникасының негізгі кескіндемелерінің (сызбасының) бұзылуы.

**Жеке екпін ала отырып, спорттық тәсілмен ұзындыққа секіру.** Жеке екпін алушы іріктең алу белгілілігіне үйрену жүгірудің басталуын корсететін 13–22 метрлік белгіден жүгіруден басталады. Екпін алушы бар екпінмен орындалап, серпілуді қолайлы жерден жасау керек. Серпілетін жерге жетпей немесе бақылау сзығынан асып кеткенде, жүгірудің басталатын жерін ілгері жылжытып немесе кейін шегеруге болады. Осы жаттығуды қайталау арқылы серпілетін орынға тұрақты тұрде түсуге қол жеткізіледі. Содан кейін жүгіру жолының ұзындығын рулеткамен немесе табан санымен олшнейді және келесі сабактарда екпін алушың белгіленген жерінен жүгіріп, секіруді жалғастырады.

Екпін алатын жердің қашықтығы ауа райы жағдайына, секірушінің жағдайына, оның дене даярлығына байланысты өзгеруі де мүмкін.

Әрбір ретте тиісті қадамдардың арасын бірдей ете отырып, бір шапшандықпен жүгіргендеге ғана, серпілетін орынға дәл түсуге болады. Бақылау белгісін (сызығын) басып кетпес үшін, бақылау сыйығына 7—9 қадам сайын тиісті белгілерді қою ұсынылады.

Секіруді 15—20 рет қайталау қажет болады. Дөрігерлік даярлық тобындағы оқушылар немесе жақында ғана науқастанып тұрған жеткіншектер мұндай секірулерден босатылуы немесе жаттығу санын азайтып, өрі кеткенде, 7—10 рет қана орындауы мүмкін.

Жарақаттың алдын алу үшін секіретін шұнқырды жақсылап қосытып, өткір, үшкір заттардан тазарту керек, оқушылардың аяқ киімі топырақпен жақсы ұстасатында болуы қажет.

Жеке екпін ала отырып спорттық тәсілмен биіктікке секіру. Жеке екпін алуды және жаттығуларды мөлшерлеуді таңдал алу, жарақаттың алдын алу шаралары және іскерлікті менгеруді бағалау жүгіріп келіп ұзындыққа секіруге үқсас.

*Ені 10 м коридор бойынша кіши доп лактыру.* Негізгі назар ұзындығы 10—15 м қашықтықтан жеке екпін алуды таңдал алуға, оның шапшандығын арттыруға, лактырудың негізгі элементтерін жетілдіруге аударылады. 10 метрлік коридор бойынша допты лактыру біліктілігін менгеру үшін, әр түрлі нысаналар мен бағыттар бойынша лактыру жаттығулары қолданылады. Коридордың ені бастапқыда 20 метрлік етіп алынып, ол бірте-бірте 3 метрге дейін азайтылады. Жүгіру шапшандығын (баяу жүгірістен жоғарғы шапшандыққа дейін), оның қашықтығын (3 қадамнан 20 қадамға дейін), доптың салмағын (200 г дейін), нысанаға дейінгі қашықтықты (10 метрден 20 метрге дейін) өзгертуге болады.

Осылардың өрқайсысының қайталау саны 25—35 ретке дейін жеткізіледі.

Даярлық тобындағы немесе жақында ғана ауырып тұрғандар, денеге түсетін ауырлықты азайту мақсатында екпін алудың ұзындығын азайтады немесе жүгіріп екпін алмай-ақ лактырады.

Жарақаттың алдын алу үшін, доптарды бір бағытқа ғана лақтыру керек және мұғалімнің командасы бойынша ғана лақтыруға болады.

Лақтырганда, еркін және тез сілтеуді қалыптастыруға тырысу керек.

**Ядро лақтыру.** Ядроның салмағы: ерлер қолданатын ядро салмағы – 7 кг 257 г, әйелдер қолданатын ядроның салмағы – 4 кг. Балалар үшін салмақ азайтылады. Ядроны шенберде тұрып, итеріп лақтырады. Шенбердің бұрыш мөлшері 60°. Ядроны бір орында тұрып та, адымдап та лақтырады. Ядро лақтырылатын шенбердің көлемі 2 м 13,5 см болады. Ядроны лақтырган кезде, шенбердің алдынғы бөлігінің ортасында жоғарғы жағынан осы шенберді жауып тұратын ақ түске боялған керпіе ағаш орнатылады. Керпіе ағаштың биіктігі 10 см, ал ішкі жақ шетінің ұзындығы – 1 м 22 см болуы керек.


Керпіе ағаштың ішкі жақ шеті шенбердің ішкі жақ шетімен түйісіп жатуы керек. Керпіе ағаш кішкентай қазықты жерге қағу арқылы орнатылады. Диаметрдің сыртқы жағына лақтыру бағытына перпендикуляр етіп шенбердің екі жағынан да бояумен, әрбіреуінің ұзындығы 20–30 см, екі сзық сзызылып қойылады («мұрттар»).

Ойынға қатынасушыларға да, ойын көрушілерге де лақтырудың көлемін жақсы бағдарлауға мүмкіндік беру үшін, шенбердің ортасынан шенберден қашықтықты көрсететін бірқатар доға сзықтар (сектор) сзылады. Ядроны лақтырган кезде доға сзықтар 6–7 метрден басталып, 14–15 метрде аяқталып, әрбір метрден кейін сзылады (6-сурет). Ядроны лақтыру үшін 18x15 м алаң жеткілікті. Лақтырудың нәтижесі тек ядро сектордың ішіне түскенде ғана саналады, сектордың жоғарғы жағы шенбердің орта түсінда болады.

Найза лақтыру шенберден емес, ені 7 см ағаш тақтайда өткізіледі, сонымен қатар найза лақтырган кезде, оның ұшу бағыты тиісті сектордың жерімен шектеледі, ал гранат және доп лақтырган кезде, коридормен шектеледі.

**Найза** – тең ортасы жіппен оралған металл снаряд. Ерлер үшін салмағы – 800 г, ұзындығы – 280 см. Әйелдер үшін салмағы – 600 г. ұзындығы – 220–230 см.

Найзаны ертеде тамак табу үшін қолданғандығы белгілі.



6-сурет

«Илиадада» ежелгі гректердің найзаны қашықтыққа және нысанага лақтырып жарысқандығы көрсетілген. Найза лақтыру бес сайыс бағдарламасы бойынша біздің эрамызға дейінгі 708 жылы олимпиадалық ойындарға кіргізілген. Найза лақтырудан қазіргі замандағы алғашқы 1-жарыс 1886 жылы Швецияда өтті. Бұл жарыста А. Вигерт найзаны 35,81 м лақтырған. 1906 жылы олимпиада өткізіліп, оның жаңарған бағдарламасына бірінші рет найза лақтыру енгізілді. 1908 жылы техниканың бұл варианты заңдастырылды. Онда найза лақтырушының жүгіріп екпін алу қашықтығына шек қою тоқтатылды. 1912 жылы бірінші дүниежүзілік рекорд анықталды. Э. Лундквист дүние жүзінде алғаш рет найзаны 78,01 метрге лақтырды. 1986 жылдан бастап ерлер жаңа конструкциялы, салмағы бұрынғыдан ауыр найзамен лақтырады. Бұл өзімен бірге спорттық нәтиженің төмендеуіне және снарядтың үшуына аэродинамикалық өзгеріс, ерекшелік өкелді.

Әдетте, найзаны бас бармақ және сұқ саусақпен немесе бас бармақ және ортаңғы саусақпен үстайды. Ал қалған саусақтар найзаны үстaugа көмектеседі. Бұл кезде найзаның


сабы алақанда қиғаш жатады. Бас бармақ пен ортаңғы саусақ шетіне тіреледі. Ортаңғы саусақ басқаларынан ұзынырақ жөне өлдірек. Сондықтан ол лактырылудың жақсаруын қамтамасыз етеді. Найзаны ұстаған кезде дененің буындарын қатты ұстауға болмайды, олай ұсталса, найзаның айналысы азаяды. Екпін алу кезінде, найза иықтан жоғары ұсталады. Бұл кезде найзаның артқы ұшы тәменге қарай бағытталады. Сол қол бұл уақытта өдеттегі жүгірістегідей жұмыс істейді, он қол найзамен тербелмелі қозғалыс жасайды. Лактыру белгісіне жеткеннен кейін, найзаны толық туралап жөне екпінді баяулатпай лактыру қажет. Бағыттау соңғы екі адымнан тұрады. Ол он аяқтың адымынан басталады. Лактырушы иығын онға бүрады және иықтың бойымен найза ұстаған қол түзеледі. Бұл уақытта найза иықтың деңгейінен тәмен түсірілмейді. Қол мен кеуденің арасындағы бұрыш 90°-ты құрайды (7-сурет).

Лактырушының көзі алға, жоғары бағытталады, найзаның ұшы көз деңгейінде болады. Жылдамдықты сақтау үшін, денені тік ұстау керек. Дене қисайған кезде, жылдамдық тәмендейді.

Найза, гранат немесе доп лактырған кезде жүгіріп келетін жолдың ұзындығы 25 метрден кем болмайды, ал оның ені 1 м 25 см болу керек. Ең соңғы 5–6 метрде жол 4 метрге дейін кеңейтіледі.

Тәменде келтіріліп отырған кестеде әр түрлі жастағы қатысушылар үшін лактырылатын снарядтың салмағы беріліп отыр.

	диск (кг)	ядро (кг)	найза (гр)	граната (гр)
1. 13–14 жастағы ер және қыз балалар	1	4	600	500
2. 15–16 жастағы жеткіншектер	1,5	5	600	500
3. 15–16 жастағы қыз балалар	1	4	600	500
4. 17–18 жастағы жасөспірімдер	2	7,257	800	700
5. 17–18 жастағы қыздар	1	4	600	700



7-сурет

**Козғалыс қасиеттерін дамыту.** Шыдамдылықты дамыту үшін, шамамен төмендегідей жаттығулар пайдаланылады. Баяу жүгіріс: қыз балалар – 5 минутқа дейін, ер балалар – 8 минутқа дейін. Қайталап жүгіру: қыз балалар – 60 м (4–6 рет), ер балалар 80–100 м (4–6 рет). Секіргіштен бір орында секіру: қыз балалар – 1 минутта 130–135 рет, ер балалар – 1 минутта 135–145 рет. Секіру уақыты қыз балаларға 2 минутқа дейін, ер балаларға 3 минутқа дейін. Кейін өрбір екі жаттығудан кейін 10–15 секундқа арттырып отыруға болады.

Шапшандық, күштілік қасиеттерін дамыту: 1–2 минуттық аралық демалыспен, бұрын үйренген тәсілдермен 15–20 рет ұзындыққа және биіктікке екпін алып секіру; кіші доптарды қашықтыққа лақтыру және қабырғадан қашыққа шоршытып, 20–40 реттен лақтыру; ішіне 1–3 килограмдық қоқыс толтырылған доптарды 10–20 рет лақтыру; 10–20 метрге секірулерді (4–6 рет) араластырып жүгіру; екі аяқты алмастырып, 20–40 рет секіру.

Шапшандықты арттыру: 20–40 метрге 6–8 рет қайталап

жүгіру; шапшандықты үдетіп 60–100 метрге жүгіру; қашықтығы 60–100 м кезеңдер (этаптар) болатын эстафета откізу; 2–4 кедергілерден өтіп, эстафеталық жүгіру.

Дөрігерлік даярлық тобында есепте туратын және жақын уақытта сырқаттанып тұрған оқушылар денеге түсетін ауырлық – күшті 50% ке дейін азайтуларына болады. Мұндай оқушылар көп. Қайтара секіру мен қайталап жүгіруді жаттығу барысынан шығарып тастауга болады.

### Сұрақтар

1. Женіл атлетикалық жаттығуларды атандар. Олар неше түрге болінеді?
2. Женіл атлетиканың ең көп кездесетін табиги түрлерін атандар.
3. Жарыс кезінде жолдастарның қатарласып жүгірулеріне бола ма?
4. Секірулер кезінде жүгіріп екпін алатын жердің ұзындығы шектеле ме?
5. Қандай ережелерді бұзғанда, дұрыс секіруге есептелмейді?
6. Кедергілерден жүгіру кезінде, кедергінің жанымен және кедергіден тыс жерлермен жүгіріп кетуге бола ма?
7. Эрбір биіктікке қойылған кергіден өту үшін, неше рет секіруге болады?

### Естерінде болсын:

1. Снарядтарды тек бір бағытқа, онда да мұғалімнің рұқсатымен лақтыруға болады.
2. Сөреден жүгіріп шығу ережесін екі рет бұзған жүгіруші жарыс жолынан шығарылады.
3. Снарядты қарама-қарсы (доп, найза, ядро, гранат, диска) лақтыруға болмайды.
4. Жүгіру жолында бәсекелестерге кедергі келтіруге болмайды.
5. Женіл атлетикалық сабактарда қауіпсіздік ережелерін сактандар.

## III. ГИМНАСТИКА

### 1. Теориялық мәліметтер

Еңбек қызметі мен деңе даярлығын жетілдірудегі гимнастиканың маңызы өте зор. Қозғалыс іскерліктері мен дағдылары, сонымен бірге гимнастиканың өр түрлі құралдары арқылы дамытылатын деңе және моральдық ерік қасиеттері адамның күнделікті іс-әрекетінде көң қолдау

табуда. Гимнастика сабағында тепе-тендік сақтау мүшелердің, бұындардың қозғалмалылығының, қозғалыстың, күштің үйлесімділігінің дамып-жетілуіне, еңбек және өскери қызметтің кез келген түрінде көсіби шеберлікті табысты менгеруге көмектеседі. Гимнастика жаңа қозғалыс дағдыларын жылдам менгеру қабілеттілігі секілді қасиеттерді дамытады. Жаңа гимнастикалық даярлығы бар адам күрделі көсіби қымылдарды жеңіл менгереді. Денсаулық пен жұмыс қабілеттілігін арттыру үшін таңертенгілік жаттығуларды жүйелі орындаудағы қымылдың дәлдігі олардың орындалу сапасын жақсартады, Әрбір қымыл үнемді және мақсатты болады.

Оку күні барысындағы гимнастика шаршау сезімін жоюға, көңіл-күйді, ақыл-ой және дене жұмыс қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

*Таңертенгілік гимнастика жиынтығын құрастыру ережелері.* Таңертенгілік гимнастика жиынтығын құрастырудың негізгі ережелеріне мыналарды: жаттығулар жиынтығын орындау ұзақтығын; жаттығулар санын; жаттығулар реттілігін; әр жаттығуды қайталау саны мен екпінін; окушыда бар жекелеген кемшіліктерді түзетуге арналған жаттығулардың арнайы бағыттылығын; мұсінді түзететін дене даярлығын арттыруды жатқызуға болады. Жаттығуларды ірікте алғанда, оларды жеке ерекшеліктері мен денсаулық жағдайларына байланысты таңдал алған жән. Салқын тиіп ауырып тұрғаннан кейін, әдеттегі 6–8 жаттығудан тұратын ертеңгілік гимнастика жиынтығын өте баяу екпінде, жаттығулар арасында 20–30 секунд үзіліс салып барып орындау қажет. Бұл ретте жүрек соғысының жиілігі минутына 110–125-тен артпау керек. Денсаулықтары мықты, денесі жаттыққандарда ол минутына 140–155-ке жетуі мүмкін.

Жаттығулар жиынтығын орындау ұзақтығы 40–80 секундқа созылатын жүру мен жүгіруден (бір орында да орындауға болады) басталады. Жалпы дамытатын жаттығуларды тыныс алуды терендешу, қол мен иық белдеуі еттерін жетілдіру, кеуде және аяқ еттерін дамыту реттілігімен алмастырып отыру қажет болады. Әрбір жаттығу оның орындалу екпіні мен тыныс жиілігін біртіндеп арттырумен орындалады және өркайсысы кем

дегенде 8–10 рет қайталаңады. Жаттығуды ірікте алғанда, күні бойы аз қозғалыста болатын еттерге (арқаның және іштің, омыртқаның, жамбастың) ерекше назар аударылады. Иілгіштікті, құшті, секіргіштікті, тұлғаны ретке келтіретін, жалпақ табандылықтың алдын алатын және т. б. арнайы жаттығулар қарастырылады. Бұл жаттығуларды орындау кезінде өр түрлі ауырлықтарды (гантельдерді, секіргіштерді және басқаларды) пайдалануга болады. Жаттығулар секірулермен, жүгірістермен және жүрумен (1,5–2 мин.) аяқталады.

Ертеңгілік гимнастиканың жалпы ұзақтығы 12–15 минут, жаттығулар саны 10–12 болуы керек. Қозғалыс қасиеттерін дамытуға бағытталған, сонымен бірге ауырлықтармен жасалатын жаттығулар ертеңгілік гимнастиканың екінші жартысында орындалады. Олар шамалығана (15–20 сек.) үзіліс жасап орындалады.

Бастапқы кезде таңертенгілік гимнастикаларына енетін жаттығулар тізімін оқушылар өздері жасап, оны деңе тәрбиесі пәннің мұғаліміне көрсетіп, оның ұсыныстарына сүйенгендері жөн.

## 2. Салғағы жаттығулар

Бір орында тұрып орындаған жүгірістен лекпен және қатармен алға қарай жүруге ауысу, сол аяқты жерге қоюмен бір мезгілде берілестін «Тура жүр!» командасты бойынша жүзеге асырылады. Оң аяқпен орнында тағы бір қадам жасап, қозғалысты толық адыммен сол аяқпен бастау керек. Қозғалыс кезінде онға және солға бұрылу «Оңға!», «Солға!» командалары бойынша орындалады. Оңға бұрылу үшін, команда оң аяқты жерге қоюмен бір мезгілде беріледі. Бұл команда бойынша сол аяқпен толық адым жасап, сол аяқтың ұшымен бұрылып, онымен бір мезгілде оң аяқты ілгері бағытта, қозғалысты жаңа бағытта жалғастыру қажет. Солға бұрылу да осыған үқсас жүзеге асырылады, команда тек сол аяқты жерге қоюмен бір мезгілде беріледі. Бұрылыстар кезінде қолды денеге қысуга болмайды.

Қозғалыс кезіндегі бұрылыстар жасауды үйрену, әдетте, сабактың кіріспе бөлімінде сыйныштың барлық оқушыларымен бір мезгілде жүргізіледі.

### 3. Жалпы дамытатын жаттыгулар

#### a) Құралсыз жаттыгулар (1-сурет):

I. Бастапқы қалып: сол аяқпен тізерлеп отыру, екі қол артта, бас кеудеге қарай еңкейтілген. 1) Тұру, қолды жоғары созу, шалқаю (дем алу). 2) Бастапқы қалыпқа келу (дем шығару 4–6 рет қайталау).

II. Бастапқы қалып: екі аяқты бірге, екі алақанды ілгері қаратып жоғары үстаяу, шалқайып тұру (1–2 рет). Сол аяқты алға көтеру және басты алға қарай еңкейте мандаиды тізеге тигізу, қолды алға жіберіп және кейін алып кету. 3. Аяқты түсіріп, қолды жоғары көтеріп, шалқаю. 4. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (6–8 рет қайталау).

III. Бастапқы қалып: екі тіземен тізерлеп тұру. 1. Басты солға (онға) бұра, қолдарды шынтақ буынынан барынша бұғу. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (3–5 рет қайталау).

IV. Бастапқы қалып: екі қолға тіреліп жату. 1. Сол аяқты артқа көтеріп және жамбасты бұра отырып, сол аяқты он аяқтың үстінен асырып қою. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (4–6 рет қайталау).


V. Бастапқы қалып: сол қолға тіреле, бір бүйірлеп, шынтақтап жату. 1. Сол жақ санмен отыру. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші бүйірмен де осылай жасау (3–5 рет қайталау).

VI. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. 1. Тізеден бүгілген сол аяқты көтеру. 2. Оны жанға бұрып кету (алып кету). 3. Тіке үстап артқа жазу. 4. Бастапқы қалыпқа келу. Он аяқпен осыны жасау (4–5 рет қайталау).


VIII. Бастапқы қалып: артқа тіреліп отыру, аяқтар тіке үсталады. 1–2. Сол аяқты тіке көтеріп, онға қарай алып кетіп еденге тигізу (3–4 рет). Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (6–8 рет қайталау).

VIII. Бастапқы қалып: шалқалап жату, қол кеуденің жанына созылып үсталады (1–2 рет). Тіке үсталған екі аяқты бастан асырып, аяқтың ұшын еденге тигізу (3–4). Бастапқы қалыпқа келу (4–6 рет қайталау).

IX. Бастапқы қалып: аяқтың арасы алшақ қойылады,



— Годом позже появился фильм «Любовь и вино», в котором Патрик Пайк сыграл роль главного героя — повара ресторана, который уходит в отставку из-за болезни матери. В фильме Патрик Пайк сыграл роль главного героя — повара ресторана, который уходит в отставку из-за болезни матери.



### 1-CYDCT

**құшақтап алу.** 4. Бастапқы қалыпқа келу (3–4 рет қайталау).

X. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. 1. Қолды солға сілтей дененің салмағын түзулөнген сол аяқты түсіру, аяқтың ұшымен кері айналу. 2. Оң аяқпен артқа аттап тұсу, қолды алға ұстау. 3. Бастапқы қалыпқа келу. Оң аяқпен де осылай жасау (2–4 рет қайталау өр жаққа).

XI. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қол желкеде. 1–2 Сол аяқтың ұшымен секіру; оң аяқты және алға сілтеу. 3–4. Оң аяқпен де осылай жасау. 5. Екі аяқпен ілгері қарай секіру. 6. Екі аяқпен артқа қарай секіру. 7. Екі жанға секіру. 8. Аяқтарды бірге ұстау; Бастапқы қалыпқа келу (4–6 рет қайталау).

**ә) Коқыс толтырылған доптармен жасалатын жаттыгулар (2-сурет):**

I. Бастапқы қалып: тұру, оң аяқ артта ұшымен тұрады, доп төменде. 1. Допты бастан асыра көтеріп, шалқаю. 2. Қолды шынтақтан бүгіп, допты желкеде ұстау. 3. Қолды жазып, допты жоғары ұстау, белді қайқайту. 4. Бастапқы қалыпқа келу (5–6 рет қайталау).

II. Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, доп төменде. 1–2 Өкшеге отырып, жауырынды жазып, алға енкею, қолдарды тұра ұстап допты жоғары көтеру, допқа қарау 3–4. Бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет қайталау).


III. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты тұра ұстау. 1. Кеудені солға бұра, допты бір алақанда ұстап, қолды жанға жазу. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (6–8 рет қайталау).

IV. Бастапқы қалып: шалқалап жатып, допты тіке жазылған аяқ табандарының арасымен қысып ұстау, қолдарды кеуде жанында, алақанды төмен қаратып ұтайты. 1–2. Допты қысып ұстап, аяқтарды жоғары көтеру, допты бастан асыра еденге тигізу. 3–4. Допты тіке ұстап, жоғары көтеру, оларды бастапқы қалпына түсіру.


V. Бастапқы қалып: шалқалап жатып, екі аяқты тізеден бүгіп, оларды иық кендігіндегі етіп ұстау. Жартылай бүгілген, қолдағы допты бастан асыра еденге тигізіп ұстау. 1–2. Аяққа және допқа тіреле, жамбасты көтеру, «көпір» жасау, аяқты тіке жоғары көтеру. 3–4. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (4–6 рет қайталау).

VI. Бастапқы қалып: алға атталған сол аяқта отыру, доп артқа тұра жазылған қолдарда үсталады. 1–3. Тізеден бүгілген сол аяқты жаза отырып, ішері қарай серіппелі түрде еңкею, осымен бір мезгілде доп үстеган қолдарды барынша артқа созу. 4. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (5–7 рет қайталау).

VII. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, доп төмен үсталады.  
1-2. Допты жоғары лақтыру. Доп жоғары үшқанда  
отырып, бастан асыра тіке үсталған қолмен оны үстап алу



# I              II              III              IV



## 2-cytoeT

(3–4). Қолдарды бүгіп, допты желкеде ұстай (5–6 рет). Допты жоғары лақтырып, доптың ұшы кезінде орыннан тұру (7–8). Бастың жоғарғы жағындағы допты ұстай, бастапқы қалыпқа келу (8–12 рет қайталау).

VIII. Бастапқы қалып: аяқ тізеден бүгіліп, алшақ күйде ұсталады, кеуде ілгері еңкейтіліп, тұра ұсталған қолдардағы доп еденге тиіп тұрады. 1. Тізені жаза тез шалқайып, допты артқы қабырғаға лақтыру. 2. Кері айналып, екі қолмен допты ұстап алу (7–9 рет аралығында).

IX. Бастапқы қалып: аяқтар алшақ, доп табандар аралығында. 1. Допқа секіріп шығу. 2. Бастапқы қалыпқа келу (9–11 рет қайталау).

X. Бастапқы қалып: допты табан арасымен қысып ұстай. 1. Аяқтарды артқа қарай бүгіп, секіру, допты бастан асатындей етіп алға – жоғары қарай көтеріп тастау. 2. Допты алдынғы жақтан қолмен ұстай (5–7 рет қайталау).

XI. Бастапқы қалып: негізі тұрыс. 180°-қа бұрыла допты кеудеден бір қолмен жоғары қарай лақтыру, оны тұра созылған қолдармен ұстап алу; екінші қолмен де осылай жасау. Жылдам екпінде 40–60 секунд бойы орындау.

*б) Kiші (теннис) доптармен жасалатын жаттығулар* (3-сурет):

I. Бастапқы қалып: аяқтар алшақ ұсталады, доп салбыратып алда ұсталған қолда. 1. Қолдарды жоғары көтерте, шалқаю. 2. Қолды бүгіп, допты желкеге тигізу. 3. Қолды жоғары созып, отыру. 4. Бастапқы қалыпқа келу. (6–8 рет қайталау).

II. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, қолдар жанда, доп төмен қаратылып сол қолдың алақанында ұсталады. Допты тастап жіберіп, шоршығаннан кейін, кеудені солға бұра бере, допты он қолмен ұстап алу. Екінші қолмен де басқа жаққа осылай жасау (8–10 рет қайталау).

III. Бастапқы қалып: ішпен жатып, допты екі қолмен жоғары көтеріп ұстай. 1–2. Шалқаю, допты қос қолмен желкеге апару (3–4). Бастапқы қалыпқа келу (5–7 рет қайталау).

IV. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдар жанға созылған, доп сол қолда. 1. Сол аяқты алға көтеру. 2. Допты шамалығана онға қарай ұшатындей етіп аяқтың астынан еденге соғу. 3. Аяқты жіберіп, он қолмен допты ұстап алу. Екінші аяқтың астынан да осылай жасау (7–8 рет қайталау).

V. Бастапқы қалып: аяқтарды жазып отыру, қолдар жанға жазылған, доп сол қолда. 1. Аяқтарды тіке ұстап көтеру, және қолдарды төмен түсіріп, тізенің астынан допты сол қолдан оң қолға ауыстыру. 2. Аяқтарды түсіріп, қолдарды жанға созу (доп оң қолда). 3–4. Оң қолдан сол қолға допты ауыстырып, осылай жасау (7–9 рет қайталау).

VI. Бастапқы қалып: аяқтар иық кеңдігінен алшак ұсталады, қолдар алда, доп сол қолда. 1. Саусақтарды жазып, допты сол қолдан түсіріп жіберіп және жылдам отыра бере еденге жеткізбей екі қолмен ұстап алу. 2. Тік тұру. Оң қолмен де осылай жасау; допты бір қолмен ұстап осылай жасау. (8–10 рет қайталау).

VII. Бастапқы қалып: еденге тіреліп жату, доп қолдардың арасында еденде жатады. 1. Допты сол қолмен ұстап және қеудені солға қарай бұра оң бүйірмен тіреліп жату, доп ұстаған сол қолды жоғары көтеру. 2. Оң қолмен де осылай жасау (5–7 рет қайталау).

VIII. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, допты екі қолмен төмен ұстап тұрады. 1. Сол аяқты алға көтеру, оң қол алда, доп жанға созылған сол қолдың алақанында. 2. Допты алақанда ұстап оң аяқпен отыру. 3. Допты алақанда ұстап тұрып кету. 4. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші қолмен де осылай жасау (5–9 рет қайталау).

IX. Бастапқы қалып: түрегеліп тұру, допты табанның арасына қысып ұстau. 1. Допты аяқтармен алға-жоғары лақтырып және екі қолмен ұстап алу. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екі қолмен допты алма-кезек ұстап алып, осылай жасау (10–12 рет қайталау).

X. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, допты қеуде тұсында екі қолмен ұстап тұру. 1. Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшына тұру, шалқаю. 2. Қол қеудеде. 3. Алға еңкею, қолды төмен жіберіп, допты еденге тигізу. 4. Бастапқы қалыпқа келу (4–6 рет қайталау).

#### *в) Гимнастикалық таяқты ұстаудың негізгі тәсілдері:*



Гимнастикалық таяқпен жасалатын жаттығуларды табысты орындау үшін, оны ұстаудың тәсілдерін білу керек.

#### *Гимнастикалық таяқты ұстаудың негізгі тәсілдері:*

I. Екі қолмен ұстau: екі шетінен; бір шетінен; ортасынан; бір қолмен ортасынан, екінші қолмен бір шетінен.

II. Бір қолмен ұstau: шетінен, ортасынан.

Таяқтың кез келген жерінен екі және бір қолмен ұстaugа болады.



### 3-сурет

**Саусақтардың жағдайына қарай үстаудың мынандай түрлері бар:** а) жоғарыдан үсташа (таяқ төмен қарай үсталған жағдайда қолдың сыртқы жағы алға қарайды); ө) төменинен үсташа (таяқ төмен қарай үсталған жағдайда, қол саусақтары ілгері бағытталады); б) аралас үсташа (бір қол жоғарыдан, бір қол төменинен үсталады);

### **Таяқтың негізгі жағдайлары:**

1. Таяқ иықта. Таяқ бір шетінен оң қолмен (сүк саусақ пен бас бармақтың арасымен) оң иықта ұсталады. Осы бастапқы қалыптан таяқ төменгі бастапқы қалыпқа ауыстырылады (бос шетінен сол қолмен ұсташа арқылы). Жүгірген кезде таяқты иықта емес, «қолға» ұтайды (ортасынан).
2. Таяқпен «еркін» тұру. Гимнастикалық еркін тұру секілді, таяқтың сол жақ шеті сол аяқтың ұшы тұсында еденге тиіп тұрады.
3. Төмендегі таяқ. Қолдарды түсіріп, таяқты санға тақап оның, шетінен ұтайды.
4. Таяқ алда. Таяқты иықтың биіктігінде екі шетінен алда ұтайды.
5. Таяқты қеудеде ұстау. Таяқты иықтың биіктігінде, қолдарды бүгіп, шеттерінен ұтайды.
6. Таяқты жауырында ұстау. Таяқты жауырынға тигізе, бастан асыра бүгілген қолдармен екі шетінен ұтайды.
7. Таяқты жоғары ұстау (бастан жоғары). Таяқты жоғары көтерілген қолдармен шеттерінен ұтайды.
8. Таяқты төбеде ұстау. Таяқ төбенің ұстінде болатындағы етіп қол бүгіледі.
9. Таяқ желкеде. Таяқты мойын денгейінде бүгілген қолдармен шетінен ұтайды.
10. Таяқ арт жақта, төмен (жауырынан төменде). Таяқты санға тигізе, қолды тіке соза екі шетінен ұтайды.
11. Таяқты алда аралас ұстау. Оң қол жоғарыда, сол қол төменде, таяқ қеудеге қосарланып (паралель) ұсталады.

### **Таяқтың аралық жағдайлары:**

1. Таяқ алда – төменде. Таяқты екі шетінен алда ұтайды, қол алға – төмен қарай  $45^{\circ}$ -қа бүгіледі.
2. Таяқ алда – жоғарыда. Бұл да сондай, тек қол алға – жоғары қарай  $45^{\circ}$ -қа бүгіледі.

Таяқтың орналасу жағдайы мен биіктігін ауыстыру:

Таяқты бір жағдайдан екінші жағдайға байлаша ауыстырады: 1) төте жолмен (әдетте көтеріп және төмен түсірумен, қолды бүгіп – жазумен); 2) дуга тәрізді және шенбер секілді қимыл жасаумен (таяқ қолмен бірге ауысады немесе бір шетінің маңында бұрылыштар жасайды, яғни таяқтың бос шеті шенбер немесе дуга жасайды); 3) аударумен

(таяқтың орналасу жағдайы төмөннен ұстауды қайталап ұстаумен бір мезгілде өзгереді) жөне бұрап ұстаумен (таяқты қолдан шығармай қарсы бағытта қозғау).

**г) Гимнастикалық таяқпен жүптасып жасалатын жаттыгулар** (4-сурет):

I. Бастапқы қалып: қарама-қарсы тұру, таяқ алда, төмен ұсталады. 1. Сол аяқты жанға сілтеген мезгілде, таяқты жоғары көтеру. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (6–8 рет қайталау).

II. Бастапқы қалып: бір-біріне арқасын беріп тұру, таяқ бастан жоғары ұсталады. 1. Бір мезгілде сол аяқпен алға аттау. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (5–7 рет қайталау).




III. Бастапқы қалып: «А» – аяқ арасын иық кеңдігінен алшақ немесе иық кеңдігіндегі етіп ұстайды, шынтақ буынынан бүгілген қолдарымен таяқтан ұстайды. 1–2 «А» солға иіледі; «Б» таяққа шамалы ғана салмақ салып, ілгуте көмектеседі. 3. Бастапқы қалыпқа келу (7–9 рет қайталау). («А» өрпі бір оқушының қимылын, «Б» өрпі екінші оқушының қимылын бейнелейді).

IV. Бастапқы қалып: арқаларын бір-біріне беріп, аяқтарын тіке жазып отырады, таяқты көтеріп ұстайды. 1. «А» алға еңкейеді; «Б» аяқтарын бүге, табанымен еденге тіреле «А»-ның иығына жатады. 2. Бастапқы қалыпқа келу (4–6 рет қайталау).

V. Бастапқы қалып: «А» шетпеп жатады, таяқ жауырында, ол желкеге қарай иілген қолдармен қысылған, саусақтар айқасқан; «Б» аяғын алшақ қойып тұрады. Таяқтың екі шетінен ұстап ілгері еңкею жасалады. «А» 1–2 артқа баяу шалқаяды, «Б» таяқты шамалап қана жоғары тартады. 3–4. «А» бастапқы қалыпқа баяу келеді; «Б» таяқты женілдеу тартып ұстайды (3–5 рет қайталау).

VI. Бастапқы қалып: «А» таяқ жауырының астында, шалқалап жатады, саусақтар айқасқан; «Б»-ның аяқтары алшақ қойылған, еңкейгенде, екі қолмен таяқты ұстайды. «Б» таяқты 1–2 рет жоғары тартып, «А»-ны аяғына тұргызады қызы балалар – отыру жағдайына дейін (3–4 рет). Бастапқы қалыпқа келу (4–6 рет қайталау).

VII. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, қарама-қарсы тұру 1. Оң қолды алға жоғары көтеріп, сол қолды алда,



төмөн үстап, араларында тіке орналасқан таяқтан үстау.  
2-3. «А» серігінің қолынан таяқты бұрып, тартып алмақшы болады, «Б» сабырлы түрде қарсылық жасайды.  
4. Бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау).

VIII. Бастапқы қалып: «А» шалқалап жатып, таяқты

екі шетінен көлденең үстап, қолды кеуде тұсында үстайды; «Б» қолдарымен таяқты тіреп үстап, серігінің бас жағында тіреліп (таянып) жатады. 1. «А» қолдарын тіке, бастан асыра, жазып үстайды, «Б» – қолдарын шынтақтан бүгеді. 2. «А»-ның қолдары тіке жазылып, таяқтың шетінен үстеган күйде, «Б» қолдарын жазады. 3. «А» – қолдарын бүгеді, «Б»-ның қолдары тіке жазылып үсталады. 4. Бастапқы қалыпқа келу (8–10 рет қайталау).

IX. Бастапқы қалып: бір-біріне арқаларын беріп, таяқты жоғары созып, көлденең үстайды. «А», 1–2 алға еңкейіп, «Б»-ны жауырынында көтеріп үстайды. «Б» 3–4 екі қолмен таяқтан үстап, артқа қарай аударылып түсіп, еденге тұрады. 4. Бастапқы қалыпқа келу (4–5 рет қайталау).

X. Бастапқы қалып: «А» аяқтарын алшашқа қойып, таяқтың оң жақ шетінен екі қолымен алға көлденең үстап тұрады; «Б» таяққа қарсы тұрып, сол қолын «А»-ның иығына қойып, тіреледі де, оң қолымен таяқтың бос шетінен үстайды. «Б» аяқтарын бүгіп, таяқ арқылы секіруді 1–2 рет орындаиды (3–4 рет қайталау).


XI. Бастапқы қалып: үш-төрт адым қашықта бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі қолмен таяқты көлденең бір-біріне лактыру, таяқты жоғары және төменгі жағынан үстau. Бір қолмен де осылай жасау. 30–50 секунд ішінде орындалады.

а) *Секіргішпен (скакалкамен) орындалатын жаттығулар* (5-сурет):

I. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секіргішті төрт бүктеп, тіке төмен жіберілген екі қолда үстайды. 1–2. Секіргішті кере отырып, қолды жоғары көтеру, сол аяқты үшінан жаңда үстап шалқаю. 3–4 Секіргішті кере отырып бастапқы қалыпқа келу (4–7 рет қайталау).

II. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секіргіш төрт бүктеліп, артта үсталады. 1–3. Ілгері еңкейіп, секіргішті сирактың ортасына дейін түсіру, үш рет серіппелі түрде еңкею; қолды бүге отырып, өрбір ретте кеудені аяқтарға жақыннату. 4. Бастапқы қалыпқа келу (5–8 рет қайталау).

III. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, екі бүктелген секіргішті төмен үстau. 1. Секіргішті кере, қолдарды жоғары көтеру. Сол аяқты жаңына үшімен қою. 2–3. Солға қарай серіппелі түрде еңкею. 4. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (4–6 рет қайталау).



## 5-сурет

IV. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы алшак, секіргішті сол аяқ табаңымен басып тұрады. Қол шынтақтан бүгіліп, секіргіш керіліп ұсталады. 1. Оң аяқпен тұрып, секіргішті кере отырып, тізеден бүгілген сол аяқты көтеру. 2–3. Секіргішті аяқпен кере, сол аяқты алға түзу ұстау, тепе-

тендікті сақтау. 4. Бастапқы қалыпқа келу (4–8 рет қайталау). Екінші аяқпен де осылай жасау.

V. Бастапқы қалып: секіргіштің екі шетінен ұстап, оны табанмен басып тік тұру. 1. Сол аяқпен алға аттап тұсу, секіргішті кере қолды жанға созу. 2–3. Сол аяқты серіппелі түрде бұгу. 4. Бастапқы қалып: Екінші аяқпен де осылай жасау (5–9 рет қайталау).

VI. Бастапқы қалып: артқа тіреліп отыру, аяқтардың арасы алшак ұсталады; секіргіш екі бүктеліп, керіліп ұсталады. 1. Ілгері енкею, қолды алға айналдырып өкеліп, секіргішті табанға тигізу. 2. Бастапқы қалыпқа келу (6–7 рет қайталау).

VII. Бастапқы қалып: екі бүктелген секіргішті жауырын сыртында тіке созылған қолмен ұстап ішпен жату. 1. Бірге, тіке ұсталған аяқтарды артқа қарай көтеру, сонымен бір мезгілде секіргішті кере отырып, қолды артқа қарай көтере шалқаю. 2. Осы қалыпты ұстап тұру. 3. Бастапқы қалыпқа келу (3–5 рет қайталау).

VIII. Бастапқы қалып: екі бүктелген секіргішті табанмен кере, аяқтарды жоғары тіке ұстап, шалқалап жату. 1. Аяқты бүкпей, секіргішті кере, аяқтың ұшын тигізе, артқа аударылып тұсу. 2. Бастапқы қалыпқа келу (4–5 рет қайталау).

IX. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секіргіш артқа тіке созылған қолдарда ұсталады. 1–4. Секіргішті артқа айналдыра отырып, екі аяқпен секіру. 5–8. Орнында тұрып жүру (3–6 рет қайталау).

X. Бастапқы қалып: секіргішті екі бүктеп, сол қолда ұстап, жартылай отыру. 1–4. Секіргішті алға қарай айналдырып, екі аяқпен секіргіштен секіру. 5–8. Сол қолда ұсталған секіргішті артқа – жанға айналдыра отырып, орнында тұрып жүру (2–4 рет қайталау).





XI. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секіргіш артқа жіберілген қолдарда. 1–4. Секіргішті алға айналдыра отырып, екі аяқпен төрт рет секіру. Қолды алда айқастырып ұстап айналдыру (3–6 рет қайталау).

д) *Жүппеннен жасалатын жаттыгулар жиынтығы*  
(6-сурет):

I. Бастапқы қалып: қол ұстасып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. 1. Қолды екі жаны арқылы жоғары көтеру, сол аяқты

артта үстәу. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпенен де осылай жасау; Осы жаттығуды қарсылықпенен орындау (4–6 рет қайталау).

**II. Бастапқы қалып:** қолдарын төмен үстәп, бір-біріне арқаларын беріп тұрады. «Б» «А»-ның қолының басынан



6-сурет

ұстайды. 1. Сол аяғын ұшымен жанға қояды, оң қолды жоғары көтеріп, солға еңкейеді. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (5–7 рет қайталау).

III. Бастапқы қалып: бір-бірінің иықтарынан ұстап, алға еңкейіп, қарама-қарсы тұрады, аяқтардың арасы алшақ ұсталады. 1. Алға қарай серіппелі түрде еңкею. 2. Солға бұрылу. Екінші жаққа бұрылыш жасай, осылай істеу (5–7 рет қайталау).

IV. Бастапқы қалып: қолдарын жоғары көтеріп ұстап бір-біріне арқаларын беріп тұрады. 1. Сол аяқпен ілгері аттау, артқа шалқаю. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (6–8 рет қайталау).

V. Бастапқы қалып: қолдарын шынтақтан іліп алып, бір-біріне арқаларын беріп тұру. 1. Жартылай отыру. 2. Бастапқы қалыпқа келу (10–15 рет қайталау).

VI. Бастапқы қалып: серіктерінің иығына қолды салып, бір-бірне қарама-қарсы тұрады. 1. Сол аяқты алға-онға қарай сілтеу. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай істеу (8–9 рет қайталау).

VII. Бастапқы қалып: табандарын тіреп, аяқтарын тізеден бүгіп, қолдарынан ұстасып, еденде қарама-қарсы отырады. 1. Сол аяқты жоғары көтеріп созып ұстайды. 2. Бастапқы қалыпқа келу. 3–4. Оң аяқпен де осылай жасау (5–6 рет қайталау).

VIII. Бастапқы қалып: Табандарын тіреп, аяқтарын алшақ қойып, бір-біріне қарама-қарсы отыру, оң қолдарымен ұстасады. 1. Біреуі алға еңкейсе, екіншісі шалқаяды. 2. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Екінші жаққа еңкейіп, шалқаю. 4. Бұл да сондай, бірақ сол қолмен ұстайды (4–5 рет қайталау).

IX. Бастапқы қалып: Аяқты алшақ ұстап, тіреліп жату. “Б” “А”-ның аяғынан өзінің белі деңгейінде ұстайды. 1. «А» қолын бүгеді, «Б» жартылай отырады. 2. Бастапқы қалыпқа келу (8–10 рет қайталау).

X. Бастапқы қалып: «А» тізерлеп отырып, сол қолын алда, оң қолын жоғары ұстайды; «Б» оған қарама қарсы оң аяғын алға салып тұрады, оң қолымен «А»-ның сол қолын ұстайды. 1–2. Артқа қарай шалқаю. 3–4. Бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет қайталау).

XI. Иығына серігін мінгізіп алып, 20–25 метр жүру.

**XII. Бастапқы қалып:** бір-біріне қарама-қарсы тұрып, «Б» «А»-ның сол аяғын белінің түсінде ұстап тұрады. 1–3. Оң аяқпен секірулер жасайды. 4. Аяқтардың қалпын езгерту. Екінші аяқпен де осылай жасау (3–4 рет қайталау).

**е) Гимнастикалық орындықпен жасалатын жаттыгулар (7-сурет):**

**I. Бастапқы қалып:** қолды төмен ұстап, орындыққа қарап тұрады. 1–2. Орындыққа сол аяқпен шығып, оң аяғын тізесінен бүгіп, оны қолымен кеудесіне қарай тартып ұстайды. 3. Оң аяғымен артқа қарай аттайды. 4. Бастапқы қалыпқа келу (4–6 рет қайталау).

**II. Бастапқы қалып:** жоғарыдағы жаттығудағыдай.

1. Тіке созылған сол аяғын өкшесімен орындыққа қойып, қолдарын жоғары көтереді. 2–3. Сол аяққа отырып, інгері қарай еңкейеді, қолдарын артқа төмен қарай жібереді. 4. Бастапқы қалыпқа келу (5–7 рет қайталау).

**III. Бастапқы қалып:** жамбаспен орындықты бойлай отырады. 1–2. Тіке жазылған қолдарымен тартады. 3. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (7–9 рет қайталау).

**VI. Бастапқы қалып:** орындықты бойлай төрт тағандап отыру. 1. Оң қолы мен сол аяғын жоғары көтеру. 2. Бастапқы қалыпқа келу. Оң аяқпен және сол қолмен де осылай жасау (4–6 рет қайталау).


**V. Бастапқы қалып:** орындыққа сол бүйірін беріп, аяқты алшақ қойып тұру. 1. Орындықтың жақын шетін сол қолмен, оң қолмен қашықтау шетінен ұстай. 2. Қолды жоғары тіке жазып орындықты көтеру. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 4. Орындықты оң жағына еденге қою (6–8 рет қайталау).

**VI. Бастапқы қалып:** 5-жаттығудағы секілді. 1. Орындықтың жақын шетін оң қолмен, қашық шетін сол қолмен ұстай. 2. Қолды жоғары тіке жазып, орындықты көтеру. 3. Орындықты басқа тигізу үшін қолдарды шынтақтан бұгу. 4. Отыру. 5–6. Тұру. 7–8. Орындықты сол бүйірден оң жаққа, еденге қою (5–7 рет қайталау).

**VII. Бастапқы қалып:** аяқ арасы алшақ, қолдар төмен. 1–2. Қолды орындықтың жоғарғы және төменгі кергі тақтайларының арасына жіберіп, орындықтың екінші шетінен ұстай. 3. Қолды тіке жазып, орындықты көтере тұру. 4. Орындықты көтеріп тұрып, қолды шынтақтан

бұғу. 5. Қолды жазу. 6–7. Отырып, орындықты еденге қою. 8. Бастанқы қалыпқа келу (8–10 рет қайталау).

VIII. Бастанқы қалып: шалқалап жатып қолды бұғу, орындықтың жалпақ жағын төмен қаратып кеудеде екі



шетінен ұстай. 1. Қолдарын тіке жазу. 2. Қолды бүгіп бастапқы қалыпқа келу. 3. Қолдарды тағы да жоғары жазып көтеріп, сол аяқты көтеру. 4. Бастапқы қалыпқа келу. Оң аяқты көтеріп тағы да солай жасау (9–11 рет қайталау).

IX. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап орындыққа сол жақ бүйірмен тұру; екі шетінен ұсталған орындық сол иықта болады; орындықты бір иықтан екіншісіне ауыстыра отырып, 20–30 секунд бойы жайлап журу.

X. Жолдасын иығына салып арқалап, орындықен журу (6–8 рет қайталау).

XI. Ілгері қарай қозғала екі не бір аяқпен орындық енінен өрлі-берлі секіру (12–13 рет қайталау)

*ж) Гимнастикалық қабыргада орындаитын жаттығулар* (8-сурет):

I. Бастапқы қалып: жүрелеп отыру. Белгі бойынша жоғарыда өрмеледі жылдам екпінде орындау; төмен қарай бір қолмен тұсу (2–4 рет қайталау).

II. Бастапқы қалып: иық деңгейіндегі кергіні оң қолмен ұстап, гимнастикалық қабырғаға оң жақ бүйірді беріп тұру. 1–3. Сол аяқпен ілгері-кейінді сілтеу.

III. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (3–4 рет қайталау).


IV. Бастапқы қалып: үшінші-төртінші сырықта тұру, қол иық кеңдігіндей. 1–2. Оң аяқпен отыру, сол аяқты қабыргадан неғұрлым қашық ұстай. 3–4. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау; бір қолмен ұстап осылай жасау (5–7 рет қайталау).

V. Бастапқы қалып: аяқ арасын алшақ қойып, бірінші сырықтан басып тұрады, қолмен кеуде деңгейіндегі сырықтан ұстайды. 1–3. Қолды жазып, алға серіппелі түрде еңкейіп асылып тұру. 4. Бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет қайталау).

VI. Бастапқы қалып: аяқ үшінші-төртінші сырықта, қол кеуде деңгейінде ұсталып, гимнастикалық қабырғаға қарап тұру. 1–2. Қолды жазып солға бұрылу, сол аяқпен қолды жанға жіберу; белді қайқайту. 3–4. Бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет қайталау).

VII. Бастапқы қалып: бетін қабырғаға қаратып еденде тұру, иық деңгейіндегі сырықтан ұстай. 1. Сол аяқпен

артық аттау. 2–3. Серіппелі түрде отыру. 4. Бастапқы қалыпқа келу (4–6 рет қайталау).  
**VIII. Бастапқы қалып:** снарядқа қарап, аяқ арасын алшақ ұстап еденде түру; бел деңгейіндегі сырғықтан ұстau.



8-сурет

1. Оң аяқты жанға жіберіп, сол аяққа отыру. 2. Бастапқы қалыпқа келу (6–10 рет қайталау).

IX. Бастапқы қалып: аяқ арасын алшақ ұстап, бірінші-екінші сырғықта бетін снарядқа қаратып тұру; екі қолмен белденгейінде ұстау. 1. Сол аяққа отыру. 2. Серіппелі түрде отыру. 4. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (4–6 рет қайталау).

X. Бастапқы қалып: арақасымен снарядқа қарап асылып тұру. 1. Бүгілген аяқтарын көтеру. 2. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқты жазып көтеру. 4. Бастапқы қалыпқа келу (5–7 рет қайталау).

### 3) Арқанмен жасалатын жаттығулар:

I. Бастапқы қалып: топ қатарға тұрады, арқан алда, еденде жатады. 1. Арқанды қолға алу. 2. Қолдарды бүгіп, арқанды қеудеге алу. 2. Қолдарды жазып жоғары көтеру. 3. Қолды алға ұстау. 4. Қолдарды солға бұру. 5. Қолдарды онға бұру. 6. Арқанды еденге қою. 7. Тік тұру (4–6 рет қайталау).

II. Бастапқы қалып: бұл да сондай, арқанды төменде ұстау. 1. Арқан алға жазылған қолда. 2. Солға ін жасап арқанды бұру. 3. Алға ін жасап өкелу. 4. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (5–7 рет қайталау).

III. Қозғалыстағы жаттығулар. Бастапқы қалып: лек арқанды он қолдарында ұстайды. Солға адым жасағанда, арқанды көтеріп, сол қолдарына ауыстырады; онға қадам жасағанда, арқанды төмен түсіреді. 25–40 секунд бойы орындау.

IV. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, қатарда тұру, арқан иықта, қолдар шынтақтан бүгілген. Бірінші нөмірлер бастпақы қалыпта қалады да, екінші нөмірлер орындайды: 1. Асылып жату. 2. Отырған қалыптан асылу. 3. Бастапқы қалыпқа келу. 4. Орындықты алмастыру. Басқа нөмірлер де осылай орындайды (7–8 рет қайталау).

V. Бастапқы қалып: арқанды қеуденің алдына алып, еденде отыру. 1. Жатып, арқанды жоғары көтеру. 2. Бастапқы қалыпқа келу (8–9 рет қайталау).

VI. Бастапқы қалып: Тік тұрғанда арқан жоғары созылған қолда. 1–2. Баяу тізерлеп отыру. 3–4. Бастапқы қалыпқа келу (4–6 рет қайталау).

VII. Бастапқы қалып: қатарға түрғанда, арқанды төмен ұстап тұрады. Екінші нөмірлер иығына қолын салып арқанға отырады. Сегіз адым жасағаннан кейін нөмірлер орындарын ауыстырады (2–3 рет қайталау).

VIII. Бастапқы қалып: арқанды қолда ұстап, негізгі тұрыста тұру. Жүгіріп, секіріп, тіркеме жасап, аяқты айқастырып, арқамен жүгіру арқылы қозғалу. Команда бойынша екінші қолмен арқанды жоғарыдан қағып алып, 180° бұрылым жасау. 60–70 секунд бойы орындау (2–3 рет).

IX. Бастапқы қалып: лекте аяқты алшақ ұстап, арқанды аяқ арасында ұстасу. Іштері-кейін жүгіру, секіру арқылы қозғалғанда да арқан аяқ арасында болады. 25–30 секунд орындау (2–3 рет).

X. «Нөмірді шақыру» ойыны. Екі команданың да шақырылған нөмірлері арқан тартуға біртіндеп кіріседі (өзге түрлері: арқан иықта болады, бір-біріне арқасын беріп тұрады).

#### 4. Снарядтардағы жаттығулар.

*Секіру:* Кіші аттан екі аяқты екі жақта ұстап, кіші аттың ұзындығынан секіру кезінде серпілетін көпірді снарядтан біртіндеп 50 см-ге дейін шегереді. Снарядтың биіктігін ақырындалап – 120 см-ге дейін өсіру қажет. Секіру кезінде қауіпсіздік шарасын алып, көмек үйымдастырылуы керек. Ағаш аттан секіру техникасын менгеру үшін төмендегідей даярлық жаттығуларын алдын ала орындалап даярлану қажет:

1. Эр түрлі қалыштан терендікке секіру
2. Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру
3. Аяқты тұра ұстап, кергіден (жіптен) секіру
4. Снарядтан 40–50 см жоғары керіліп қойылған жіптен қарғып, снарядтан секіріп түсу.

5. Көпір мен кіші ағаш аттың арасына немесе снарядтан кейін керіліп қойылған жілтін «аяқты алшақ ұстап» секіру.

*Акробатика.* Акробатика элементтерінің ең негізгілері: Жауырында тұру, баспен тік тұру, қолмен тұру, алға-артқа әртүрлі жағдайда домалап түсулер.

Бұл жаттығуларды орындағанда барынша жүйелілік сақталған дұрыс.

Акробатикалық жаттығуларды үйренгенде жандарында қауіпсіздендіруші болғаны жөн.

Жаттығуларды орындау техникасы 6–8-сыныптардың оқулықтарында толық айтылған.

Биік кермеде екі аяқты сілтеп, бір аяқты кермеге іліндіру, итеріле айналып тіреу. Атша мініп отырған жағдайдан алдыңғы аяқты шығарып алып екіншісінің жанына өкелу. Тіреліп тұрудан бұрыла сілтей керменден қарғып түсу.

**Сырықта.** Қолды тіреле сілтеу арқылы аяқты бүге көтеріліп, сырғауылдарда аяқты жазып отыру, алдыға аударылып түсу. Бұл ретте аяқтардың арасы алшақ болады. Сырғауыл аралығында аяқты артқа сермей, сырыққа бетті 90°-қа бұра, аяқты алға сермеп, жаңға қарғып түсу.

### Сұрақтар

1. Дене даярлығын жетілдіруде гимнастиканың маңызы қандай?
2. Қозғалыс кезінде солға бұрылу қандай командалар бойынша орындалады? Және оның қалай орындалатындығын көрсетіндер.
3. Акробатикалық жаттығуларды атандар.

### Тапсырмалар

1. Гимнастикалық даярлығы жақсы адам кәсіби қажет қимылдағыштарды жеңіл менгеретіндігі есте болған жөн.
2. Таңтеренгілік жаттығулар жиынтығын құрастырганда оның орындалу ұзақтығын, жаттығулар санын, реттілігін, әр жаттығуды қайталау саны мен екпініне, мүсінге өсерін, т. б. есепке алу қажет.
3. Даярлық жаттығуларының (қыздырыну) жүгірістермен және жүрумен аяқталатындығы естерінде болсын.

## IV. СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

### 1. Баскетбол

Спорт түрлерінің ішіндегі бірден-бір көп тараған атлетикалық спорттық ойын – баскетбол. Баскетбол ойыны барысында спортшы күшті, жылдам, епті болуға, қын жағдайда тез шешім табатындаі дәлдікке тәрбиеленеді. Баскетболшыларда қөзбен мөлшерлей білу және кең көлемде көздің көргіштігі жақсы жетіледі. Пайда болған уақытынан бастап (1891, АҚШ) баскетболға көп өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Төрелік ету мен жарыс ережелері толықтырылып, ойын тактикасы мен

техникасы жетілдірілді. Қазіргі баскетбол — жылдамдық пен ептілікті көп қажет ететін ойын. Оған дәлел — баскетболдағы күтпеген жағдайдағы ұмтылыс, күшті жылдамдықпен жүтіріп келе жатып, кілт тоқтау жөне ойын кезінде жақын қашықтыққа желаяқтардай өте жылдам жүгіру, жалт бұрылу. Баскетболшы ойынның 40 минут уақытында көп мөлшердегі секірулермен түрлі лақтыру қимылдарын жасайды. Жүгіру мен секірулердің ерекшеліктері лақтырулар аланының көлеміне қатысты емес. Баскетбол ойыны кезінде ойыншылар қысқа мерзімде түрлі қимылдар жасайды жөне қажет болған жағдайда бір қалыптан екінші қалыпқа тез өтеді, бұлардың бөрі қарсы ойыншылардың қимылдарына байланысты болып келеді. Түрлі қымыл-қозғалыс өсерінен денеге түсетін күшке байланысты баскетболмен айналысу ішкі ағзалардың жетілуіне өсер өтеді (дем алу, қан айналым, т. б.). Қозғалыстар бірте-бірте дәл жөне нақты болады. Бұлшық, ет күштері өседі, дененің дұрыс қалыпта өсіп жетілуіне жағдай жасалады.

Ойын барысындағы түрлі қимылдар тек қана спортшы өз еркімен шешім қабылдап, ойын ыңғайына байланысты жедел іс-әрекет жасай білгенде ғана жүзеге асады. Ол үшін ойын жағдайына дұрыс назар аудара білу, қалыптасқан жағдайды тез аңғару жөне оны есте сақтай білу қажет. Баскетболмен айналысу батылдықты, тапқырлықты, тез шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіреді. Баскетбол техникасын үйренуде жөне оған жаттығуда мектеп оқушылары баскетбол ойынның техникасы мен тактикасын үйреніп қана қоймайды, сонымен бірге дene даярлығының деңгейін біршама жоғарылатады.

**Баскетбол сабагындағы қауіпсіздік ережелері** Баскетбол — бәсекелестік ойыны, өйткені спорттық сайыс кезінде қарсыластар бір-бірімен бәсекеге түседі. Даярлықтың жетіспеушілігі тәртіпсіздікпен тепе-тен деуге болады. Өйткені соның салдарынан жаракат алынады: саусақты қайырып алу, буынды созып алу, т. б. Жаракаттардың алдын алу үшін, төмендегідей бірқатар жағдайларды есте сақтаған жон.

— мұғалімнің рұқсатынсыз немесе мұғалімсіз доппен залға кіруге болмайды.

- жаттығуларды орындауды үйімдастыру барысында қойылатын бірыңғай талаптарды дәл орындау керек: сапқа тұру, сапты өзгерту, қарсы қимылдар мен жеке бөсекелестік мөлшері, т. б;

- алдын ала қыздырыну жаттығуларының доппен жылдамдық жаттығуларына кірісуге болмайды, өсіресе жаттығулар арасындағы көп уақыттық үзілістен кейін тіпті де, болмайды.

- сабак басталар алдында оқушылар сақина, сағат, сырға және т. б. жарақат алуға мүмкіндік тудыратын заттарды шешіп, мойындағы алқаны шешіп, қыз балалар шашты мықты етіп түюлере қажет. Қауіпсіздікті сақтау үшін дене тәрбиесі сабағына тиісті спорт киімдерімен ғана қатысу қажет.

-Дагдыны қалыптастыруга арналған жаттығулар (орын ауыстыру техникасы). Баскетболшыға орын ауыстыру үшін жүру, жүгіру, жанымен жүру, секіру, тоқтау және әр түрлі бұрылыштар жасау жаттығуларын орындау қажет болады. Жаттығулардың бұл түрлері допты дұрыс бере білу және шығыршыққа тастау мақсатында қолданылады.

Жүгіруді жетілдіру үшін, тез жүгіру, артқа қарай жүгіру, бағытты тез өзгертіп жүгіру және жылдам жүгірулерді үйрену қажет болатындығын есте сақтаған жөн. Осы мақсатта әрдайым мынандай жаттығулар қолданылады:

- тура жүгіру, жүгіру барысында аяқтың өкшесімен жұмсақ түсіп, аяқтың ұшымен итерілуді қадағалау;
- орнында тұрып жүгіруден әр түрлі қашықтықта жүгірге ауысу;
- біргаяқтан екінші аяққа секіруге ауысу арқылы жүгіру (белгілі жерге дейін), сосын белгіленген межеге дейін жай жүгіру;

—сөреден 10–15 метрге қайталап жүгіру;

—жай жүгіруден жылдам жүгірге ауысу;

—жарыса жүгіру;

—әдеттегі жүгірістен артқа қарай (арқамен) жүгірге ауысу;

—белгілі жерге дейін жүгіріс түрін және жылдамдықты өзгертіп жүгіру.

Жанымен жүру, жүгіру тепе-тендікті сақтай отырып, қозғалыс бағытын тез арада өзгерту үшін қолданылады. Жанымен жүру, жүгіру өрқашанда қорғаныс ойынында қолданылады, себебі бұл тәсіл шабуылдаушының бағытына

қарай қозғалуға және қарсы қимылдар жасағанда, доптан айырылып қалмау үшін өте қолайлы. Ең біріншіден ол жанына және артқа орын ауыстыру үшін көп қолданылады.

Секірулер баскетбол ойынындағы барлық өдіс, тәсілдерді орындау үшін қолданылады. Секірулер бір немесе екі аяқпен серпілу арқылы бір орында немесе қозғалыста орындалады.

Баскетболда кең көлемде тараған секірудің бір түрі ол қозғалыста бір аяқпен серпілу арқылы орындалады, өсіресе, секірудің бұл түрі допты беруде, лактыруда көп пайдаланылады.

*Секірулерді жетілдіру үшін қолданылатын жаттығулар:*

- орнында тұрып жоғары секіру, жоғары-алға, жоғары-артқа, жоғары-жанға  $90^{\circ}$  және  $180^{\circ}$  бұрыла секіру;
- белгілентен межеге жету үшін қолданылатын биікке секірулерді көбірек орындау;
- терендікке секіру;
- секіргішпен және гимнастикалық орындықтан асып түсу үшін бір немесе екі аяқпен секіру;
- жүгіріп келіп, бір аяқпен серпіле секіру.

Жүгірісті тез арада тоқтату арқылы ойыншы қарсыласының алдынан ешқандай кедергісіз өтуге өзіне қолайлы тәсілді қолдана алады. Дұрыс әрі тез тоқтау соңғы адым алдынғы адымнан кең қойылуына байланысты. Жерге тірелген аяқ сәл бүгіліп, алға көтерілген аяқ иық кеңдігіндей қашықтықта жанға қойылады. Ойын барысында тоқтау күтпеген жағдайда немесе ойыншының алдын-ала тандаған жерінде орындалады.

*Кітт тоқтауды жетілдіру үшін орындалатын жаттығулар:*

- жүгіру барысында күтпеген жағдайдағы тоқтаулар;
- тоқтағаннан кейін кенет алға үмтүлу және қайтадан тоқтаулар;
- секіруден кейінгі немесе допты алып жүрген кездегі тоқтаулар.

Межелі жерге жетуді қысқарту, қарсыластың қарсы өдіс-қимылдарынан құтылу, бағытты өзгерту және қарсыластан допты жабу үшін бұрылу өдістері қолданылады. Ойыншының бұрылыстағы қозғалысы циркульдың қозғалысына үқсайды. Тірелетін аяқтың үшін орнынан қозғалмайды, екінші аяқ

өр түрлі бағыттан адымдар жасайды. Бұл өдіс қиын емес, бірақ ол үнемі дамытуды қажет етеді. Мұны мынадай жаттығулармен жетілдіруге болады:

- баскетболшы алғашқы қалпында тұрып, өз еркімен алға және артқа бұрылыстар жасау;
- дәл осындей, бірақ бұрылысты көру (қарау) арқылы жасау;
- шенберде бірінші екіншіге жақын барып, оның алдына тоқтап, артқа бұрылуды орындайды, екінші орнында тұрады, бірінші ары қарай жаттығуды жалғастырады;
- екі қатармен арнайы белгіленген жерге дейін жүгіріп тоқтау, артқа бұрылу, алға қарай бұрылу, жүгірісті өрі қарай жалғастыру;
- жұппен орындау (біреуі доппен, екіншісі қорғаныста): добы бар ойынши бұрылуды орындау арқылы допты қорғаушыға бермеу үшін жабады қорғаушының міндеті — допты тартып алу;
- шығыршықтан кері қайтқан допты артқа бұрылу барысында ұстай, және арнайы белгіленген жерге дейін допты алғып жүру және беру.

**Шабуыл техникасы.** Шабуылды жүзеге асыру үшін, допқа ие болу қажет. Осындей мақсатта мына әдістер қолданылады: допты ұстай, оны беру, алғып жүру және шығыршыққа тастау.

**Допты ұстай.** Допты бір және екі қолмен ұстaugа болады. Допты нақты ұстай үшін, қолды алға созу керек. Ұшып келе жатқан доптың, түйіскен кезінде, қол сөл бүгіледі, доп денеге жетпей тоқтатылады. Бір қолмен допты ұстай барысында, қолдың саусақтары ашылып, алға созылады.

Ойын барысында өр түрлі биіктікте ұшып келе жатқан допты ұстай ұсташының дене қалпына байланысты. Бұл жағдайда қозғалыстың алғашқы бөлімі ғана өзгереді (ұшып келе жатқан доптың бағытына байланысты қолды созу).

Допты ұстады және қолды ұсыну қалпын тексеру төмендегідей жаттығулардың жәрдемімен жүзеге асырылады:

- бастапқы қалыпта тұру, қалпынан жылдам отырып, жерде жатқан допты ашылған екі алақанмен ұстап, қайта-

дан бастапқы қалыпқа келу. Түрегеліп тұрып, допты алақанмен бірге ары-бері қозғау;

— бұл да осындай допты бастапқы қалыпта ұстап тұрып жерге тастау, еденинен шоршыған допты қайта ұстасу;

— допты жоғары лақтырып, қайта ұстасу;

— қарама-қарсы түрған ойыншының лақтырған добын немесе қабырғадан қайтқан допты ұстасу.

Допты беру — негізгі өдіс. Допты нақты, өрі тұра беру команданың жақсы ойнауына көп өсер етеді. Допты беру оның бастапқы қалпына байланысты бөлінеді:


— кеудеден беру;

— төменнен беру.

Бастапқы қалыптың өркайсы екі қолмен және бір қолмен беру арқылы орындалады. Қазіргі баскетболда кең тараған берудің түрлері кеудеден екі қолмен және иықтан бір қолмен беру. Бұл беруде допты нақты, тұра, өр түрлі қашықтықтан жеткілікті мөлшердегі күшпен беруге болады. Допты бұлай беруді жетілдіру үшін, мыналарды есте сактаған жөн.

**Екі қолмен кеудеден беру.** Допты кеуде тұсында ұстайды, шынтақ төменде, қолды алға жылжытуға байланысты доп алға қарай үшады, осылай беру қолдың толық түзелуімен аяқталады. (1-сурет)

**Бір қолмен иықтан беру.** Бастапқы қалыпта доп иық деңгейіндегі екі қолдың біреуінің алақанында, шынтақтан



1-сурет


бұгулі тұрған қолда үсталады. Қолды алға қарай созу арқылы доп лақтырылады да, алақанның қимылымен аяқталады. Осылай берудегі жетілдіру мынадай жаттығулар арқылы жүзеге асады:

— екі қатарда тұрып, допты бір-біріне бір адым жасау арқылы беру;

— ортада бір оқушы, қалғандары шенберді айнала орналасады; ортадағы ойыншыға доп беріледі, ол басқа бір оқушыға беріп, соның орнына барып тұрады, осылай ойынға қатысушылардың барлығы бір-бірден допты беріп шығады.

Ойында допты орнында тұрып беру көп кездесе бермейді, сондықтан алда айтылған жаттығуды қозғалыста орындауға тырысу қажет және бұл жерде баскетбол ережесін ұмытпаған, артық қадам жасамауға дағыланған жөн. Бірінші адымда допты ұстасандар, екінші адымды кеңірек алып, үшіншіде аяқты жерге тигізуден бұрын допты лақтыру керек.

Допты алып журу Ойыншының қозғалыста допты алып журуі – баскетбол ойынындағы негізгі тәсілдің бірі. Допты бір қолмен алып жүреді. Бұнынан ашылған саусақтар арқылы допты төмен итеріп алып жүреді, итеріс күші шынтақтың бүгіліп жазылуына байланысты болады. Допты алып жүруде ойыншы аяғын сөл бүгіп қозғалады, жанжағында болып жатқан жағдайды бақылау үшін, денені




2-сурет

тік үстайды. Қозғалыс жылдамдығы допты еденге бағылтау және допты қайтадан қабылда алғандары биіктікке байланысты болады.

**Лактыру (тастау).** Допты шығыршыққа салу бір және екі қолмен орындалады. Тастау техникасы беруге үксайды тек қана доптың ұшында айырмашылықтар болады. Барлық жағдайларда тастаудың көрсеткіші дене мүшелерінің өсіреле аяқ пен қолдың келісімді қимылдарына байланысты. Әр түрлі қашықтықтан, бір орында, қозғалыста, үстағаннан кейін, алғы жүру кезінде және ойламаған жерде тоқтағанда шығыршыққа доп лактыра білу қажет. Қазіргі баскетболда көп тараған тәсіл – жоғарыдан екі қолмен және бастан асыра бір қолмен лактыру.

Жоғарыға бастан асыра, екі қолмен лактыру, көбінесе, секіру және бір орыннан орындалады. Бастапқы қалыпта доп бастан сәл биіктеу, қолдың алақандары алға қараған, шынтақ буынын жоғары-алға жазуы арқылы доп өз бағытындағы шығыршыққа қарай лактырылады (2-сурет). Бастан асыра бір қолмен шығыршыққа лактыру кезінде, допты бір қолдың алақанында үстайды. Осы жағдайда екінші қолмен допты алдынан-жанынан үстап көмектеседі. Қалған қимылдар екі қолмен тастағандағыдан орындалады (3-сурет).



3-сурет

## **Сұрақтар**

1. Баскетбол жылдамдық, ептілік, қасиеттерін қалыптастыратын ойын екендігіне дөлелдер келтіріндер.
2. Дағылардың аздығы ойын кезінде нендей жағдайға өкеліп соқтырады?
3. Дағдыны қалыптастыруға арналған жаттығулардың қайсысын білесіндер?
4. Шабуыл техникаларын атандар.
5. Допты шығырышыққа салу тәсілдерін атандар.

## **Тапсырмалар**

1. Ойын барысындағы түрлі қимылдарды әркім өз еркімен орындағандағанда дұрыс жүзеге асатындығын ескеріндер.
2. Баскетбол ойынына қажет спорттық киімдерді оқу жылының басына дейін алып қойындар.

## **2. Волейбол**

Мектептерде жаппай кең тараған ойындардың бірі – волейбол. Оқу барысында волейбол кейде жалпы дамыту дайындығы ретінде қолданылады, алайда бағдарламаға, мектептің материалдық базасына сәйкес спорт ойындарының бірі ретіндегі міндетті пән ретінде үйретіледі. Волейбол – командалық ойын, әр ойыншы өзінің қарсыласының іс-әрекетіне байланысты қозғалыс қимылдарын жасайды. Волейбол тарауы бойынша окушылардың теориялық хабарлар алуына, тактиканың және техниканың негізгі әдістері мен тәсілдерін үйренуіне, өздерінің мүмкіншілігіне сәйкес жаттығуына, екі жақты ойын кезінде үйренген дағдыларын жетілдіруіне мүмкіншілігі бар. Дене тәрбиесінде волейбол ойынның кең көлемде таралуы оның әр түрлі жаттығуларға ыңғайлылығымен, жастардың демалыстарға дұрыс үйымдастырумен, денсаулықты және дене тәрбиесін жетілдірудегі жан-жақтылығымен, ойын ережесінің қарапайымдылығымен, керекті құралдардың және алаңның күрделі еместігімен түсіндіріледі. Ойын жағдайы жаттығушыларды жалпы мақсатқа жету үшін өзінің ойын кезіндегі іс-қимылын ұжымының мақсатына бағындыруға, жағдайға байланысты өзінің бар мүмкіншілігімен әрекет етуге, спорттық сайыс кезінде қындықты жеңе білуге, ойын барысындағы шиеленіскең жағдайда дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейді. Бұлар окушылардың ұжымдық сезімін; тез зейін қоюы мен шапшаң ойлануын шешім

қабылдағыштығын және өзінше қимылдар жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Волейбол ойыны тегіс өрі қатқылдау аланда өткізіледі. Залда дайындалу (ойнау) барысында артық құралдардың барлығы (орындық, т. б.) алаңнан 2—3 метр қашық болуы қажет. Залдың биіктігі 6 метрден кем болмауы және жеткілікті жарық болуы керек.

Волейболмен жаттығушыларға мынадай гигиеналық талаптар қойылады: тырнақты алғып, сақинаны, сырғаны шешу керек. Ойыншының қажетті киімі болуы қажет. Волейболмен жаттығу, үйрену жекелей, топтық немесе командалық түрде үйымдастырылады. Жеке жаттығу, көбінесе, волейболмен алғаш рет дайындалуды бастағанда, яғни жекелеген техникалық өдістерді үйренуде қолданылады.

Топпен және команدامен ойнауға мүмкіндік беруі ойынның кең көлемде тарауына өсер етіп отыр. Волейбол—командалық, ұжымдық ойын, сол себепті жаттығушылардың ұжымдық қарым-қатынастарын тәрбиелеп, қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

Ойын техникасы шабуыл техникасы (орын ауыстыру, допты ойынға қосу, (1-сурет) беру, шабуыл соққысы) мен қорғаныс техникасына (орын ауыстыру, допты қабылдау, тосқауыл) бөлінеді.

*Орын ауыстыру.* Ойын барысында өр түрлі техникалық өдіс-тәсілдерді орындау үшін, ойыншы аланда орын ауыстырулар жасайды. Мұндай орын ауыстырулар қорғанысқа және шабуылға байланысты техникалық тактикалық өдістер жасағанда, өз орнын табу және шешім қабылдау үшін қолданылады. Техникалық-тактикалық мақсаттағы орын ауыстыруларды үйретіл, жетілдіруге қажет болатын жаттығулар:

- бір орында жүгіруден қашықтыққа жүгіргүре ауысу;
- тізені көтеріп жүгіру;
- жүгірісті секірумен алмастыру;
- он жақ және сол жақ жанмен жүгіру;
- арнайы белгіге дейін жай жүгіруді шапшаң жүгіргүре алмастыру;
- допты еденге домалатып жіберіп, қып жетіп тебу;

— орын ауыстырудан кейін кез келген бағытқа секіру;

— кез келген техникалық өдісті қайталау.

### **Қарсыласымен орындалатын жаттыгулар:**

— қашқан серігін құыш жетіп, оған қолды тигізу;

— допты аланың ортасына қойып, әріптестер аланың шетінде допқа арқасын беріп отырады, ыскыру бойынша екеуі де допқа қарай жүгіреді, допты әрқайсысы өзі иеленуге тырысады.

### **Допты беру техникасын үйрену жаттыгулары:**

Аланда тордың жанында тұрып, ойыншы допты төменинен жоғары лақтырып, торды жағалатып береді: а)

әр түрлі бағытта (алға, артқа, жоғары);

ә) әр түрлі қашықтықта (ұзын, қысқа, қысқартылған);

б) әр түрлі биіктікте (биік, орташа, төмен).

### **Әріптеспен жаттыгулар:**

— екі ойыншы екі жақтағы бірынғай сзызықта тұрып, бір-біріне допты тордан жоғары көтеріп береді;

— әр ойыншы шабуыл сзызығында тұрады, допты беру үшін, торға дейін жүгіріп келіп, қайтадан өз орындарына кетеді.

Допты берудің кең тараған түрі – екі қолмен жоғарыдан беру. Мұның артықшылығы дәл және тұра берілуінде. Мұндай берілуді орындау барысында ойыншының аяғы тізеден сөл бүгіліш, қолы алға қарай шығып, беттің алдында болады, үлкен саусақ көздің мөлшерінде болады. Ойыншы допты беруді орындаудан бұрын бастапқы қалыпты



1-сурет

қабылдайды және допты қарсы алу үшін, қажетті жағдайда орын ауыстырады.

**Екі қолмен допты жоғарыдан беру үшін жасалатын жаттығулар:**

— допты жаттығушы екі қолмен төмennен жоғары лақтыруды немесе бір жак жаңға жоғары, орын ауыстыру арқылы төмен түсіп келе жатқан допқа жақындалап барып, допты жоғарыдан беруді орындаиды;

— қабырғаға жақын тұрып, қабырғаға бағыттап бұрып, 3—4 метрден допты жоғары беруді орындаиды.

**Әріптесімен жасалатын жаттығулар:**

— ойыншы бастапқы қалыпта тұрады, серігі допты оның қолына лақтырады, ол серігіне жоғарыдан екі қолмен беру әдісін орындаиды;

— бір-біріне допты қайталап беру;

— екі ойыншы да баскетбол көрзинасының жаңында тұрады, біреуі допты береді, екіншісі допты жоғарыдан екі қолмен көрзинаға түсіруге тырысады.

**Төмennен қабылдау (2-сурет):**

— жаттығушы әр түрлі жағдайдан допты жоғары лақтырады, ойыншының бастапқы қалыбымен допты төмennен қабылдайды;

— осылай, бірақ ойыншы допты жоғары-алға, жоғары-жынына лақтырады, ойыншы допқа жүгіріп шығып, допты төмennен қабылдап, қайта береді;

— ойыншы допты еденге соғады, доп еденнен шоршығаннан кейін, жүгіріп жетіп, төмennен беруді орындаиды. Әріптесімен төмennен беруде орындалатын жаттығулар жоғарыдан тұра берудегі жаттығулар сияқты орындалады, тек төмennен орындалады.



2-сурет.

Допты жоғарыдан екі қолмен беру және төменинен қабылдау техникалары, жеңілдетілген ойын ойнау ережелері 6–8-сынып оқулықтарында толық айтылған.

### Сұрақтар

1. Ойын техникасы нелерден тұрады?
2. Орын ауыстырудың мақсаты неде? Ол үшін қажетті жаттығуларды атандар.
3. Допты берудің қандай түрлері көп тараған?

### Тапсырмалар

1. Жаттығу ойындары кезінде гигиеналық талаптарды қатаң сақтандар.
2. Допты жоғарын екі қолмен беру және төменинен көбірек орындауга назар аударындар.

## 3. Футбол

Футбол ағылшын сөзі (foot – аяқ, ball – доп), сөзбе сөз аударылуы – «аяқ добы». Бұл – командалық ойын. Ойын мақсаты – екі командаға қарсыластар допты аяқпен немесе дененің басқа бір жерімен (қолдан басқа) қақпаға енгізу және өз қақпаларын қорғау. Алаң қөлемі: ұзындығы 100-ден 110 метрге дейін, ені 60-тан 75 метрге дейін. Футбол команданың әр мүшесін нақты ойын тәртібіне үйретеді. Дене-тәрбиесінің, жылдамдықтың нағыз керекті құралы. Әр ойыншының өздерінің жеке ойын міндеттері болады. Футбол адам ағзасына өте жоғарғы талаптар қояды. Дене дайындығының бір түрі ретінде мектепте дене тәрбиесінің оқу бағдарламасына енгізіліп отыр. Мектепте футбол сабағы дене тәрбиесінің бағдарламасымен сәйкестендіріліп өткізіледі. Бағдарламада жалпы және арнайы дене дайындығы; негізгі ойын техникасы мен тактикасы туралы теориялық түсініктемелер; жарыстағы төрелік және өз серіктерімен дайындық сабактарын өткізуудің негізгі ережелері қарастырылады.

Футбол сабағына қатысуши оқушыларға арнайы талаптар қойылады. Әр оқушы футболға қатысу үшін, рүқсат алуды қажет: егер ол алдында ауырған болса, дәрігерден дайындыққа қатысуға рүқсат алады.

Футболмен тамақ ішкен соң, 1,5–2 сағаттан кейін ғана айналысуға болады. Бұл үшін алдын ала барлық бұлшық

еттерге, өсірсек, аяқ бұлышық еттеріне арналған қыздыру жаттығулары орындалады. Үлгерім көрсеткіштері материалдарды (теориялық) қабылдауға және практикалық қозғалыстар мен техникалық өдіс-тәсілдерді орындауға (менгеруге) байланысты бағаланады. Футболдан өткізілетін сабак тек қана алғашқы дайындықты қамтиды. Футбол тактикасы мен техникасын тереңірек менгеруге және төрелік қабілеттерді жетілдіруге арнайы футбол секциялары ғана үйретеді.

*Орын ауыстыру.* Футболшының орын ауыстыруы жүгірістен, жүрістен, тоқтаудан, бұрылыстан және секірістен тұрады. Бұл элементтерді ең алғашқы сабактан бастап, әуелде жеке-жеке, кейін бірлесіп үйренуге тура келеді. Бұл өдіс-тәсілдерді үйренудің реті: жүру, жүгіру; тоқтау, бұрылу, секіруден тұрады.

Жаттығу барысында жүгірудің өр түрі қолданылады. Жүруді тура жүгіріске алмастыру, есту және көру белгілері бойынша жай жүгірісті бар екпінмен жүгіруге ауыстыру, жүруді өр түрлі заттардың арасынан ирелендеп жүгіруге ауыстыру, алға жүгіруді артпен жүгіруге ауыстыру, 10 және 60 метрге өр түрлі бастапқы қалыптан жүгіру (отырып, жатып), эстафеталық жүгірістер.

Тоқтау және бұрылу техникасын үйренуге, оны жетілдіруге арналған жаттығулар:

- жай жүгіру;
- жанмен жүгіру немесе аяқты қайшыластырып жүгіру;
- орташа жүгіру,  $90^{\circ}$ -қа бұрылып, тез жүгіру;
- жүріс немесе жүгіру;  $180^{\circ}$ -қа бұрылып, тез жүгіру;
- $360^{\circ}$  бұрылып, тез жүгіру;
- бір қолмен екінші аяққа ауыса отырып, көптеген секірулер жасау;
- жүгіріп келіп, бір немесе екі аяқпен итеріле секіру барысында жоғарыда ілүлі түрған допқа басты тигізу.

*Допты алып жүру.* Допты алып жүру аяқтың үстінің ішкі және сыртқы бөліктерімен соғу арқылы орындалады.

Бұл өдістерді толық үйренгенше, алғашқы кезенде, түзу сызық бойымен допты аяқпен тебу мен жүгірісті қалыптастыруды үйрену қажет. Бұл өдіс неғұрлым жақсы жасалса, солғұрлым тезірек жүгіруге болады. Осыны үйренгеннен кейін, жылдамдықты өзгерте отырып, допты

алып жүруді үйрену қажет, яғни допты соғысымен ойыншы өз жүгірісін өзгертеді.

Допты алыш жүруді үйрену және жетілдіруге арналған жаттыгулар:

- допты кедергілердің арасымен алыш жүру;
- жерге «сегіздікті» сзып, сол сзықтың сыртымен алғашқыда он аяқтың сыртымен, кейін қарама-қарсы бағытқа сол аяқтың сыртымен алыш жүру.

*Қақпаши ойны.* Қақпаши — ойын барысында допты қолмен ұстай алатын жалғыз ойыншы. Қақпаши ойынының техникасы осыған байланысты түсіндіріледі.

Қақпаши ойынының техникасы элементтеріне мыналар жатады: допты ұстau, допты қолмен қайтару, тоқтату, қолмен беру, тартып алу, алыш жүру, допты қолмен лақтыру және аяқпен тебу. Қақпашилық қозғалыс техникасына төменгі, орташа биіктікте және жоғарырақ биіктікте ұшып келе жатқан доптарды ұстau жатады. Допты ұстайдын мұндай түрлері құламай, құлау кезінде, секірісте орындалады. Жанында домалап келе жатқан немесе ұшып келе жатқан допқа қақпаши жүгіріп жете алмағандықтан допты құлап (жығылып) ұстайды. Құлау (жығылу) кезінде жерге бірінші сирак, сосын сан және иық тиеді. Допты қайтару — допты ұстaugа жағдай болмаған кезде орындалады. Қайтару бір немесе екі қолдың жұдырығын ұшып келе жатқан допқа қарама-қарсы қою арқылы орындалады.

*Ойын ережесі.* Алаң ойыншылар жарақат алады-ау деген заттардан таза және тегіс болуы керек. Аландағы бөлген сзықтар анық көрінуі қажет. Ойынға әрқайсысында қақпашимен қоса 11-ден ойыншысы бар екі команда катысады. Қақпашиға айып алаңында допты қолмен ұстaugа рұқсат етіледі. Төрешіге ескертіп, ойын барысында қақпашины аландағы ойыншымен ауыстыруға болады.

Үлкендерге арналған футбол екі кезеңнен (45 минуттан) тұрады да, екеуінің арасында 10 минуттық демалыс болады. Жасөспірімдер үшін ойын уақыты сал аздау:

14–15 жас – 2 кезең (30 минуттан)

16–17 жас – 2 кезең (40 минуттан)

Әр команда ойыншылары бірыңғай киінүлері қажет. Аяқ қорғанышыныз (щиток) ойнауға болмайды. Қақлашы киімі аландағы ойыншылар киімінен бөлек болады. Қақлашы

тізекорғағыш пен қолғап киүгө міндетті. Қақпашиның және аландығы ойыншылардың киімдерінде жарақат алатындағы заттар болмауы керек. Ойынға біркелкі аяқ киіммен шыққан команда қатыстырылады (кеды, бутсы). Аланда допты ойынға қосуды ойын басталар алдындағы жеребе бойынша допты бірінші соғуға рұқсат алған команда бастайды. Допқа алғаш аяқ тигізу оны қарсылас команда жағына қарай бағыттаудан басталады, бірінші соққыны бастаушы өз командасты жағына бағыттауна болмайды. Допты бірінші соғу орындалар алдында, команда ойыншылары алаңның өз бөлігінде болулары тиіс, ал бірінші соққыны орындаламайтын команда ойыншылары радиусы сыртында, өз жақтарына орналасады. Допқа алғаш аяғын тигізген ойыншыға, келесі ойыншы допқа тигенше, допқа тиүгө рұқсат етілмейді. Допты қарсылас қақпасына бірден соғуға болмайды, ондай жағдайда қақпаға кірген доп есепке алынбайды.

Егер ережеде көрсетілмеген себеп бойынша ойын тоқтатылса, онда даулы доп (спорный мяч) белгіленеді. Төреші допты әр команданың екі ойыншысының ортасына жоғары лактырды. Доп жерге түсіі керек, содан кейін барып допқа тиүгө болады. «Доп ойында емес»-деп төрешінің ыскырығы естілгенде немесе доп алаң шетіне шығып кеткенді айтады.

*Доптың үшу жолының ерекшеліктері:*

Допты тебу, негізінде, екі түрде орындалады: тіке және айналдыра үру (кесіп үру).

Айналдыра немесе кесіп тепкен кезде допты он немесе сол жағына таман тебу керек.

Тік үруды тәжірибе жүзінде барлық түрде жүргізуге болады. Бірақ табанның сыртқы жағымен үрған кезде бірталай қындық тудырады. Кесіп үрған кезде, көбінесе табанның ішкі жағымен, өсіреле, табанның ішкі жоғарғы жағымен тепкен өте онтайлы.

Доптың үшу жолы тепкен кездегі аяқтың допқа тиген күшіне байланысты. Доп төмендеп немесе тік үшу үшін доптың орта шенін тебу керек. Ал егер тебу күші көлденең естің төменгі жағынан түссе, онда үшу бұрышы өзгереді.

Тіке немесе көлденең өсті айналдыра тебу күші түскен доптың үшу бағытынан бұрылуы онға-жоғары немесе

солға-жоғары болады. Доптың үшу жолы кесіп үрған кезде көбірек өзгереді. Бұл кезде тебу бағыты доптың ортасынан емес, сыртынан болатын болса, доптың айналымын көбейтеді.

Үшу бағытында доп айналып, ауа кедергісіне үшіраған кезде, жолын жөне бағытын біршама өзгертеді.

*Допты табанның ішкі жағымен тебу.* Бұл ойын тәсілі, көбінесе, футболшы қысқа және жақын қашықтықтағы өріптесіне допты бағыттағанда және жақын қашықтықтан нысанана тепкенде пайдаланылады. Осы ойын тәсілінің негізгі ерекшеліктерін қарастыралық (1-сурет). Допқа үмтүлшіп жүгіру, допты көздел табетін бағыт бір сзыққа орналасқан. Допты табетін аяқтың серпілуі ең ақырғы жүгіру адымына байланысты. Тебу қозғалысы балтырдың сыртқа қарай бұрылудымен бірге сыртқа және жоғары қарай бағытталғанда, тік бұрыш жасап, доптың үшу бағытына қарай қозғалады. Доп табанның ортасымен және ішкі жағымен тебіледі.

Допты табанның ішкі жағымен тебудің басты ерекшелігі — доп түзу үшады, себебі табан мен доптың тиу көлемі үлкен, бірақ үру күші басқа тебу түрлеріне қарағанда, өлдекайда төмен.

*Табанның ішкі жоғары жағымен тебу.* Көбінесе орташа және алыс бағытқа алаңның әр жерінен көздел тепкен кезде қолданылады. Допқа үмтүлшіп жүгіру  $45^{\circ}$  аралығында өтеді (допқа қатысы бойынша). Кей жағдайда  $30^{\circ}$ — $60^{\circ}$  аралығында болуы ықтимал. Тебетін аяқтың сілтенуі жоғары қарқынды мөлшерге жақын. Тірейтін аяқтың тізесі аздал бүгіліп, доптың сыртқы жағына қойылады. Дененің салмағын аздал тірейтін аяқта түсіру керек. Тебу қозғалысы сан алға қарай қозғалып, балтырдың тез қимылымен аяқталады. Тебер кезде, оған аяқты дайындау керек. Табанның жоғары ортасымен тепкен кезде де балтыр осылай қойылады (2-3-суреттер).



1-сурет



**2-сурет**


Допқа үмтүшіп жүгіру бағытына, көздеген жерге допты дәл және тұра соғу керек. Тірелтін аяқ, табан мен доп бір сзықта орналасады. Мұндай талап допты теуіп, ары қарай шығарып салу қимылында да сақталады. Доп пен табанның бір-біріне біраз орын алғып жалғасуы допты тұра тебуге көмек етеді. Бірақ бір жағдайда үмытпау керек, тепкен кезде, аяқтың ұшын төмен қарай созу керек. Мұндай жағдайда кейбір уақытта аяқтың ұшы жерге тиіп жарақаттануы ықтимал. Соған байланысты тебу күші және оның әсері төмендейді.

*Допты табанның сыртқы жағымен тебу.* Бұл тәсіл, көбінесе, допты кесіп тепкен кезде қолданылады. Қимыл жүйесінде допты табанның ішкі және сыртқы жағымен тепкенге үқастығы бар. Бұл тәсілдің ерекшелігі – балтыр мен табанды ішкі жаққа бұру керектігінде.

Допты аяқтың ұшымен (башайлармен) тебу, көбінесе, дайындықсыз, ойламаған жерден нысанана допты бағыттап үрғанда қолданылады (4-сурет).

Тебу қозғалысына қойылатын негізгі шарт – аяқтың ұшын жоғары қарай тарту.

Козғалыссыз жатқан допты тебу, көбінесе, айып допты ойынға қосқанда, ойын басталарда және қақпаши алаңдан



**3-сурет**

допты ойынға қосқанда қолданылады. Жоғарыда айтылған допты тебу тәсілдерінің үқастығы және бір-біріне қатысы бар. Өзгешелігі

— допқа ұмтылып жүгіру кезінде жылдамдықты ауыспалы өдістермен орындауда.


*Домалап келе жатқан допты тебу тәсілі қозғалыссыз жатқан допты тебуге үқас. Тәсілдің негізгі ерекшелігі — сол доптың қозғалыс жылдамдығы мен тебетін адамның жылдамдығының сәйкес болуы. Допқа ұмтылып, бағыт алу қозғалыстары мына тәсілдерден: допқа қарсы, қарсылас ойыншыдан оң не сол қанатпен қашудан және басқа да түрлерден тұрады.*

Ойыншыға қарай домалаған допты тебердің алдында, т्रейтін аяқ допқа жеткізілмей қойылады, доп оң жақтан не сол жақтан келетін болса, онда допты жақын аяқпен тепкен дұрыс.

Домалап келе жатқан допты тебудің қай түрі болса да (өкшемен болса да) доптың қозғалу жылдамдығына қарай оған тосқауылға тірелетін аяқ қойылады (5-сурет).

Жоғарылап ұшып келе жатқан допты тебу, негізінен, ұшқан доптың бағытына байланысты.

Төмендеп ұшқан допты тебу тәсілдері домалап келе жатқан допты тебу тәсіліне үқас. Доптың ұшатын бағыты т्रейтін аяқтың қойылуына байланысты. Одан басқа ұшып келе жатқан допты бұрылып, өзінен асырып және жерге тигізбей тебу тәсілдері бар. Олардың барлығы жоғарыда айтылып кеткен тәсілдерге үқас (6,7,8-суреттер).



4-сурет



5-сурет



6-сурет


**Допты баспен үру** – ойын жүргізу барысындағы ең бір керекті тәсілдердің бірі. Бұл тәсіл ойында белгілі бір мақсатқа жету, допты қақпаға енгізу және өріптесіне допты беру үшін қолданылады.

Допты, көбінесе, мандайдың ортасымен үрады. Бірақ ойын барысындағы әр түрлі жағдайларға байланысты саналуан erekшеліктері болуы мүмкін.

Секірмей бір орында түрып мандайдың ортасымен үру кезінде аяқтың арасы 50–70 см алшақ болу керек. Үруды орындағанда, ойыншы денесін артқа қарай шалқайтып, артқы аяғын иіп, дene салмағын сол аяққа түсіреді. Қол мен шынтақ аздал иілуге тиіс (9-сурет).

Үру қимылы артқы аяқтың қайта иіліп, дененің тік жағдайға келіп, допты баспен алға қарай үрумен аяқталады.

Мандайдың ортасымен секіріп үру бір немесе екі аяқпен итеріліп секіруден, содан соң денені, басты артқа шалқайтып, тез арада допқа үмттылып үрудан түрады. Секіру дайындық кезеңге жатады. Үру қимылы ең жоғары секірген



7-сурет



8-сурет


9-сурет

кезде басталады. Бұл кезде ойыншы өзінің секіру күші мен доптың ұшу бағытын есепке алуы керек. Допты ұру ең жоғары секіру кезінде орындалады (10-сурет).


Жерге аяқтың ұшымен, екі аяқты екі жаққа алшақтау жіберіп түсу және тізені бұгу ойыншыға жерге жұмсақ түсуге көмектеседі.

Мандайдың ортасымен бұрылып ұру, көбінесе, доптың ұшу бағытын өзгерту үшін қолданылады. Одан басқа допты он немесе сол шекемен ұру және алға қарай секіріп құлап ұру тәсілдері ойында көбірек қолданылады (11,12,13-суреттер).

Допты тоқтату тәсілдеріне қойылатын негізгі талаптар – допты тоқтатып оған ие болу. Негізгі шарт – доптың домалап келе жатқан жылдамдығын азайтып немесе ұшып келе жатқан допты ұру үшін келесі қимылға дайындалу. Допты тоқтату ұфымын, негізінде, допты қабылдау немесе допқа ие болу деп түсіну қажет. Демек, допты тоқтату тәсілдерін футболшы орындаған кезде, мұны түгел тоқтату



10-сурет



11-сурет

емес, келесі ойын қымылыша дайындық жасау, өзіне қажетті жағдай туғызу деп білу керек. Допты аяқпен, денемен және баспен тоқтатуға болады. Оның топтастырылуы 1-кестеде көрсетілген.


*Допты аяқпен тоқтату* – көбінесе, ойын барысында қолданылатын негізгі тәсіл. Бұл тәсілде өр түрлі әдістер қолданылады.

*Дайындық кезеңі* – бастапқы қымылды бастау үшін, дененің салмағы тірейтін аяқта түседі. Аяқтың тізесі аздап иілуі керек. Допты тоқтатып, аяқты алға қарай немесе ұшып келе жатқан доптың алдына қарай бағыттау қажет.

*Негізгі жұмыс кезеңі* – аяқтың бүлшық еттерін, буындарын доптың қозғалысын тоқтату үшін бос ұстая керек. Сонда қозғалып келе жатқан доп аялдан келіп



12-сурет





13-сурет

тоқтайды. Тербеліс доптың үшү жылдамдығына байланысты. Егер доптың үшү жылдамдығы аз болса, онда допты тоқтатарда аяқтың бүлшік еттері мен сінірлерін бос күйінде үстап, артқа қарай ийту қозғалысын орында маса да болады.

*Аяқтау кезеңі* – бастапқы қалыпқа келіп, келесі қимылға дайын болу.

### 1-кесте



## **Сұрақтар**

1. Футбол ойынының мақсаты не?
2. Футбол ойынында деңенің қандай қасиеттері қалыптасады?
3. Футболда орын ауыстыру қалай жүзеге асады?
4. Допты қалай алғып жүргүте болады?

## **Тапсырмалар**

1. Тоқтау және бұрылу техникасын үйрену мен жетілдіруге арналған жаттығуларды күнделікті орындаپ жүріндер.
2. Допты алғып журу мен оны жетілдіруге арналған жаттығуларды орындандар.
3. Ойын кезінде бір мезгіл қақпашиның да рөлін атқаруға тырысындар.
4. Ойын ережелерін оқып үйрендер, өздерінді ойынның нұсқаушысы, төрешісі болуга даярландар.

## **4. Қол добы**

Қол добы – атлетикалық дайындықты өте керек ететін спорттық ойын. Адам ағзасына көп өсер ететіндіктен ойын уақытында спортшылар өте шыдамды болуы керек. Қол добын екі команда ойнайды, өрқайсысында жеті адамнан болады; алтауы – аландағы ойыншылар, біреуі – қақпаши. Ойын алаңының мөлшері 40x20 метр, ойын уақыты екі бөліктен тұрады, өрқайсысы 30 минуттан және арасында 10 минуттық демалысы болады.

Қол добы – жастар мен балалардың деңсаулығын нығайтуға және деңе тәрбиесімен айналысуға қолайлы. Ойын жаттығушылардың ағзасына жан-жақты өсер етеді. Ойын барысында окушылар ағзага көп өсер ететін түрлі: жүгіру, секіру, лақтыру секілді қимылдар жасайды.

Мектептегі қол добы бағдарламасы бойынша окушыларда ойын тактикасы мен техникасын үйрену және осы ойынды өз еріктерімен үйымдастыру туралы түсініктер қалыптасады: ойын барысында допты серіктесіне беру, допты жерге (еденге) алаңының бетіне соғып алғып жүру, допты сзықты баспай қақпаға лақтыру (қақпаши алаңы 6 м). Мұнан басқа ойыншыларға өздерінің қақпасын шабуылдаушыдан қолымен және деңесімен кедергі жасауға рұқсат етіледі.

Колындағы доппен үш адымнан артық қадам жасауға, допты 3 секундттан артық үстап тұруға, допты ойынға қосарда 3 метрден кем жақындауға, қақпаши алаңына

қақпаны қорғау үшін кіруге, ойыншыны ұстауға, допты қолдан жұлып алуға және қарсылас команда ойыншысын соғуға рұқсат етілмейді.

Қол добы сабағы, басқа да спорттық ойындар сияқты үйымдастырылады. Бұлшық еттер мен буындарды жарақаттап алмау үшін алдыменен жалпы дамыту жаттығуларымен, жылдам қимылдармен қыздырыну керек. Бұдан кейін допсыз, арнайы жаттығулар орындау қажет. Жаттығудың негізгі бөлімінде тактикалық қарым-қатынастар мен ойын өдістері үйретіледі. Жаттығу бұрын үйретілген өдістер мен қимылдарды қолдану кезіндегі екі жақты ойынмен аяқталады.

Допты беру. Қол добында допты беру бір қолмен орындалады.(1-сурет) Допты саусақтармен қысып немесе алақанда жатқызып ұстауға болады. Буынның қозғалысы төмендегідей жаттығулармен жетілдіреді:

1. Қолды алда ұстап, допты бір қолдан екінші қолға лақтыру.


2. Допты денеден айналдырып, бір қолдан екінші қолға беру, алдымен орнында, содан кейін жүріс пен жүгірісте беріп үйрену қажет.

3. Бастапқы қалыш: доп алға созылған екі қолда, жоғары-төмен кезекпенен сермеу, допты саусақтармен ұстап кең көлемде жанға сермеу.

4. Допты саусақтармен қысып ұстап алдыменен орнында, сосын жүріс пен, жүгіруде әртүрлі бағыттарда лақтыруды орындау (2-сурет).



1-сурет



2-сурет


**Беруді үйрену жөнө жетілдіру жаттығулары:**

1. Екі ойыншының бір-біріне қарама-қарсы тұрып 3–10 метр қашықтықтан допты бір-біріне беруі.
2. Екі серіктес доптарымен 5–10 метр қашықтықта бір-біріне қарап тұрады. Үшінші ортада, шеттегілер лақтырған допты ұстап, алдын ала келісілген өдіспен қайта қайтарып береді.
3. Екі серіктес доптарымен 10–20 метрден бір-біріне қарап тұрады. Олардың ортасына бір-біріне арқасымен қарап екі ойыншы тұрады. Команда бойынша шеттегілер ортадағыларға допты береді, ортадағылар допты бір-бірін айналып өтіп, қайтарып береді.
4. Екі ойыншының бірге жүгіріп отырып, допты бір-біріне беруі, қозғалыс жылдамдығы біртіндеп көбейтіледі.
5. Артта жүгіріп келе жақтан ойыншыға допты секіре бұрылып беру.

**Қақпаши ойны.** Қақпашиның орынинда дұрыс тұруы көп рөл атқарады. Допты қайтару үшін өдіс-тәсіл ойластыруға қақпашиның уақыты аз, сондықтан қақпашиның дұрыс тұруы, допты қайтаруға дайындалуы көп қызмет атқарады. Алаканды алға қаратып, сөл бүгілген (3-сурет) қолды екі жаңға ұстau, дene салмағын екі аяқа бірдей бөліп, сөл бүгілген аяқтың арасын 20–40 сантиметрдей ашып тұру қақпашиның негізгі тұрысы. Негізгі қимыльна дайындалу үшін қақпаши жанына, алға жүруді жөне жүгіруді қолданады. Әрқашан да дайын болу жағдайы қақпашины орнында мықты тұруға міндеттейді. Қақпаши секірулерді бір немесе екі аяқпен итерілуден соң орындаиды, бұл жерде жанына секірулөр алдын ала дайындалған қозғалыстарсыз орындалады. Қақпаши секірулерді көбінесе тек 1 адымды қолдану арқылы орындаиды.



3-сурет



4-сурет

Допты тоқтату – бұл әдіс, шабуылдаушы лақтырғанда үшып келе жатқан доптың (4-сурет) бағытын өзгерту және қақпашиға допты тоқтату үшін қолданылады. Бұл әдісті өртүрлі жағдайда орындауға болады: бір немесе екі қолмен, бір немесе екі аяқпен, доптың үшү жағдайына байланысты қеудемен тоқтатуға болады. Тізе деңгейінде немесе одан төменде үшып келе жатқан допты қақпаши аяқпен қайтарады. Допты бір аяқпен, аяқты сермей немесе созыла отыру арқылы (шатқа отыру) қайтаруға болады. Қалған жағдайда қақпаши қолмен қорғалады. Допты екі қолмен тоқтату жағдайларындағыдай орындалады. Қақпаши үмтышып барып, алақанмен допты тоқтатады. Доп бір қолмен төмennен, жаннан және жоғарыдан тоқтатылады.

### Сұраптар

1. Қол добы алаңының мөлшерін, ойынның ұзактығын, ойын неше бөліктен тұратындығын атандар.
2. Допты беру тәсілдерін атандар және көрсетіндер.
3. Қақпашиның орнында болсандар допты қалай тоқтатар еліндер?

### Тапсырмалар

1. Қол добы аса шыдамдылық, шапшандық, т. б. қасиеттерді қажет ететіндігін ескеріп, өздерінді осыған даярлай біліндер.
2. Қол добы ойның деңсаулықты ныгайтуда мол мүмкіндіктерге ие екендігін есте үстандар.

## V. ҚАЗАҚША КҮРЕС

Қазақша күрес халық арасына кең тараған ұлттық спорт түрлерінің бірі. Қазіргі кезде ол жаңа түр, жаңа мазмұнға ие болып, жастардың сүйіп шұғылданатын спортына айналды. Қазақша күрес жүректілер мен күштілердің мұрат тұтқан ісі деп аталып жүр. Шын мөнінде де солай. Ерте кездерде қазақтың той-томалағы күрессіз өтпеген. Тіпті қазірдің өзінде жеткіншектер мен жасөспірімдер арасында кең тараған күрес (грек-рим, еркін күрес, т. б.) түрлерімен тұрақты түрде айналыспаса да, белдеспейтіндері, өсіресе ауылдық жерлерде, кемде-кем. Осы себепті қазақша күрестің алғашқы өліппесімен таныса берсін деген мақсатпен еліміздің белгілі күрес мамандары даярлаған әдістемелік оқу құралынан ең қажет деген әдіс-тәсілдерді ұсынып отырмыз.

Қазақша күреспен шұғылдануды неден бастау керек?

Тек қана табиғи күш болса, күресуге болады еken деп сыңаржақ түсінуге болмайды. Күштілік, батылдық, тәзімділік сияқты қасиеттер мен болаттай берік денсаулық үзақ уақыт талмай жаттығу негізінде ғана пайда болады. Сондықтан спорттың бұл түрімен неғұрлым ерте айналыса бастасандар, солғұрлым тез шындалып, шынығасындар.

Нағыз балуан болу үшін адам өзін көп нәрсеге бағындырып, барынша көбірек жаттығуға ықылас қоюы қажет. Міне, сонда ғана адамның денесі шындала түседі.

Бүгінгі қазақша күрес ережелері бойынша балуаннан барынша ептілік пен шыдамдылық талап етіледі. Кілем үстіндегі белдесу 10 минутқа созылады. Оның бес минутынан кейін бір минуттік үзіліс беріледі. Демек, балуан үйренген әдіс-айласын өрі өз күшін осы уақытта барынша сарқа пайдалануға тиіс.

Балуанның бұлшық еттері өрі жылдам қимылдар жасауға, өрі тосын қимылдарға дер кезінде қарсылық көрсете алатындей болып жетілуі керектігі өзінен-өзі түсінікті. Міне, сондықтан да болашақ өр балуанға лайықтап үйымдастырылған жаттығулардың өзіндік мәні бар. Әсіресе, балуанның мойын мен омыртқа еттерінің жақсы жетілуін қадағалаған абзал. Сол сияқты иық, шынтақ, тізе буындарының бұлшық еттерін жетілдіретін

жаттығуларды да көп жасаған жөн. Осыдан барып балуаның онды-солды қозғалысының жылдамдығы артып, бұынбұындары иілгіш болады. Мұндай жаттығуларды әрбір сабактың алдында өткізудің аса зор маңызы бар. Сонымен қатар онтайлы түрде құлап түсуге, тепе-тендік қалыпты жақсы сактауға үйрену қажет болады.

Жаттығу кезінде күрес секциясына жаңа келген жасөспірімнің жарақат алып қалуы да мүмкін. Күрес болғаннан кейін мұндай кездейсоқ оқиғалар болады. Қындықсыз биікке көтерілу мүмкін емес. Мұндай жағдайда жарақаттанған жерге сұық компресс қойып, созылған бұлшық етті мықтап таңып тастау керек. Содан кейін дереу дәрігермен хабарласқан жөн. Ең қажеттісі әрбір сабак алдында мүқият бой жазған (қыздырынған) дұрыс. Енді сабак алдындағы бой жазу жаттығуларының бірнеше түрімен танысындар.

**1-жаттығу.** Аяқ арасын ашып, кеудені тік ұстап, қолды екі қапталға түсіріп тұру керек. Одан кейін жайлап, қапталмен екі қолды жоғары көтереді. Спортшы аяғының ұшына тұрып, еркін дем алады. Қайтадан, қолды жайлап төмен түсіреді. Мұны 5–7 рет қайталаган жөн.

**2-жаттығу.** Аяқтың арасын ашып, қолды созады. Сөйтіп қолды онға не солға қарай жайлап айналдырады. Бұл алғашқыда жай басталады да, содан кейін барынша тездетіле түседі. Қол айналысы кезінде демді бірқалыпты алып отыру керек. Жаттығу 3–4 рет қайталанады.

**3-жаттығу.** Аяқтың арасын ашып, алақанды төмен қаратып, қолды алға созады. Бұл мезетте бір қолын жоғары, екінші қолын төмен түсіріп, шегіне жеткенше артқа созады. Осылай алма-кезек қайталап, жаттығуды 10–12 рет қайталау қажет.

**4-жаттығу.** Аяқты қатар қойып, кеудені тік ұстап, екі қолды қапталда ұстайды. Сөйтіп, он аяқтың буындарын бүкпей, жоғары көтеріп сол қолының ұшына тигізеді. Содан кейін сол аяғын он қолымен дәл осында қимылда байланыстырады, жаттығу 6–8 рет қайталанады.

**5-жаттығу.** Аяқтың арасын иық деңгейінде ашып, саусақтарын бір-біріне айқастырып доға жасайды да, оны басынан жоғары көтереді. Содан кейін өuelі он, кейін сол бүйіріне қисаяды. Мұны 6–8 рет қайталау керек.

**6-жаттығу.** Иық деңгейінде аяқтың арасын ашып, алақанын жерге қаратып, қолдарын алға созады. Тізесін бүкпестен алақанды жерге тигізу керек. Бұл да 4–5 рет қайталанады.

**7-жаттығу.** Аяқтың арасын иық деңгейінде ашып, қолдарын бүйіріне қояды. Сөйтеді де жүресінен бірнеше рет отырады. Мұны да 15–18 рет қайталаған жөн.

**8-жаттығу.** Оң аяғын алға қарай созып, бүгіле отырады. Екі қолы мен тізесіне бар салмағын сала ырғалады. Содан кейін бұл қимылды сол аяғын алға қойып қайталайды. Жаттығу 6–7 рет жасалады.

**9-жаттығу.** Аяқтың арасын иық деңгейінде ашып, қолдарын бүйіріне таянады. Сөйтеді де, белі арқылы алдымен оң, кейін сол бағытта айналады. 14–16 рет жасау керек.

**10-жаттығу.** Шалқалап жатады да, аяқтарын жоғары көтереді. Содан кейін оң аяғын алға, сол аяғын кейін созады. Бұл қимылды жиілете қайталап, 14–18 рет жасайды.

**11-жаттығу.** Етпетінен жатып, бар салмағын екі қолы мен аяғының ұшына түсіреді. Содан кейін қолының буынын бүгіп, қеудесін жерге тигізеді де қайтадан көтеріледі. 8–10 рет қайталанады.

**12-жаттығу.** Шалқасынан жатады. Көпір жасап, екі алақанымен жер тіреп иіледі. 6–7 рет қайталау қажет.

**13-жаттығу.** Екі аяқтың арасын иық деңгейінде ұстап, шалқалап барып басымен жер тірейді. Содан кейін мойынға күш салып, ілгері-кейін ырғалады. Бұл жаттығу орындаларда алдымен кілемге алақанды тіреп, демеу жасаған дұрыс. Кейіннен бірте-бірте қолдың көмегінсіз орындалады. 10–14 рет қайталады.

**14-жаттығу.** Көпір жасап, өкшесіне қарай шалқая иіле түседі. Бұл қимылды иегін кілемге тигізгенше жасайды. Жаттығу 10–15 рет қайталанады.

**15-жаттығу.** Бір орында тұрып, бір аяқпен, сосын екі аяқпен секіру. Бой жазуды жеңіл жүгіріспен аяқтауға болады. Осы жаттығулардан кейін салқын сумен жуыну керек. Содан кейін-ақ дененің жеңілдеп, жана бір күш қуаттың пайда болғанын сезінуге болады. Бұл жаттығуларды таңертенгілік гимнастиканың жынтығына енгізіп, күн сайын қайталап отырған дұрыс.

Күн сайын өз уақытын белгілі бір кестеге бағындырып, режім сақтау — спортшы үшін таптырмайтын қасиет. Мұның өзі адамның еркін шындаиды, өз ісіне деген бірбеткейлігін арттырып, алдағы мақсатына жетпей тынбайтындағы етеді.

Әр жаттығуды белгілі бір уақытта өзгермейтін кесте бойынша өткізген дұрыс. Бұл спортшылардың арасындағы тәртіпті қатаң сақтауға жағдай туғызады. Қресті жаңа бастаушылар үшін жаттығу аптасына үш рет өткізіледі. Ал оның уақыты жергілікті жағдайға, секцияға қатынасушылардың мүмкіншілігіне қарай белгіленеді.

Жаттығуды жыл бойы үзбей жүргізу керек. Жаттығу белгіленген мерзім бойынша үнемі жүргізілмесе, спортшының шеберлігін шындау мүмкін емес. Қазақша құрес жыл маусымына байланысты өткізілетін спорт емес. Мысалға, футбол жаз айларында ғана ойналады той, ал конькиден, шаңғыдан, хоккейден жарыстар көбінесе қыс айларында өтеді. Ал қазақша қрестен жаттығуды наурызда да, қыркүйекте де, қантарда да өткізе беруге болады. Тек жаттығуға қолайлы шағын бөлме болса жеткілікті. Негізінен секцияны жаңа оқу жылы басталатын қыркүйектен бастап үйымдастырған жөн.

## 1. Балуанның жан-жақты дайындығы

Қазақша құрес — спорттың күрделі түрлерінің бірі. Мұнда жан-жақты дайындығы мол, күшті, төзімді, епті спортшы болмай жеңіске жету, жарыстарда чемпион атану мүмкін емес. Кілемге шыққан екі балуанның қайсыында жоғарыда айтылған қасиеттер мол болса, әрдайым жеңіске сол ие болмақшы.

Қазақша құреспен жаттығу барысында спортшының тез өрі дәл ойлауы, қын жағдайда қауырт шешімге келу қабілеті де артады. Себебі белдесулер аз уақыттың ішінде өте шапшаң өтеді. Секундтың бір ғана сөтінде бәсекелесінің ойын аңғарып, қарсы әдіс қолдану, жағдайды пайымдаپ қимыл жасау аса сезімталдықты, шапшандықты қажет етеді.

Ең алдымен батылдық керек. Табиғатынан су жүрек,

қорқақ жандар жекпе-жекке шығып, жеңіп көрген емес. Күрес үшін батыл, ер жүрек жігіттер керек. Жасықтар мен жалқаулар ешқашан балуан бола алмайды. Олар үшін кілемге баратын жол жабық.

Белдесулер кезінде адамның бойындағы сан қасиеттер сынға туседі. Бірнеше секундқа, кейде түгелдей 10 минутқа созылатын жекпе-жектерде, жаттығу барысында бойға жиналған әдіс-айла, күш көрінеді. Кейде жеңісті осы қасиеттердің бірі қамтамасыз етсе, екінші жолы басқалары кем соғып жатады. Сондықтан да балуанның жан-жақты дайындығы туралы әңгіме қозғағанда оның тактикалық, психологиялық дайындығы жөне жылдамдық, төзімділік сияқты қасиеттерінің бірлесе бас қосуын айтамыз.

Жан-жақты дайындығы мол спортшылар белдесу кезінде тактикалық әдістерді де өз қалауынша пайдалана алады. Мысалы, жекпе-жек кезінде өзіне қажетті жеңіс үшін үпайын жинап алған балуан қорғанысқа көшті делік. Ол өз бәсекелесі шабуылның нәтижелі аяқталуына мүмкіндік бермейді. Міне, дәл осындай жағдайда ұтылып келе жатқан балуанға үнемі түйдектелген шабуылға шығатындағы күш, төзімділік қажет. Сонда ғана осындай тактика арқылы ол бәсекелесінің қорғанысын бұзып, жіберген есесін қайтарады. Осындай қасиеттер ғана жеңіске жол ашады.

Міне, осындай қасиеттер бір адамның бойынан табылған жағдайда ол сөз жоқ атақты балуан бола алады. Енді сол қасиеттерді дамытуға жеке-жеке тоқталып өтейік.

**Күш.** Салмақтары бірдей екі балуан белдесуде делік. Олардың бірін-бірі көтеріп, әдіс қолдануы үшін үлкен күш керек. Ал күш болмаса үйренген айла-тәсілдерді пайдалану оңайға түспейді. Әдістерді қолдану барысында әр түрлі бұлшық ет топтарына әр қылыш күш түседі. Кейбір бұлшық еттер бір сөтке ғана жұмыс істесе, қалған бір топтарға ұзақ уақыт қатайып тұруға тұра келеді. Сондықтан балуанның бұлшық еттері өрі шыдамды, өрі шапшаң жиырыла алатын, ретті жерінде тез босаңсып, дамылдайтында болуы керек. Мысалға, ауыр атлеттерді алайықшы. Олардың бұлшық еттері өте қысқа, 10–15 секунд аралығында жұмыс істеуге дағдыланған. Ал балуан үшін бұл жеткіліксіз. Сонда балуан күшін қандай бағытта дамыту керек?

Күшті дамыттын жаттығулардың қатарына батпанмен, гирмен, штангамен, ядромен, эспандермен, резина амфизатормен орындалатын жаттығулар тобы жатады. Екі балуан бір-бірімен белдесіл жаттыққанда да күш дамиды.

Балуанның денесін ширатып, күшін арттыруға гирмен жасайтын жаттығулардың өсері үлкен. Бұлар сығымдап жүлқи тарту және лактыру (жанглирование) сияқты біrnеше түрге бөлінеді. Жаттығуға кіріспестен бұрын балуан бірқатар дайындықтан өтуге тиіс.

Бұрын спорттың ешбір түрімен айналыспағандар күнде таңертең гантельмен жаттығу жасап, гимнастикалық қымылдармен денсаулықтарын біраз нығайтқандары дұрыс. Гирмен жаттығу жасау үшін міндettі түрде дәрігерлік бақылаудан өту керек. Гирлердің салмағы 8, 16, 24, 32 килограммнан болады. Элбетте, әуелі жеңіл салмақты гирлермен, кейін бірте-бірте ауыр салмақты гирлермен жаттығу жасалынады. Тым ауыр салмақты бірден көтеру денсаулыққа нұқсан келтіреді.

**Шапшаңдық.** Шынында шапшаң қымылдайтын балуан өзінің бәсекелесіне қарағанда, айла-әдістерді тез қолдана алады. Балуанның шапшандығы айналасы біrnеше метр ғана аядай кілем үстінде қарсыласының белдесу кезіндегі тұрысына, есіту, көру, түйсіну органдары қабылдаған белгілеріне байланысты болғандықтан, жеңіл атлеттің шапшандығымен еш салыстыруға болмайды.

Сондықтан балуанның шапшандығын дамыту туралы айтқанда, осындай ерекшеліктерді ескеруіміз керек. Шапшандық біrден пайда болмайды. Оны дамыту да оңай емес. Тез қымылдау өр адамның жеке басының өзгешеліктеріне байланысты.

Біреулер табиғатынан жылдам болса, екінші біреулері ебедейсіз, икемсіз болады. Ебедейсіз спортшыларға шапшандықты дамыту үшін, ұзақ уақыт жаттығу керек. Шапшандық қабілеті бар балуандар біраз жаттықкан соң, ете тез қымылдайтын дәрежеге жетеді. Шапшандыққа арналған жаттығуларды сабактың басында бой жазу барысында және ағза тың түрған аптаның алғашқы күндерінде өткізуге көніл аудару керек. Сондаған оның нәтиjесі тез байқалады.

Бірақ шапшандықты дамытуды күш пен еptілікті

жетілдіруден бөлек алып қарауға болмайды. Бұл қасиеттерге арналған жаттығулар күн сайын сабактасып, қатар жүріп отыруға тиіс. Күш жеткіліксіз жағдайда, шапшандықты дамыту оңайға түспейді.

Балуанның күтпеген жерден тосын шабуылға шығып, бәсекелесінің қимылына алдын ала, тез, қарсы өдіс қолдана білуі – оны жеңіске жеткізетін сенімді құралдарының бірі. Тіпті өдісті секундтың жүзден бір бөлігіндегі уақыт қана бұрын қолдануының да маңызы зор.

Шапшандықты арнайы тұлыппен дамыту өте пайдалы. Бір өдісті үйренгеннен кейін, жаттығуға қатысқан балуандарды отыз секунд ішінде сол өдісті кім көп орындаі алатындығын білу үшін өзара жарыстыруға болады. Сондай-ақ шапшандықты дамытудың екінші бір түрі – өте ауыр салмақты балуандардың өзінен жеңіл екі өріптесіне қарсы күресуі. Екі адам жабылған уақытта баяу қымылдайтын, ауыр салмақты балуан тез күреспесе, бәсекелестерінің онтайлы ұстауына мүмкіндік туғызады.

Шапшандықты дамытудың қалған жаттығуларына 20–30 метрге жүгіру, футбол, баскетбол ойнау, секірудің барлық түрлерін, серпу, граната, диск, найза лақтыру және акробатика жатады.

**Шыдамдылық.** Қазір ірі халықаралық аrenaға шығып, өнер көрсетіп жүрген балуандар белдесуге берілетін он минут уақытты өте тез қарқынмен өткізе алады.

Ал көптеген жарыстарда өр спортшының күн сайын бес-алты реттен кілемге шығатын кездері де аз емес. Мұндай жағдайда, көбінесе, өте шыдамды, шаршамайтын адамдарғана өзін тың сақтап, жеңіске жетіп отырады. Белдесуді баяу, өте сылбыр өткізетіндер ұзаққа шыдай алмай, орта жолда жарыстан шығып қалады.

Дайындық және жарыс қарсаңдағы кезеңдерде балуанға шыдамдылықты жетілдіретін жаттығулар жасай беру керек. Олардың қатарына кросстар (10–15 км) жүгіру, суда жүзу (2–5 км), футбол, баскетбол (60–90 минут), шаңғы, велосипед тебу (20–50 км), штанг көтеру, резина – амартизатор сияқты көмекші құралдармен ұзақ уақыт жаттығулар жасау жатады. Шыдамдылықты дамытудың бірінші түрі қайталау өдісін пайдалану. Мысалы, 20 килограммдық штанганы 50–60 рет дем алмай, сыйымдай

көтеру бүлшық еттерді шыдамдылыққа үйретеді. Шыдамдылықты дамытуың екінші үдемелі түріне жататын жаттығулар алғашында аз көлемде орындалып, кейін бірте-бірте үдеп, өсіп отырады. Мысалға, спортшы алғашқы кезеңде кроста 3–5 километрге жүгірсе, кейін оны 10 километрге дейін өсіру керек.

Бұл ағзаның шаршамауына, жұмысқа бірте-бірте қалыптасуына жағдай жасайды.

Жарыс алдында шыдамдылықты дамыту үдемелі, екінші түрде жүргізіледі. Бұл кезде жаттығулар өте тез орындалып, оның арасында демалысқа берілетін уақыт мейлінше қысқарады. Мұның өзі көбінесе жарыстар үстінде де байқалып қалатын жағдай. Мысалы, балуан бір күнде үш белдесу өткізді делік. Эр белдесудің арасындағы уақытының жарты сағаттан да аз болуы ықтимал. Бұл шыдамдылықты өте қажет ететін жағдай. Сондықтан алдын ала мүқият дайындықтан өткен балуан жарыс кезіндегі әлгі тегеурінді белдесуге шыдай алады.

Кейде жаттығу кезінде бірінен соң бірімен қатарынан бірнеше балуанмен күресу де шыдамдылықты жақсы дамытады. Мысалға, еркін күрестен КСРО кубогының жеңімпазы, жартылай жеңіл салмақты Аманжол Бұғыбаев жауапты жарыстар алдында 10 минут ішінде үш балуанмен күреседі екен. Бірінші бәсекелесімен 3 минут белдескеннен кейін, оған қарсы келесі кезеңге тың балуан шығады. 7 минут өткеннен кейін, онымен үшішінің күреседі.

Шыдамдылық балуанның жігерлілігіне байланысты. Кейде жарыс кезінде оның шаршайтындығы, кейір белдесулердің соңғы минуттарында кілем үстінде аяғын өзөр алып жүретіндігі байқалады. Мұндай сөттерде жігерлі, еркі күшті балуан ғана қайрат таба алады, қажыр, шыдамдылық көрсетеді.

**Ептілік.** Егер мысықты төрт аяғынан үстап, арқасын төмен қаратып тастап жіберсе, ол жерге жауырынымен емес, төрт тағандап түседі. Міне, дәл осындай кеңістіктің өз денесін жақсы менгеру ептілікке қатысты. Ептіліктің де шыдамдылықпен өзара байланысы бар. Шапшаң болмай, ептілікті де менгеру мүмкін емес. Сондықтан сәл өзгешелеу болса да, балуанның өз бойындағы осы екі қасиет қатар жүреді. Ептіліктің жетілуіне спорт ойындары (өсіресе,

баскетбол, теннис, футбол, хоккей) және акробатика жаттығулары өсөр етеді.

Епті балуан өрқашанда, өзі жақсы менгерген айла-әдістерді ұтымды пайдалана алады. Қауіпті сөттерден тез құтылып кетіп отырады, өзіне-өзі сенімді өрі батыл қимылдайды, шиеленіскең жағдайлардан тайсақтамайды.

Ептілікті дамытатын таңертеңгілік бой жазу жаттығуларын кезінде орындаپ тұрган жөн.

**Ілгіштік.** Балуанның бүлшық еттері күшті өрі созылмалы, буындар қимылның амплитудасы үлкен, денесі иілгіш болуы қажет. Ертеде, бұдан мың жыл шамасындай бұрын, жапон халқының Джу-Джису күресінің негізін салушы бір дәрігер өзінің ауласында қызырып жүреді. Қар жауып тұрган сөт болса керек. Кенет кәрі теректің бұтағы өзіне түскен салмақты көтере алмай, сынып кетеді. Дәрігер жанындағы жас терекке назар аударады. Оның иілгіш бұтағы майысып тұрады да, өзіне түскен қарды төмен сырғытып, қайта серпіліп орнына келеді. Міне, сол кезде дәрігер «жену үшін берілу керек», – деп айқайладап жіберіпті дейді.

Шынында да жапон балуандары өте иілгіш, сондықтан да олар белдесулер кезінде тіресіп көп жүрмейді, шиеленіскең бәсекені ұнатады.

Күрес жаттығулары кезінде балуандар жиі жарақаттанады. Көбінесе бүлшық еттерінің буындарын созып алады. Ал денесі иілгіш адамдар мұндай жарақаттарға ұшырамайды. Бұл үшін иілгіштікті дамытатын буындарды созу, акробатика, гимнастика сияқты жаттығуларды күнде жасап отыру керек.

## 2. Қазақша күрестің тактикасы

Қазақша күрестің тактикасы деп белдесудің өр сөтіндегі жағдайды, қолданған айла әдістерді дәл өрі дұрыс бағалап, балуанның жан-жақты дайындығы мен ерік күшін бір бағытқа, жеңіске жете беру үшін пайдалана білуді айтамыз. Техникалық, тактикалық дайындығы өр түрлі, күші, стилі, бір-бірінен өзгеше балуандармен кездесу алдында, белдесу кезінде спортшы күрестің жоспарын шығармашылықпен құра білуге тиіс.

Мұның өзі – балуанның шеберлігін арттыратын үлкен

өнер. Кейде қара күші мол, өжәптәуір айла-әдістері де бар спортшының өлжуаз баладан ұтылып қалатын кездері де аз емес. Міне, бұл арада соңғы спортшы күресудің тактикалық жоспарын дұрыс құра білген деп айтудымыз керек. Мұндай балуандар белдесу кезінде бар белсенділікті өз қолдарына алып, бәсекелестерін өз дегеніне бағындырып, ойлаған әдістерін дұрыс қолданып, бар күш-жігерін, шеберлігін женіс үшін жұмсай алады. Сондықтан қазақша күреспен айналысушылар оның тактикасынан хабардар болуға тиіс.

Жарысқа қатынасатын өр спортшы өзі бәсекелесінің, қандай дәрежеде дайындалғандығын, белдесу кезінде жақсы қолдана білетін әдістерін, қандай әдістерге қарсы тәсіл қолдана алатындығын, күресу стилін жақсы білу керек. Бұларды алдын ала бақылау, барлау арқылы жүргізеді. Сонымен қатар оның тұрысы, еркі, жігері, белсенділігі, байсалдылығы, шыдамдылығы, күші тағы басқа қасиеттері есепке алынады. Тіпті жанкүйерлердің қошеметтері мен қарсы пікірлердің де оған қалай өсер ететіндігін білген дұрыс. Кейбір спортшыларға көрермен қауымының көтермелеп, дем беруі жақсы өсер етеді. Мұндайда олар шаршағандықтарын ұмытып, бойына тың күш жинайды. Осының нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге жетеді. Жарыстар алдында болашақта өзіңмен күресетін балуандардың да өзінді сырттай бақылайтынын түсініп, көп сыр алдырмай, айла-әдістерінді, күресетін салмақ категориянды, дайындығынды құпия ұстаудың керек. Бәсекелесің сенің осал жақтарынды аз білсе, соғұрлым сен де күресу тактикасын дұрыс құрып, оны женіс үшін пайдалана аласың.

Қазақша күресте шабуыл, қарсы шабуыл, қорғаныс тактикалары бар. Енді біз осы тактикалық үш түрдің өзіндік ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталамыз.

**Шабуыл тактикасы.** Күрес кезінде балуан күшті қарқынмен бастап, бәсекелесін таза ұтуды не үпай санымен ұтуды алдына мақсат етіп қояды. Бәсеке батыл шиеленіскен жағдайда өтеді. Тактиканың бұл түріне тән қасиеттер: кілемде еркін жүру, қымсынбау, озі жақсы білетін әдістерді бірінен соң бірін қолданып, түйдек-түйдек комбинациялар құру, бәсекелесінің шабуылына іле-шала қарсы әдіспен

жауп беру, шегінбеу, тайсактамау. Шабуыл тактикасы спортышының жан-жақты және психологиялық дайындығын, өдіс-айлаларының техникалық жағынан шебер орындалуын талап етеді. Міне, мұның өзі үдемелі және мезгілді шабуыл болып екіге бөлінеді.

Үдемелі шабуыл тактикасында балуан бар белсенділікті өз қолына алып, өзіндік өдістер қолдана отырып, қарсыласын таза немесе ұпай санымен ұту мақсатын көздейді. Бірақ үнемі қарқынды шабуылға шығу жөнжосықсыз алға ұмытыла беру емес. Мұндай жалған “шабуыл” оларға ешқандай пайда бермейді. Қайта курестің эстетикалық өсерін азайтады.

Жас балуандар жалған шабуылға шығуға өуестенбеуі керек. Үдемелі шабуыл кезінде қолданылатын айла-тәсілдер бірінен соң бірі тез өзгеріп отыратын болғандықтан, балуан өр өдісті қайта-қайта қолдана бермеуі керек. Мұндай жағдай қарсылас спортышының есін тез жинап, жинақталуына, қарсы техниканы қайта құруына жағдай туғызады.

Ал керісінше түйдек-түйдек үдемелі шабуыл қарсы балуанның жігерін жасытып, қатты састьрып, абыржытып жібереді. Оның мұндай күйге түсі әкінші балуан үшін жеңіске жақсы жағдай туғызады. Спорттық режімді үстамайтын, үстамдылығы аз, жан-жақты дайындығы нашар балуандармен белдескенде, үдемелі шабуыл тактикасын қолдану өте тиімді.

Егер шабуыл жасаушы балуан құрес барысында таза жеңіске жете алмаса, кездесудің соңғы минуттарында екі жақтың да шаршағандығы байқалады. Мұндай жағдайда бәсекелесінің денесінен екі қолмен қапсыра құшақтап үстап алуға тырысу керек. Бір жағынан бұл оның шабуыл жасауына кедергі келтірсе, екінші жағынан, өдістер қолдануға онтайлы болады. Дәл осындай жағдай түрлері іліп лақтыру, үйіру, жамбастан асыра лақтыру өдістерін орындауға өте ыңғайлыш.

Үдемелі шабуыл тактикасын қолдану үшін, балуан өте күшті, шыдамды, айлакер болуымен қатар жан-жақты дайындықтан өтуге тиіс. Осындай қасиеттері жетіспейтін спортшылардың кейде өте үдемелі шабуыл тактикасының құрбаны болып кетуі де жиі кездеседі. Себебі олардың

бөсекені жоғары қарқында өткізуіне шыдамдылығы жетпейді де, аяғында күші сарқылып, ұтылып қалады. Бұл арада үдемелі шабуыл тактикасы екі балуаннан да көп күш талап ететіндігін ескеру керек. Сондықтан да, әсіресе, белдесулер жиі-жиі өтетін турнирлік жарыстарда мұндай тактиканы пайдалану қауіпті. Дегенмен, спортшының дайындығы, мүмкіншілігі мол болса, үдемелі шабуылдан қашпаған жөн.

Мезгілдік шабуыл тактикасында балуан тек өзіне ынқайлы деп тапқан кезеңдерде ғана шабуылға шығады. Шабуыл арасындағы уақыттарда ол бәсекелесінің әр қимылын бағып, жалған қимылдар жасап, оны шатастырады, сақтығын азайтады. Осылай өзіне қолайлы сәтті тудырған кезде, қапы қалмай, кенет күтпеген жерден үрдіс шабуылға шығады.

Мезгілдік шабуыл тактикасында балуан іштей жақсы жинақталады, дайындық барысында қолданатын әдісін сұрыптаپ, жағдайды ойша талдай алады. Сондықтан да мезгілдік шабуыл кезінде бар күш, техникалық-тактикалық айла-тәсілдер сарқыла жұмсалады. Ал, оның бетін қайтару қорғанушы балуанға оңайға түспейді. Осындай жинақталған шабуылдың нәтижесінде балуанның таза жеңіске жетуі немесе жоғары үпайға ие болуы мүмкін.

Көбінесе мезгілдік шабуыл бір ғана әдіс қолданумен тынбайды, егер ол нәтиже бермесе, балуан қолма-қол тактикасын өзгертіп, екінші бір әдісті, тіпті үшінші, төртінші бір тәсілдерге тез көшеді. Осы тактика кезінде белдесудің қарқыны өте баяу орташа болуы мүмкін. Бұл балуанға біраз күшті үнемдеуге жағдай туғызады. Ал белдесудің қарқыны жоғары болса, онда мезгілдік шабуыл тактикасын қолдану қынға түседі. Себебі бұл да үдемелі шабуыл кезіндегідей спортшының жан-жақты дайындығының өте күшті, әрі шыдамды болуын талап етеді.

Белдесу кезіндегі мезгілдік шабуылдардың саны балуанның алдына қойған мақсатына тікелей байланысты. Егер оған таза жеңіске жету міндет болса, мақсаты орындалғанша шабуылды жиі-жиі қайталайды. Ал үпай санын арттыру көзделсе, жеңіске жеткізетін жағдайға жеткенше жүргізіледі.

Мейлі үдемелі, мейлі мезгілді болсын шабуыл тактикасы

— жеңіске жетудің ең тиімді жолы. Қазақша күресте немесе күрестің басқа түрлерінде жақсы өнер көрсетіп жүрген айтулы шеберлердің барлығы да шабуыл тактикасын жақсы қолдана біледі.

*Қарсы шабуыл тактикасында* балуан бәсекелесінің алға ұмтылуын бағып жүріп, өзіне қолайлы сөтте шабуылға шығады. Бұл, көбінесе, баяу қозғалатын, тәсіл түрлерін тез пайдалана алмайтын спортшыларға қарсы қолдануға тиімді өдіс.

Мұндай жағдайда балуан, көбінесе, бәсекелесінің қарсы шабуылға шығуын қалайды, оны соған шақырады, еркін күрестің белгілі шеберлерінің бірі Ә. Айхановтың республика біріншілігіндегі У. Албаховпен кездесулері осы тактикаға жатады. Ол кезде Ә. Айханов кілемде жаңа-жаңа көрініп келе жатқан болатын. Ауыр салмақ категориясы үшін толыспаған (салмағы 87–90 килограмдай) оған қарағанда, бір жарым пүттай ауыр У. Албахов алғып көрініп еді. Белдесу басталысымен, Айханов бәсекелесіне оң аяғын ұсынатын.

Сырт көзге өзінен өлсіздеу көрінетін қарсыласын көтеріп кетем ғой деп ойлаған Албахов оның аяғынан шап беріп ұстай алатын да, «қақпанға» түсетін. Бұдан кейін Әбілсейіт қазақша күрестің өте пәрменді тәсілдерінің бірі — іліп алғып лақтыру өдісін қолданып, бәсекелсін таза жығатын еді. Сол уақыттағы республикамыздың өте күшті ауыр салмақты балуандарының бірі У. Албаховты жас Әбілсейіт талай рет осылайша үтқан болатын. Міне, бұл қарсы шабуыл тактикасының өте жарқын бір мысалы.

Қарсы шабуыл тактикасын қолдануды мақсат тұтқан балуан қарсыласына одан гөрі өлсіздеу көрінуі керек. Өзінің басымдылығын сезіне бастаған спортшы жиі-жиі шабуылдап, көп жағдайда қорғанысты ұмытады. Міне, бұл қарсы шабуылға шығуға өте қолайлы жағдай туғызады. Қолайлы сөтті өткізіп алу, негізгі құралы осындай тактика болатын балуандар үшін ұтылумен пара-пар.

*Қорғаныс тактикасы*, көбінесе, өзінен күші басым, тәжірибесі мол, дайындығы жақсы балуандармен кездесу кезінде қолданылады. Мұнда спортшы шабуылға шығуды мақсат етіп қоймайды, көбінесе, қорғана отырып, тек өзіне

қолайлы сөтте ғана өдіс қолданады. Ол, көбінесе, шабуылды қайтаруға ғана арналады.

Қорғаныс тактикасы қарсы өдістерді шебер қолдана білетін спортшылар үшін өте пайдалы, жалған қымылдар, жұлку, итеру сияқты іс-өрекетпен шабуылдаушыны шаршату, оның бар айла-тәсілдерінен нәтиже шығармау, ретті жерінде қарсы өдістерді қолдана білу кейде жеңіске жеткізеді, Сондықтан да қорғаныс тактикасын түрлендіріп, жағдайға қарай басқа тактикаға көшіп отырган мақұл.

Мінез-құлқына, техникалық дайындықтарына байланысты бір балуанның шабуылына (ұдемелі, мезгілді), екіншісінің қарсы шабуыл тактикасын қолдануы мүмкін. Бірақ, қазіргі уақытта күрестің дамуы жақсы спортшы атанып, көптеген жарыстарда жеңіске жету үшін, тактика түрлерінің барлығын менгеру керектігін көрсетеді. Көбінесе оның араласқан түрлерін пайдалану тәжірибеде жиі кездесіп жүр.

### 3. Қазақша күрестің өдістері

Қазақша күрестің үлкен шебері атану үшін психологиялық, моральдық, тактикалық жан-жақты дайындықпен қатар, оның өдістерін де жетік білу керек. Осы қасиеттердің бәрінің басы қосылып, балуан оны белдесулер кезінде пайдалана алса, онда ол, сөз жок, жақсы күреседі. Қазақша күрес өдістері өте көп.

Бұл жөнінен қазақша күрес басқа халықтардың үлгітың күрес түрлерінің қай-қайсысымен болсын тайталаса алады. Әсіресе, үйірудің, аяқпен шалудың, жамбастан тастау тәсілдері өте пәрменді. Біз бұдан былай шабуыл кезінде қолданылатын техникалық қымылдарды (прием) өдіс деп, ал қарсы шабуыл кезінде қолданылатын техникалық қымылдар (контр прием) қарсы тәсіл деп атайды.

Қарсы тәсілдер алдын ала немесе дер кезінде қолданылуына қарай екіге бөлінеді. Алдын ала қорғану қымылдары бөсекелес балуанның тәсіл қолдануға онтайланған сәтінен-ак басталады. Дер кезінде қорғану тәсілі қарсы балуанның тәсіліне қолма-қол жауап ретінде қолданылады.

Шабуылға қарсы қолданылатын тәсілдер, бәсекелес балуанның екпінің қайтару және қорғану үшін пайдаланылады. Оның нәтижесі дұрыс шыққан жағдайда ғана балуанға үпай беріледі. Тіпті балуан қарсы тәсілдерді негізгі құрал ретінде де жақсы пайдалана алады. Бірақ, ең жақсы шабуыл қорғаныс-шабуыл екендігін ешқашан ұмытпаған абзал.

Әдістерді қолдану үшін балуан міндетті түрде өзінің бәсекелесінің белбеуінен немесе шапанынан ұстауға тиіс. Қазақша күрестің ережесі бойынша белбеуден, женден, жағадан, қолдан, мойыннан, белден және екі қолдан ұстауға болады. Аяқтан ұстауға болмайды. Осыдан кейін барып түрлі тәсілдерді қолдану керек. Бәсекелестер белдесу тәсілдерінің бірімен ұстасқаннан кейін, өздерінің ыңғайына қарай үйренген тәсілдерін қолдана алады.

Жоғарыда қазақша құрес тәсілдерінің мол екендігін айттық. Қандай балуан болса да олардың барлығын жетік менгеруі мүмкін емес. Сондықтан әр спортшы дайындығына, күш мүмкіншілігіне қарай белгілі бір тәсілдерді шебер орындай алуы мүмкін. Үйренген тәсілдерді қолдану арпалысқан айқас үстінде өтеді. Бәсекелестің шабуыл жасаған балуанға ыңғайлы немесе ыңғайсыз түруы мүмкін. Сондықтан да жаттығулар кезінде әдістерге қоса, әр түрлі іс-әрекеттер, тактикалық тәсілдер де қатар үйретіледі, мұнысыз табысқа жету қын.

Үйренген әдістерді дұрыс пайдалана білуге қара күш емес, тактика керек. Қарсы балуанның ниетін сезу, оны әдіске түсетіндей, айламен онтайлы жағдайға келтіре білу де шеберлік.

Әдісті шебер менгеру деп шаршағанына қарамай бәсекелсінің қарсы тәсіліне шабуыл жасай алған балуаның шеберлігін айтамыз. Жалпы алғанда қазақша күрестің тәсілдері мынадай топтарға бөлінеді.

*Түру* – белдесу алдындағы сәт. Балуаның кілем үстінде тез немесе ыңғайлы қимылдауын қамтамасыз ететіндей, кез келген сәтте әдіс қолдануға мүмкіндік туғызатында болуы керек. Негізінен ол оң–сол қапталмен, аласа, биік, орташа түру болып бөлінеді.

Егер сол аяқ алда жүрсе сол қапталмен, оң аяқ алда жүрсе оң қапталмен түру деп аталады. Екі аяқтың бір сызық бойында орналасуын бетпе-бет келу дейміз.

Қымыл қай жаққа бағытталса, алғашқы қадам да сол жақтағы аяқтан басталады. Егер балуан онға қарай жүрмек болып, алдымен сол аяғымен аттаса, шалынысып құлауы мүмкін. Алға қарай ұмтылғанда қымылдың тек бір аяқтан ғана басталғандығын ескерген жөн.

**Қашықтық (дистанция)** – деп екі балуанның кілем үстіндегі ара қашықтығын айтады. Олар: орташа, алыс, жақын қашықтық болып бөлінеді. Белдесу барысындағы қас қағым ғана сөтте балуандардың ара қашықтығы өзгеріп отырады. Мұны өзгеретін шабуылдауши немесе қорғанушы спортшылардың бірін бірі тепе-тендік қалыптарынан айыруға ыңғайлайтын айла тәсілдері. Бұл өдістердің қатарына жұлқу, итеру, тартулар жатады.

**Жұлқу** – спортшыны тепе-тендік қалпынан шығаратын тәсіл. Жеңнен, белбеуден, мойыннан ұстай қолданатын жұлқу өдістері бар.

**Тарту** – бұл да сондай. Екі қолмен, бір қолмен, бір аяқпен, белмен тарту өдістері бар. Бұл шабуыл жасаушы балуанның бәсекелсін өзіне жақын ара қашықтыққа, өдіс қолдануға қолайлы жағдайға өкелу үшін қолданылады.

**Жұлқып-итеру** – кейде екі балуанның бір-біріне жақындалап келуі тәсіл немесе қарсы тәсіл қолдануға кедергі жасайды. Сондықтан да олар өздерін ыңғайлыш қашықтыққа итеріп, тепе-тендік қалыптарын бұзады. Содан кейін барып ойлаған өдістерін қолданады.

Қазақша күрестің негізгі техникасына «арқадан тастау», «аяқтан шалу», «үйіру», т. б. тәсілдер жатады. Бұлардың техникалық орындалуына жеке-жеке тоқталамыз.

**1. Арқадан тастау тәсілдері.** Қазақша күрестегі арқадан асырып тастау тәсілі өзінің техникалық күрделілігі жағынан ең қын тәсілдердің бірі болып табылады. Арқадан асырып тастау тәсілін жақсы меңгерген балуандар көп жағдайда таза жеңістерге жетеді. Мысалға, кезінде республикамыздың тандаулы балуандары Аманкелді Фабсаттаров пен Әбілсейіт Айханов бүкіл одактық жөне халықаралық жарыстарда осы тәсілдерді қолданып, көптеген бәсекелестерін таза жықты. Ал қазақша күрестен республикамыздың чемпионы атағын бірнеше рет жеңіп алған Жұмажан Әкенов тәсілді жақсы орындаіттындығымен

көзге түсті. Арқадан асырып тастау тәсілі негізінен мынандай бөліктерден тұрады: а) ұстасу; ө) арқаны бәсекелесіне қарай бұру; б) бәсекелесті кілемнен көтеріп алу.

Осылардың ішінде соңғы екеуін техникалық жағынан дұрыс орындаудың пайдасы ерекше. Бұл балуанның өте шапшаң қимылдауын қажет етеді. Арқаны бере бұрылудың түрлері өте көп. Солардың ішінде біз екі аяқпен бірдей бұрылыс жасап, алдымен бір аяқты өkelіп, содан кейін бұрылыс жасау түрлерін қарастырамыз. Арқадан тастау әдісін толық менгеру үшін алдын ала мынадай жаттығуларды орындау керек:

а). Оң жақпен тұрып, оң аяқты алға жіберіп, сол аяқта қарай айналу. Тізе буындары сөл бүгіледі, алты—сегіз ретten қайталанады. ө). Осылай айналғаннан кейін оң иықпен сол тізеге қарай бүгілген тізе буынын жазып, соның екпінімен аяқты жерден көтеру. б). Осындай әдістен кейін кілемнен көтеріліп, алға қарай оң жақ жауырынымен айналып тұсу. Осы жаттығуларды тұлышпен орындауға болады. Әдістің жақсы орындалғанына көз жеткеннен кейін барыш, мұны екеу ара болып балуандардың өздері қайталауы керек. в). Оң жақпен қырындаі тұрып, женінен, белбеуден ұстап, арқаны бере бұрылып, салмақты алға жібере арқадан асырып тастау. Арқадан асырып тастау тәсілін қолданған кезде екпінді бәсендепей ауада айналып, кілемге тік тұсуге болады. Осындай дайындық жұмыстары әдісті үйренерден 8–10 күн бұрын қайталанады. Жаттығу кезінде арқадан асырып тастау әдістерін оң жөне сол қапталмен да орындал үйренген жөн. Арқадан асырып тастау әдістерін үйренудің ең оңай түрі қолдан немесе мойыннан ұстап орындау. Тек осы әдістерді үйренгеннен кейін ғана оның күрделі түрлерін орындауға кірісуге болады.

г). Женінен немесе белдіктен ұстап лақтыру. Бұл әдісті бәсекелестердің тізені бүгіп, аласа тұрган жағдайда орындауы қолайлы. Шабуыл жасаушы балуан бәсекелесінің жеңінен ұстап өзіне қарай жұлқа тартады да оны тепе-тендік қалпынан шығарады. Сөйтіп оңға не солға қарай оқыс бұрылып, белдіктен ұстап арқасын бере айналып түседі.

Бұл әдіс асырып тастау арқылы да орындалады.

**Кездесетін қателер:** а). Бәсекелесті кілемнен көтере алмау. Бұл балуанның арқасымен бұрылуға кедергі жасайды. ө). Тізе буынын ерте жазу. б). Жамбасты ішке сұғына енгізу. Бұл үлкен бұрылыс туғызып, өдістің дұрыс орындалуына кедергі жасайды.

**Корғану.** а). Белдіктен ұстап шабуыл жасаушы балуаның арқасымен бұрылудына кедергі келтіру. ө). Шалқайып жамбаспен тірел шабуыл жасаушы балуаның бұрылудына кедергі жасау. б). Шабуыл жасаушы балуаның бұрылатын жағына аяқты қойып сүріндіру.

**Қарсы өдістер:** а). Шалқалай лақтыру. ө). Сырттан шалу.

**2. Шалу өдістері:** Өзінің практикалық мәні жағынан қазақша күрестегі ең күрделі іс ол, өдістер тобы. Бұл өдістер негізінен аяқты шалу арқылы орындалады. Аяқтан шалу өдістері іштен, сырттан, қапталдан, қырқа шалу болып бірнешеге бөлінеді. Аяқтан шалу өдістерін орындау үшін алдымен қарсы балуанды тепе-тендік қалпынан шығарып, оның бір аяғының кілемнен көтерілуін қамтамасыз ету. Осындай сәтте аяқтан шалынған екінші аяқ та кілемнен көтеріліп, балуаның құлауына жағдай туғызды. Бұл үшін көптеген тактикалық өдіс-айлалар бар.

**Аяқпен шалу өдістерін қазақ балуандары әрқашан да жақсы менгерген.** Солардың арасында еркін күрестен КСРО чемпионы – Эбілсейіт Айханов Түркияда, Иранда, Жапонияда, Индияда, Пәкістанда, Монголияда, Чехословакияда, Германияда, т.б. елдерде болғанда қазақша күрестің осы қарапайым өдістерін қолданып, талай атақты балуандарды таза женді. Мұның өзі аяқтан шалу өдістері еркін күрестен, самбомен айналысушы балуандар үшін ете қажетті екендігін көрсетті.

**Белдіктен немесе жеңінен ұстап, алдынан шалу.** Бұл тәсіл негізінен жақын және орта қашықтықтарда қолданылады. Ол үшін бәсекелесінді жеңінен немесе белдіктен мықтап ұсташа керек. Оң не сол қапталға арқамен бұрылып, аяқты қарсы балуаның оң не сол аяғының алдына қойып, оның ыңғайына қарай жұлқи тарту керек. Міне, осы кезде алдында тұрган аяққа сүрінген балуан тепе-тендік қалпын сақтай алмай кілемге жығылады. Бұл сәтте белдіктен не жеңінен ұсталған қолдар босатылмайды.

Бұл өдісті тізерлеп отырып та орындауга болады.

**Кездесетін қателер:** а). Аяқты қапталға қою. ө). Қарсы балуанның тізесіне шалатын аяқты тіреу.

**Корғаныс:** 1. Белдіктен дұрыс үсташау. 2. Шалатын аяқтан аяқты асырып жіберу.

**Қарсы әдістер:** а). Шалқалай иіліп барып лақтыру. ө). Аяқты сырттан шалу.

**Жеңнен немесе иықтан үстап сырттан шалу.** Бұл көбінесе қарсы тәсіл ретінде қолданылады. Мысалға, шабуыл жасаушы балуан бәсекелесін шалқалап иіліп, лақтыруға өзірленді делік. Міне, осы кезде сырттан шалу әдісі жи қолданылады. Бұл үшін бір аяқты балуанның сыртына шығарып, тізе буынынан қатты қағу керек. Ал тізе буыны қуресте өте әлсіз жерлердің бірі екендігі белгілі. Міне, осы кезде тізе буының бүгілуінен шабуыл жасаушы балуан өз денесінің тепе-тендік қалпын сақтай алмайды да кілемге құлайды.

**Кездесетін қателер.** а). Шабуыл жасаушы алыс қашықтықта тұрып, аяғын бәсекелсінің сыртына шығара алмайды. ө). Бәсекелесін өзіне қарай жұлқи тарту. б). Тіреуші аяғы орнықты тұrmайды да өзі тепе-тендік қалпын жоғалтады. в). Шабуыл кезінде қарсы балуан кейін шегінеді де, шабуыл жасаушының аяғын сыртына шығармайды.

**Корғаныс.** а). Кейін шегіну. ө). Шабуыл жасаушы балуанның жамбасынан қолмен тіреп, шалуға мүмкіндік бермеу. б). Шалынған аяқты тез көтеріп, шабуыл жасаушының екпінін бәсеңсіту.

**Қарсы әдіс.** Белдіктен үстап, арқалап тастау әдісін қолдану.

**Аяқтан қағу әдістері.** Қарсы балуанды тепе-тендік қалпынан шығарып, кілемге сүріндіре құлататын тәсілдер тобы. Бұл топқа толарсақтан, тізеден, аяқтың ішімен не сыртымен қағу әдістері жатады. Бұл да аяқтан шалу тәсілдері сияқты қарсы балуанның тепе-тендік қалпын сақтай алмай бір аяғын кілемнен көтерген сәтінде орындалады. Бірақ шабуыл жасаушы балуан аяқтан қағу әдістерін қолданаар алдында бәсекелесінің аяғын кілемнен көтеруге жағдай туғызу керек. Негізінен аяқтан қағу әдістерін жақсы орындау үшін мынадай жаттығуларды жасау керек:

а). Табанмен допты соғып үйрену. ө). Тұлышты (чучело) жоғары көтеріп, қағып үйрену. б). Аяқтан қағу әдістерін жаттығу кезінде жұптасып орындау.

Қазақша күрестің ережесінде басты кілемге тигізу жеңіліс болып есептелгендіктен (грек-рим, еркін, самбо күрестерінде олай емес), балуан ауада өте тез айналып түсіү керек. Кеудеден асыра лактыру өдістерін орындау үшін алдын ала мынадай жаттығулар орындалады: а). Түрегеп тұрып, артқа қарай шалқалай құлап, ауада айналып түсу. ә). Түрегеп тұрып, аяқтың екі арасында доп ұстап, артқа қарай шалқалай құлап, айналып түсу, допты лактырып жіберу. б). Осыны тұлыппен орындау. в). Бөсекелесті алдымен кілемнен көтеріп, өдісті қолдануға дайындалу.

Кеудеден асыра лактыру өдісі күрделі болғандықтан, алдымен жеңіл салмақты балуандармен орындалады. Еркін күресте бұл өдістерді жақсы менгере білген балуан – КСРО кубогінің жеңімпазы, ауыл-село спортшыларының арасындағы КСРО чемпионы атанған Аманжол Бұғыбаев. Ол 1969 жылы классикалық күрестен де республика чемпионы атағын жеңіп алды. Бұған басты себептердің бірі оның осы кеудеден асыра лактыру тәсілін жетік менгеруі еді. Біз енді осы өдістер тобының бірін қараймыз.

*Белдіктен ұстап, шалқалай иіліп кеудеден асыра лактыру.* Мұнда бөсекелестер оң аяғын алға жіберіп, бір-біrine қарама-қарсы тұрады. Екеуі де белдіктен мықтап ұстап, аңдысып жүреді. Осы сәтте шабуыл жасаушы балуан оң аяғын ішке енгізе алға ұмтылады да, сол аяғын да оның түсына апарады. Өзі өте тез қымылдап, тізе буынын жазу арқылы бөсекелесін кілемнен көтеріп өкетеді. Екпінін бөсендетпей, шалқая беріп, бөсекелесін иіле лактырады.

*Кездесетін қателер.* а). Белдіктен нашар ұстau. ә). Жоғары көтерілгенде қолмен демей білмеу.

*Қарсы өдістер.* Жерден көтерілгенде сырттан қырқа шалу.

*Аяқтан іліп лактыру өдісі.* Бұл қазақша күресте өте ерте замандардан белгілі. Ол мынандай екі түрде орындалады. а) Алға еңкейіп, аяқтан іліп лактыру. ә) Кеудеден асыра шалқалай иіліп, аяқтан іліп лактыру.

Осы өдістерді техникалық жағынан дұрыс орындағы білген балуандар көптеген белдесулерде таза жеңіске жетеді. Қазақша күрестен республиканың бес дүркін жөне Орта Азия республикалары мен Қазақстанның

абсолютті чемпионы Әлімшайх Сөлімбаев аяқтан іліп лақтыру әдістерін оте шебер қолданған. Ол Өзбекстанның атақты балуандарының көбін қазақша құрестің осы әдісін қолдану арқылы женген. Енді біз солардың бірнешеуін талдайық.

*Белдіктен және жеңін ұстап алға еңкейіп, аяқтан іліп лақтыру.* Шабуыл жасаушы балуан мұнда оң қапталмен тұрады. Оң қолымен бәсекелестің белдігінен, ал сол қолымен жеңін ұстайды. Оң аяғын ішке енгізе аяғының үшімен бәсекелесінің тілерсегінен іледі де, жоғары көтеріп, оны тепе-тендік қалпынан шығарады. Жеңін ұстаған қолымен жүлқи тартып, белдіктен ұстаған қолымен демей, қарсыласын жоғары көтере, сол қапталға қарай құлайды.

*Аяқты іштен іліп, кеудеден асыра шалқайып лақтыру.* Бәсекелестер бір-бірінен орташа қашықтықта тұрады. Шабуыл жасаушы балуан оң қолымен бәсекелесінің иығынан асыра белдіктен ұстайды да, сол қолымен бәсекелесінің қолтығынан демей, өзіне тарта түседі. Оң аяғын қарсыласының екі аяғының ішіне енгізе, тілерсектен іледі. Бұдан кейін сол аяғын жарты қадамдай алға апарып, ішке ене, ыңғайлы тұрады да, ілген аяғын жоғары көтере шалқаяды. Екпінің бәсендепей оң қапталға қарай ауада бұрылып, бәсекелесін ала кілемге құлайды. Бұл әдісті шебер орындаушылардың қатарына Қазақстанның әлденеше дүркін чемпионы Семейлік Нұғыман Сәдуақасов жатады. Ол көптеген ірі жарыстарда бәсекелестерін осындей күрделі әдіспен жыққан. Аяқты іштен іліп, кеудеден асыра шалқайып лақтыру әдісі екі қолмен белдіктен ұстап та орындалады.

*Карсы әдіс.* Кейін шегініп, аяқтан іліп алуға мүмкіндік бермеу. Аяқты түзетіп, ілмектен босану. Бұдан кейін шабуыл жасаушы балуанды отыра қалып, аударып лақтыруға болады.

*Отыра қалып лақтыру әдістері.* Бұл әдістер тобы да бағзы замандардан белгілі. Оның ерекшелігі кез келген жерден белдіктен, белбеуден, жағадан, қолтықтан, шынтақтан ұстап орындау. Және қапталға, алға, сыртқа шығып, отыра қалып та орындауға болады. Бұл әдістерді ауыр салмақ категориясында Қазақстанның әлденеше

дүркін чемпионы атанған қостанайлық К. Дүйсекеев өте шебер орындаған. Енді біз осы әдістер тобының бірін талдап көрелік.

*Екі қолмен белдіктен ұстап, отыра қалып лақтыру.* Шабуыл жасаушы балуан бұл жерде қарсыласын екі қолымен белдіктен мықтап ұстайды. Ішке ене, он аяғын көтеріп, бәсекелестің аяқтарын көтеруіне жағдай туғызады да, өзі де жоғары көтеріле беріп, бір аяғына отырады. Осы әдістің орындалуы кезінде шабуыл жасаушы балуанның жоғары көтерілген аяғы қарсыласы асып түсетіндей кедергінің міндетін атқаруы керек. Белбеуден ұстаған қолдарын босатпай, он не сол қапталға қарай бәсекелесімен бірге кілемге құлайды.

*Тактикалық дайындық.* Бәсекелесін онға, солға, алға, кейін шегіндіру.

*Кездесетін қателер.* а). Шабуыл жасайтын балуан бәсекелесінің белдігінен мықтап ұстамайды. Бұл кілемнен көтеруге кедергі жасайды. ә). Аяғын тек қана жоғары көтеріп, оны бәсекелесі асып түсетіндей кедергі ретіне пайдалана білмейді. б). Осы сөтте аяқ ішкі қапталға қарай қозғалып кетеді.

*Корғаныс.* а). Ара қашықтықты алшақтату. ә). Шабуыл жасаушы балуанды өзінен кейін итеріп, шегініп кету.

**5. Үйіріп тастау әдістері.** Бұл әдіс қазақша күресте өте ертеден қолданылып келеді. Шабуыл жасаушы балуан бәсекелесін белінен мықтап ұстап, қолдың және белдің күшімен оны кілемнен жоғары көтеріп алып, өзіне қарай тарта, үйіріп өкетуі керек. Жерден көтерілген балуанға жамбастан тастау, аяқтан шалу, иіліп лақтыру, қағу тағы басқа әдістер тобы қолданылады. Үйіріп тастау әдістерін орындау үшін балуанның өте шапшаң, әрі күшті болуы қажет. Атақты Балуан Шолақ осы әдістерді шебер орындаған. Ал беріректе үйіріп тастау әдістерінің айтулы шеберлерінің бірі қызылордалық Шәріпбай балуан болған (1895–1959 жыл. Арас ауданы).

Қазақша күресте әдіс-тәсілдердің түрлері көп. Біз жоғарыда осылардың кейбіреулерін ғана келтіріп, олардың техникалық орындалуына қысқаша тоқталып өттік.

### **Сұрақтар**

1. Кілем үстіндегі белдесу қанша уақытқа созылады? Қанша минуттан кейін үзіліс беріледі?
2. Қазақша күрестің тактикаларын ата.
3. Қазақша күрестің тәсілдерінің қайсыларын білесіндер?
4. Женнен немесе белдіктен үстап лақтыруда қандай қателер жіберілуі мүмкін.
5. Аяқты іштен ітіп, кеудеден асыра, шалқая лақтырғанда қандай өдістер қолдануға болады?

### **Тапсырмалар**

1. Күштілік, батылдық, тәзімділік сияқты қасиеттер мен болаттай берік денсаулық тек ұзақ жаттығу арқылы келетіндігі есте болсын.
2. Кеудеден асыра лақтыру өдісін бастапқыда жеңіл салмақты балуандармен жаттығып үйрен.
3. Қазақша күрестің аяқтан шалу өдістері еркін күреспен, самбомен айналысушылар үшін де өте қажет екендігі жөне көп жағдайда таза жеңіске жеткізетіндігі естерінде жүрсін.

## **VI. ЖҰЗУ**

Гигиеналық дағдыны жақсы қалыптастыруға жөне адамның шынығуна ең қажетті спорт түрлерінің бірі – жұзу. Адам денесінің температуrasesы, судың температурасынан жоғары болғандықтан, адам суда бола алды, адам денесінен шығатын жылу ауадағы жылудан 50–80 % артық (судың ауадан жылу өткізгіштігі 30 есе жөне жылу сыйымдылығы 4 есе артық).

Суға шомылу жөне жұзу дene температурасының ауытқуына жөне сұық тилю ауруларына қарсылықты жетілдіреді. Егер жұзу табиғи су қоймаларында өтілсе, онда шынығуға табиғаттың табиғи факторлары – күн жөне ауа көп өсер етеді. Жұзу сабағы жалпақ табандылықтың, дene мүшелерінің бұзылуының қалпына келуіне өсер етеді. Аяқ, қол, арқа, іш, дene, бел жөне басқа да еттердің дамуына көп ықпалы бар.

Жұзу демалу жүйесін жөне жүрек қан тамырларын өте жақсы жаттықтырады. Жүйелі түрде жұзумен айналысатын

адамдардың жүргінің соғу көлемінің шамасы ұлғаяды, жүректің жай уақыттағы 1 минут ішіндегі соғуы 60-тан 55-ке дейін төмендейді.

Жұзу жүйке жүйесін жетілдіретіндіктен, үйқыны және тәбеттің ашылудың жақсартатының тан, дәрігерлер жүзуді ем үшін де қолданады.

Жаздың ыстық күндерінде жүздеген, мындаған адамдар теңіздер мен қолдерде, өзендер мен саяжай жағаларына толып кетеді. Күн, таза ауа және салқын су жақсы демалуга жағдай жасайды. Кімде-кім суда еркін жүзе алатын болса, айрықша ләzzат алады. Жүзе білу — кез келген жастағы адамға өмірлік керекті дағды. Жақсы жүзе білетін адамның өміріне суда ешқашан қауіп төнбейді. Көмек келгеше су бетінде тұра алатының және жағаға жүзіп баратынын біледі. Егер жүзе білсөн, су — адамның досы және емдеушісі. Егер жүзе білмесөн, онда су—қатығез жау. Жұзу құралдарындағы, қайықтағы, суға шомылудағы қайғылы оқиғалар жүзудің қарапайым ережелерін білмеудің салдарынан болады. Жүзудің қарапайым ережелерін сақтамаудың мысалдарына: ата-аналардың бақылауының балалардың шомылуы, үлкендер таныс емес жерлерде шомылуы және жағадан алысқа жүзіп кетуі жатады. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін өркімнің де жүзе, құтқара және алғашқы көмек көрсете білуі керек.

**Кеудемен жұзу** (Кроль на груди). Крольмен жұзу — жүзудің ең көп тараған және шапшаш түрі. Жұзушілердің 25-тен 1500 метрге дейінгі қашықтықтағы рекордтық көрсеткіштері де жүзудің осы түрінен орындалған. Крольмен жұзу кезінде жұзуші аяқтың жоғары-төмен қозғалысы және қолымен есүдің көмегімен алға жылжиды. Ескенинен кейін жұзуші қолын судан шығарып, өуелетіп алға тастайды. Қолдың қозғалысы алға жылжудың негізі, аяқ судың бетінде болуға және алға жылжуға көмектеседі. Дем алу басты жанға бұру кезінде орындалады.

**Дене қалпы.** Крольмен жұзуші судың бетінде көлденен қалыпта, бір бағытқа қарап 0-ден 8°-қа дейінгі бұрыш сақтап жатады. Жылдамдықтың өсуіне байланысты жоғарғы қалыпты қабылдап, алға жылжу бұрышы азаяды. Жұзуші иықтарының омыртқадан онға-солға бұрылыс жасауы қолдың судан шығып, өуелеп алға түсін және

алға тартылуын, дене бұлшық еттерін жұмысқа қосып отыруын жеңілдетеді. Иықтың айналуы (50–60°) дене судан көрініп, дем алғанда орындалады. Басты үстәу жүзудің жылдамдығына байланысты. Ол дененің динамикалық тепе-тендігін, есу қимылының дұрыс орындалуын бұзбауды және дұрыс дем алушты қамтамасыз ету керек. Жүзушінің денесі көлденең қалыпта болу үшін, беті суда болады.

**Кол қозғалыстары.** Кол қозғалыстары жүзушінің алға жылжуын және иықтарын судың бетінде үстәуын қамтамасыз етеді. Кол қозғалысы суға енуден, есуге дайындалудан, есуден, судан шығудан және су үстіндегі қозғалыстан тұрады. Колдың қимылдары үйлесімді болып келеді. Колдың кезектескен қозғалыстары алға тоқтамай жылжуды қамтамасыз етеді. Бір кол ескенде, екінші кол есуге дайындық қозғалысын орындаиды.

**Аяқ қозғалыстары.** Аяқ қозғалыстары жүзушінің тепе-тендік, көлденең қалпын сақтап, алға жылжуын қамтамасыз етеді. Жүзушінің аяқтары жоғары-төмен қозғалып, жамбас және тізе буындары арқылы бір қалыпты бүгіліп-жазылады.

**Кол және аяқ қозғалыстары үйлесімділігі.** Кол және аяқ қозғалыстарының негізгі нұсқасы: аяқ қозғалысына байланысты анықталатын екі, төрт және алты соққыны үйлестіру. Кол қозғалысы толығымен аяқ пен бастың қозғалысына бағынады.

**Колымен жүзуді үйрену үшін құрғак жерде орындалатын жаттығулар:**

1. Крольмен аяқ қозғалыстары. Орындық шетіне немесе еденге отырып, қолды артқа тіреп, денені сөл артқа шалқайтып, аяқты түзу үстап, тізе буынанан бүкпей, аяқ үшін алға созып, крольмен аяқ қозғалысын орындау.

2. Тура осылай, кеудемен жерде жатып орындау.

3. «Диірмен» жаттығуларын (қолды шенбер бойынша артқа айналдыру) орындау.

4. Тура осылай, қолды бір айналдырганда, аяқпен бір орында үш қадам жасау.

5. Крольмен кол қозғалысы: аяқты иық көлеміндегідей етіп ашып, алға қарай еңкею, алға қарап, бір кол алда, екінші кол артта, жамбастың тузында крольмен жүргендегідей қолдарды қозғау.

**Шалқалап жүзу.** Үлкендер мен балаларды шалқалап жүзуге үйрету, кеудемен (крольмен) жүзуді үйрену кезінде басталады. Жүзуді білмейтіндердің көпшілігі шалқалап жүзуді тез үйренеді. Өйткені жүзу техникасын үйрене бастағанда, ең киын бөліктердің бірі демді суға шығару. Шалқалап жүзу кезінде ол қажет емес. Жүзуші шалқалап жүзу кезінде, су бетінде жазылып жатады, желкесі су ішінде болады. Ол қолдың ауыспалы кезекпен алға тартылуымен, аяқтардың төменнен-жоғары және жоғарыдан-төмен жасалған қозғалыстары арқылы алға жылжиды. Шалқалап жатып есуді аяқтаған қол су бетімен өуелеп барып суға кіреді. Бір циклді орындау үшін қолменен екі рет есу, аяқпенен алты қозғалыс, дем алу және дем шығару қажет.


Құрғақ жерде орындалатын жаттығулар крольдікіндегі (кеудемен еркін жүзудегідей).

**Суга кеткен адамга алғашқы көмек көрсету** (1-сурет). Суда жүзу жаттығуларын орындаған кезде, өте тәртіпті болып, мүмкіндігінше қауіпсіздік жағдайларын сақтау керек. Жүзу жаттығуларын өткізетін жерде төмендегідей қосалқы құрал-жабдықтар болуы қажет. Құтқару шығышы, қалтқы, белбеу, Александров шенбері, дәрілер қорапшасы. Суға батқан адамды құтқару үшін, алдымен құтқарушының өте жақсы жүзе білуі шарт. Ол жағдайды тез байқап, өзінің қалай көмек көрсететінін білуі қажет.

Егер судың ағысы қатты болса, суға абайлап ену керек. Судың ағысымен тез жету үшін, артық киімдерді шешіп тастаған дұрыс болады. Кей жағдайда судың терендігінен оның түбі көрінбейді, ондай жағдайда баспен сұнгуге (енуге) болмайды, жаракат алуы мүмкін.


Суға кетіп бара жатқан адамның арқа тұсынан жақындаған жөн, өйткені суға кеткен адам құтқарушының кез-келген жеріне жармасады.

**Суга батып бара жатқан адамның үстауынан денени ажырату.** Суға кеткен адам құтқарушының бір қолына немесе екі қолына жармасуы мүмкін, ондай жағдайда ол өз қолын тез бұрып, суға кеткен адамның бас бармағын қайырып шығаруы керек (2-сурет). Белінің алдыңғы жағынан екі қолымен немесе бір қолымен үстаған жағдайда, құтқарушы екі аяғын оның кеудесіне тіреп итеріп, басын артқа шалқайтып, сол сәтте төмен қарай сұнгуі қажет (3-сурет).



### 1-сурет

Суға батқан адамның аяғынан үстап алып, су бетінде үстайды, арқасын өзіне қарай бұрады, содан соң алақанмен демеп, басын су бетіне жоғары үстап, жағаға қарай сүйрейді. Суға батқан (кеткен) адам құтқарушының арқасынан, не белінен үстағанда, оның бас бармағын қайырып, тез теренге сұнғуі қажет (мұндай жағдайда суға кеткен адам үстаған жерін



2-сурет

бірден босатады), сонаң соң аяғынан ұстап, арқа жағын өзіне қаратып, жағаға шығарады. Осындай жағдайдан босандудың екінші түрі ол шынашақтан ұстап бірден жанына қарай итереді, сол сәтте теренге қарай сұнгиді, қалғаны алдыңғы жағдайдағыдай.

*Адамды судан алып шыгу тәсілдері.* Суда сәтсіздікке үшіраған адам, құтқарушының екі иығынан ұстайды, ол етпептеп жүзеді. Бұл өдіспен өбден әлсіреген, бірақ өзі қимылдауға шамасы келетін адамға көмектеседі (4-сурет).


Жағаға алып шығудың екінші түрі – құтқарушы шалқасынан жатады да, екі аяқпен бірнеше тәсіл қолданып, суға кеткен адамды шалқасынан жатқызып, бас жағынан ұстап, жағаға алып шығады (6-сурет).

Жағаға алып шығудың тағы бір түрі – құтқарушы қырындал жүзу өдісімен суға кеткен адамның бір немесе екі қолынан ұстап жағаға шығару.



3-сурет

Бірінші жағдайда (суға кеткен адамның бір қолынан ұстая) қырындал жүзіп келіп, аяқпен орап, төменгі қолмен есіп, жоғарғы қолды арқа жағынан оның қолтығынан арасынан өткізіп, саусақтарымен иегінен ұстап, жағаға шығарады (5-сурет).



4-сурет

Екінші жағдайда (екі қолмен ұстau) қырындап жүзіп келіп, аяқпен және төменгі жақтағы қолмен астынан есіп, жоғарғы қолды көкірек жағынан оның бір қолтығынан өткізіп, екінші қолымен иығынан ұстап, су бетінде шалқасынан жатқызып сүйрейді (7-сурет).

Егер адам суға батып кетсе, су астында жүзіп жүріп оның қолынан, басынан, денесінен ұстап, су бетінде көтереді, соナン соң жоғарыда көрсетілген өдістердің біреуімен жағаға алып шығады.


Суға кеткен адам су тубінде жатқан жағдайда, оны іздеп тауып, су тубінен аяқпен итеріп жіберіп, аяқпен және бос қолмен есіп, тезірек судың бетіне қалқып шығады. Содан соң жүзіп келіп, жағаға шығарады да, алғашқы жәрдем көрсетеді.

**Алғашқы дәрігерлік көмек.** Судан алып шыққаннан кейін, дәрігердің келуін күтпей-ақ алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге кірісу керек.

Егер сөтсіздікке ұшыраған адам есін білетін болса, оның денесін сұртіп, жылы киімдер кигізіп, ыстық шай, т.б. беріп, тыныштандыру керек.



5—6-суреттер



7-сурет

Егер сұға кеткен адам тыныс алып, жүрегі соғып тұрғанымен, өзіне-өзі келе алмаса, жатқызып, белбеу мен киімін шешіп, екі тамшы мұсәтірлі спиртті іскету керек.

Егер сөтсіздікке ұшыраған адам есін білмейтін болса, оның аузын судан, сілекейден, батпақтан, құмнан, т. б. заттардан тазартады. Содан кейін оны еңкейтіп, тізесін ішіне тіреп жатқызып, қабырга тұсынан төмен қарай қатты қысады. Мұндай өдіспен тыныс жолдары арқылы өкпеге кеткен суды кейін шығарады, ая баруға жол ашады (8-сурет). Бұл жағдайда маңыздысы уақыт өткізбей, тыныс алуды тезірек қалпына келтіру, ол үшін жасанды тыныс алдыру өдісіне көшеді.

Жасанды тыныс алдырудың бірнеше тәсілдері белгілі. Қазіргі кезде көпке әйгілі, көмегі зор жасанды тыныс алдыру өдісінің бірі – ауыз немесе мұрын арқылы өкпеге



8-сурет

жасанды түрде ауа үрлеу. Өкпеге ауыз немесе мұрын арқылы ауа үрлөгендे, оның өкпеге бару көлемі 3–4 есе көп болады.


Тыныс алу жолдарымен өкпеге ауа жақсы бару үшін сәтсіздікке үшыраған адамды шалқасынан жатқызып, киімдерінен домалақ зат жасап, арқасына қояды, мүмкіндігі болғанынша басын артқа қарай шалқайтады, бұл ауаның өкпеге тез және оңай баруына мүмкіндік береді.

Жағы қарысып, ауызды ашуға мүмкіндік болмаған жағдайда, құтқарушы терең дем алыш, ернін суға кетүшінің мұрнына (дәке немесе қол орамал арқылы)нығыз тигізіп ауа үрлейді (10,11-суреттер).


Тыныс алу жолдарына ауаны бірқалыпты, тоқтатпай минутына 14–16 рет үрлейді. Кішкентай балаларды



9-сурет



10-сурет



11-сурет


тірілткен кезде, аяу үрлеуді жиі жасауға болады (ауаның көлемі аздау болу керек). Қарынға аяу өтіп кетпес үшін, өрбір дем шығарған кезде, құтқарушы қолымен іштің (қарынның) тұсын басып тұрады.

**Дельфин әдісімен жүзу.** Дельфин — спорттық жүзудің бүл түрі шапшандық жағынан кроль әдісімен етпеттеп жүзуден кейінгі екінші орында. Суда етпеттеп жатып, жүзуші екі қолымен суды күрей, кейін қарай серпиді, сонаң соң қол су бетінде екі жақтап алға қарай созылады. Қол мен аяқ бірдей жұмыс істейді және бірге қосылып, дельфиннің құйрық қанатының толқыны сияқты қимылына үқсас, жоғарыдан төмен және төменнен жоғары қарай қимылдайды.


Суретте дельфин әдістерімен жүзудің жалпы көрінісі көрсетілген. Оның ерекшелігі терең дем алғанда, қолмен есіп, аяқпен екі дүркін үру қимылын жасайды. Қолмен есу кезінде аяқты екі дүркін суға үру керек (12-сурет).

Дельфин әдісін жүзудің жалпы үлгісін үйренуден бастайды, сондықтан қолдың қимылына көп көңіл бөлген жөн.

Ең алдымен қол қимылымен құрғакта жаттығып алу керек: тік тұрып, сөл еңкейіп, алақанын төмен қаратып,



12-сурет



13-сурет


иық денгейіне дейін қолды алға қарай созып, басты сәл көтеріңкіреп, қолға қарап тұру керек. Екі қолды бірдей созып, түзу ұстаган бойы шыр айналдырып, дөнгеленген қимыл жасайды (төмен-артқа және жоғары-алға), содан соң бастапқы қалыпқа қайта оралады. Осы жағдайда қос қолдан есу қимылына көбірек көңіл бөлу керек. Тыныс алу еркін болғаны дұрыс (13-сурет).

Қолдың келесі қимылы суда өткізіледі, ол үшін ең алдымен суда тік тұрып, сәл алға енкейіп, екі қолмен қимыл жасау керек. Ең маңыздысы қолды түзу ұстап, қос қолдан есуді үйрену, содан соң қол қимылын тыныс алушмен үйлестіріп орындау керек.

Суда тұрған қалпында иық денгейіне дейін қолды алға созып, басты судан көтеріп, терең дем алады, содан соң бетті суға батырып, сол қалпында қолмен толық қимыл жасайды; үш-төрт рет қайталаган соң, бастапқы қалпына қайтып оралады, содан кейін су ішінде дем шығару керек. Ол үшін басты көтеріп дем алады, басты қайтадан суға батырып, қолмен бірнеше қимыл жасайды. Тыныс алуштың үйлесімділігін қадағалау керек. Осы кезде есу өдісін естен шығармай, есуді көзді ашып орындаған жөн болады.

Одан ары қол қимылын суда жүру өдісімен біріктіріп, бойды тік ұстап, қолдың емін-еркін қимылын байқап отыру керек.

Кезекті демалу (үзіліс) кезінде, тыныс алу үшін басты көтергенде, саусақтармен жайлап есуге болады, одан су бетінде қалқып тұруға мүмкіндік туады. Бұл жаттығуды үйренген соң, келесі жаттығуды басты суға батырып, кеудемен жылжып, оны аяқ қимылымен үйлестіріп, крольмен етпеттеп жүзу өдісіндегідей етіп, су түбінен аяқпен итерілу арқылы орындау керек (14-сурет). Қол




14-сурет

Қимылын бірнеше рет тоқтамай орындаған соң, колды әдеттегі қалпында үстап тұру жөне басты көтеріп дем алу қажет, осы кезде қолмен жай есу керек. Тынысын тежеп жүзуді үйренген соң, қол қимылын жалғастырып жөне алға қарай жүруін бәсендепей, қол қимылы кезіндегі дем алу жаттығуна кірісуге болады. Алғашқыда суда тік тұру әдеттегі қалпында болса, сондай етіп орындалады. Жүзуши есуді бастап, басын суға батырып, дем шығарады, толық есу кезінде демнің шыққан жолында су бетінде із қалу керек. Қолмен есуді бітіріп, судан шыққан кезде, басты көтеріп, ауызды кенірек ашып дем алады.

Колды көтеріп иық деңгейіне жеткен кезде, демалуды бітіріп, басты суға батыру керек, сонан соң қол су бетінен жеткен кезде, қимылдың жаңа циклын дем шығарудан бастайды (15-сурет).

Содан соң бұл жаттығуды суда жүріп қайталау керек.



15-сурет

Суда тік тұру және жұру жаттығуларын үйренген соң, жылжы отырып орындау керек. Осы кезде аяқ қроль әдісімен жұмыс істейді, етпептеп созылып жатып, аяқ дельфин әдісімен қозғалады, тыныс алуды бірдей орындалды. Жүзгөн кезде, дене мен аяқты бостау үсташа керек, ал дем алған кезде, денені аздап бұгу қажет. Сондағана кеуде мен басты жоғары көтеруге мүмкіндік туады. Басты суға батырған кезде, денені созып, мейлінше бос үсташа керек (*16-сурет*).

Осылай жүзіп үйренген соң, қолмен ескен және су үстімен алға созған кезде, дем алумен қабат қроль әдісіндегідей аяқ қимылын баяулатады, кейде мұлдем тоқтатады.

Тізе буынын босаңсытып, денені аздап белдің тұсынан бүгіп, қолмен ескенде, иықтар судың бетіне шығады. Бұл жаттығу дұрыс орындалса, аяқ тізеден бүгіліп-жазылып еркін қозғалады (*17-сурет*).

Екі аяқтың арасына қалтқы (тактайша) қыстырып жүзгөн кезде, аяқтың тобықтан жеңіл қозғалуына жағдай жасап, оны тізеден бүгіп, созылу арқылы ауырлатпауға тырысу керек. Бұл жаттығудың негізі – қолды көтеріп, суға жүзгеннен кейін босаңсыған аяғын суда үстап тұру.

Аяққа қалтқы қыстырмай, тек қолдың қимылымен ғана жылжу арқылы бұл қимылды жетілдіруге болады.

Бұл жаттығуларды үйренген соң есу қимылын дамытуға болады. Ол төмендегідей ретте орындалады: бастапқы қалпында қол алға созылып, есу біршама екі жақты артқа қарай дененің орта шені жамбасқа дейін



**16-сурет**




17-сурет

жалғасады. Одан өрі саусақтармен есу қымылы күшейеді, бұлардың қымылы денеден біршама артқа қарай бұрылады. Есу кезінде қол шынтақ буынынан иілуі керек, өйткені саусақтар өзінің қозғалысында шынтақтан алда болу керек (18-сурет).

Есуді алдымен суда тік тұрып, содан соң суда жүріп, одан ары жүзу кезінде үйренеді. Осыларды дұрыс орындау суда тез жылжуға жәрдем береді.

Қол қымылының тәсілін үйренумен қатар біртіндеп аяқты да жұмысқа қосу керек. Қолдар ауадан етіп, суга кірген кезде пайда болатын денениң толқын тәріздес қозғалысы аяқтарға беріледі, ол денені суда ұстап тұруға және жоғарыдан төмен үру қымылы арқылы орындауға мүмкіндік береді.



18-сурет

Егерде жұзуші осы әдісті аз да болса үйренсе, дельфин әдісімен жүзе алады. Бұл қымылды құлашын сермен қана орындаған жөн болады. Бұл қымылды жеңілдету жөне тез үйрену үшін, бір метрді кроль әдісімен, екі метрді дельфин әдісімен жұзу керек, біртіндеп аяқ қымылымен жұзу қашықтығын өсіріп орындау қажет болады.

Аяқ қымылын орындау тәсілін осындай әдістермен тез үйреніп кетуге болады. Соның нәтижесінде дельфин әдісімен жұзуге кірісуге мүмкіндік туады. Екі рет қолмен ескен кезде, бір рет дем алу, содан соң өрбір цикл сайын дем алуды орындау керек. Осы әдістерді үйренген соң, әдісті өрі қарай дамытуға болады.

### Сұрақтар

1. Кеудемен жұзу (кроль) қалай орындалады?
2. Аяқ-қолдардың қозғалыстарын ата.
3. Шалқалап жұзу қалай орындалады?

### Тапсырмалар

1. Адамның шынығуында жұзудің орны аса маңызды екендігін еске үстандар. Шынығуга күн жөне ауа секілді табиғи факторларды пайдалана біліндер.
2. Су — жүзе білмеген адамға қатығез жау екендігін ұмытпандар. Жүзе білу адам өміріне аса қажетті нөрсе.
3. Жұзуді білмесендер, бастапқыда құрғақ жерде арнайы жаттыгуларды орындал машықтанындар.

## VII. ШАҢҒЫ ДАЯРЛЫҒЫ

Шаңғы спорты елімізде жаппай таралуда. Шаңғы тебу өр жастағы адамдар арасында пайдалы өрі ыңғайлы спорт түрлерінің бірі болып табылады. Шаңғы дайындығы денсаулықты жақсартып қана қоймай, сонымен қатар шынығуға жан-жақты өсер етеді.


Жақсы дем алуға ең керекті спорт түрлерінің бірі де осы шаңғы тебу. Таза, салқын ауадағы шаңғымен қыдыру нерв жүйесін шынықтырып (жақсартып), мидың шаршаганын қалпына келтіреді.

Шаңғы дайындығы сабағы қарлы, салқын күндері далада өтеді. Сондыктан оқушылардан нақты үйымшылдықты талап етеді. Шаңғы дайындығы сабағын өткізгенде дайындалған жерге, ауа райы жағдайына, жаттығушылардың құрал жабдықтарына және үсікке шалынбау үшін қауіпсіздік ережелерін сақтауға баса назар аударылады. Шаңғы тебуді және жаттығуларды ары қарай жалғастыру үшін, арнайы оку аландарын, оку-жаттығу жолдарын, оку-жаттығу еңістерін алдын-ала дайындалған жөн.

**Ауыспалы жүрістердің техникасы.** Ауыспалы жүрістің негізіне сырғанау адымдары жатады. Шаңғышы аяқпен және қолындағы таяқпен ауыспалы түрде итеріле отырып, бірде сол аяқпен, бірде он аяқпен сырғанайды. Бұндай жүрістің ауырлығы көбінесе аяққа түседі. Ауыспалы жүріс сырғанау адымдарына байланысты екі адымды және төрт адымды болып бөлінеді. Шаңғы жүрістері ішіндегі ең көп тарағаны ауыспалы екі адымды жүріс. Бұл жүрісте аяқ пен қолдың қозғалысы жай жүрістегідей ауысып отырады. Қозғалыс екі рет сырғанау адымымен және екі рет таяқпен итерілуден тұрады (әр қадамға таяқпен бір рет итерілу). Негізгі жүріс сырғанау адымы болып табылады. Сырғанаудың басында шаңғышы бір аяғын алға шығарады және сол алға шыққан аяққа денесінің салмағын ауыстырады. Төменгі тұрыста сырғанауды жалғастыра келіп, ол аяқтың қозғалысын тоқтатады да, денесін он аяқтың үстіне апарғанда аяқты тізеден бүгіп (подседание), жартылай отырады. Осы жағдайдан шаңғышы аяғын тізе буынынан жаза келе, екінші аяқты алға жіберіп, таяқпен итеріледі (*I-сурет*). Итерілу кезінде аяқ тізе буынынан толық жазылуы керек. Бұл жағдайда қолдар ауыспалы түрде алға шығып отырады. Он аяқтағы шаңғымен сырғанағанда сол қол алға шығарылады, ал сол аяқтағы шаңғымен сырғанағанда он қол алға шығарылады. Таяқпен итерілу аяқпен итерілуден кейін орындалады. Таяқты қарға қою орны сырғанау жағдайына байланысты: жақсы сырғанау кезінде – шаңғының алдыңғы жақ тұсына, нашар сырғанау кезінде – ботинканың өкше тұсына қойылады.


**Ауыспалы төрт адымды жүріс.** Бұл жүрістің барысы төрт сырғанау адымымен, қолмен екі итерілістен тұрады.

Бірінші екі адымға шаңғышы кезегімен таяқты ғалға шығаралды, үшінші және төртінші адымға таяқпен ауыспалы екі итеріліс жасайды. Ауыспалы төрт адымды жүріс таяқпен итерілу қындағанда, сырғанау нашарлағанда терең өрі жұмсақ қарлы жерлерде қолданылады. Бірінші және екінші



1-сурет

адым таяқпен итерілмей қысқарап болса, үшінші және төртінші таяқпен итеріліп өрі ұзынырақ адыммен орындалады. (2-сурет).



2-сурет

**Бір мезгілдегі бір адымды жүріс.** Бір мезгілдегі бір адымды жүріс жарыс кездерінде, жақсы төгістелген шаңғы жолдарында, жазық жерлерде қолданылады. Бір аяқпен сырғанау және бір мезгілде екі таяқпен итерілу бір мезгілді бір адымды жүрістің негізі болып табылады.

**Шаңғышы таяқтарды алға шығарып,** дене салмағын бір аяққа түсіріп, аздалап бүгіледі, содан соң түзеле келе аяқпенен тез итеріледі. Аяқпен итерілгеннен кейін таяқтары тік қалыпқа келеді. Шаңғышы таяққа тартылғандай болып денесін алға енкейте келіп, екі таяқпен бір мезгілде итеріледі де екі шаңғымен сырғанайды, қозғалыс осылай қайтадан қайталанылады.

**Шаңғымен еңіске тұсу.** Ылдилау кезінде шаңғышының күші дененің қалпын ауыстырып отыруға, тепе-тендікті сактауға, тоқтатуға, жазық немесе жазық емес жерлерден өтуге және бағытты өзгертуге кетеді. Бұл өдіс қатты жылдамдықта орындалатын болғандықтан шаңғышыдан батылдық, тапқырлық, күштілік, жылдамдық және тепе-тендікті сактау қасиеттері талап етіледі.

Негізгі, төменгі және жоғарғы тұрыстағы қалыптары ылдилау кезінде қолданылады (3-сурет).

**Козғалыс кезінде шаңғымен бұрылу.** Жазық жерлерде аяқты кетеріп қою арқылы, ылдиларда аяқты кезегімен қою арқылы және қатар келе жатқан екі шаңғымен қисау арқылы бұрылыштар орындалады.

**Аяқты кезегімен қойып бұрылу** жазықтау еңістер мен тегіс жерлерде орындалады. Бұл барлық бұрылыштардың ішінде ең бір жылдамдықты көбейтетін бұрылыш. Шаңғышы сырғанап келе жатқанда өзіне керекті бұрышқа шаңғыны қойып, келесі аяқпен итеріліп отырады.

**Конькише жүріс.** Аттап басу арқылы бұрылуды үйрену немесе сырғанауда күш алып жылжуды жетілдіретін конькише жүріс бұрыннан жақсы мәлім және шаңғы спорты тәжірибесінде қолданылады. Соңғы жылдары пластикалық шаңғының пайда болуына, сондай-ақ шаңғы жолдарының жақса-



3-сурет

руына байланысты коңкише жүріс шанғымен жұру тәсілі ретінде де қолданыла бастады. Сырғанау жолдарының едөуір жақсартылуы, кең және жақсы тапталған шанғы жолдарында коңкише жүріс басқа жұру өдістерімен салыстырғанда, жоғары жылдамдықпен жүрге мүмкіндік береді. Жайпақ төбелерге шығу кезінде де осы тәсілді қолдануга болады. Шанғышы осы тәсілмен жүрген кезде, оның қымылдары коңки тебушінің қымыл-өрекетіне үксайды. Тәсілдің коңкише жүріс деп аталауды да осыдан.

Шанғыны ішкі жағымен артқа-сыртқа қарай қатты теуіп, күш алып жылжып, шанғышы дене салмағын шанғыға ауыстырады, енді осы қымыл екінші аяқпен қайталаңады. Осы тәсілмен жұру кезінде, қолдар да белсенді қымыл атқарады. Қолмен итеріп жылжу аяқтың жұмыс қарқынымен келісімді түрде бір мезгілде немесе алма-кезек жүзеге асады. Тегіс жол участкерінде қолмен итеріп жұру бір мезгілде атқарылады, төбеле шыққан кезде, оның тіктігіне байланысты бір мезгілде немесе алма-кезек атқарылады.

Коңкише әдеттегі күш алып жылжудан (екі аяқпен екі жаққа) басқа тәсілмен де жүргуте болады. Осы кезде бір аяқпен едөуір уақыт коңкише тебу керек, екінші аяқтағы шанғы тұра сырғанайды. Бұл әдісті бір жақты коңкише жүріс деп атайды. Осы әдісті қолданған кезде, қолмен бір мезгілде итеріп жұру керек. Егер шанғы жолы жайпақ доға жасап өтсе, бір жақты коңкише жүрісті өте табысты қолдануға болады. Әрине, бір жақты коңкише жүріс кезінде белгілі бір уақытта итеретін аяқты ауыстырып отырған жөн.

Коңкише тебуді тегіс, кең, жақсы шындалған жаттығу аланында үйрену керек. Бірақ қар мұздак болмауы қажет. Қардың жоғарғы қабатын шанғышының шанғы жиегімен сыртқа итеріп жұруі үшін сөл ауыстыру керек.

Мектеп оқушылары доға бойынша салынған шанғы жолымен жүрген кезде, өуелі бір шанғының ішкі жиегімен сыртқа итеріп жүргуге жаттығады.

Алғашқы жаттығулар таяқсыз, аяқпен оң жаққа немесе сол жаққа қарай тебу арқылы орындалады. Бірте-бірте шанғыны сыртқа қарай тебу бұрышы үлгайтылады. Алғашқы жаттығуларды жайпақ жерлерде немесе орташа биіктіктең төбеден жазыққа түскен уақытта орындау қажет. Төбеден түсіп келе жатқанда алдын ала жылдамдық

алу маңызды болып табылады. Шаңғыны жиегімен тебуге ерекше көніл аударылады.

Осыдан кейін оң және сол аяқпен алма-кезек тебу арқылы коңкише жүрісті жалпы үйренуге кіріседі. Алғашқы жаттығу кезінде шаңғының ұшын айыру бұрышы үлкен болу керек. Сөйтіп оқушылар алғашқы жылдамдығын сақтайды. Алғашқы өрекеттер кезінде негізгі қимылды үйлестіруге және шаңғының ішкі жиегімен тебуге назар аудару қажет.

Жаттығулар алғашқы уақытта таяқсыз жүргізіледі, бұл қимылды үйлестіруді оңай менгеруге мүмкіншілік береді. Егер жаттығу аланы жайпақ еңісті болып келсе, жаттығулар елеуір табысты болады ( себебі, осындай жерде, тебу өрекеті дұрыс менгерілген болса, жүріс жылдамдығын сақтау оңайға туседі). Сырғанайтын шаңғыға дene салмағын дер кезінде ауыстыруға көніл бөлу қажет. Содан кейін тебетін шаңғының ұшын айыру бұрышы үлкейеді. Оқушылар осы әдісті таяқсыз менгергеннен кейін, жүріп көреді. Олар алғашқыда таяқпен бір мезгілде итеріп жүреді (оқушыларға қимылды үйлестіруді менгеру сонда оңайға туседі), содан кейін ғана алма-кезек итеріп жүреді. Немесе итеріп жүрген кезде қеудені қимыл жаққа қарай сөл еңкейту керек.

Коңкише жүрісті табысты менгеру үшін, алғашқыда қар үстінде барлық қимылдармен шаңғысыз жаттығу жасалады. Бұл жаттығу адым тастап та, сондай-ақ секіріп те орындалады. Шаңғысыз жаттығу кезінде алға қарай, бір шетке адымдап (секіріп) коңкише тебуге назар аудару керек. Итеріп тебетін аяқтың ұшы сөл алға, бір шетке қаратылуы қажет.

Коңки тебушілерден шаңғышылардың айырмашылығы шаңғышылар қимыл-әрекетті онша еңкеймей атқарады. Шаңғышының қолы да итеріп жүру өрекетіне үйлес келеді (коңки тебуші болса, қолын жан-жаққа сермейді).

Қар қалың кезде коңкише жүру өдісін қолданбайды, себебі ол арнайы шаңғы жолын қажет етеді. Қыскы мектеп ойындары бағдарламасына коңкише жүру өдісін қолдану шартын өр түрлі қашықтықтағы жарысуға және эстафеталарға енгізу пайдалы болады. Арнайы техника да қажет етпейді.

Өрге шығу әдістері. Ойлы-қырлы жерлерде шаңғымен жүрген кезде, шаңғышыларға, саяхатшыларға және мектеп

окушыларына тіктігі, ұзындығы және бедері өр түрлі төбешіктерден өтуге тұра келеді. Шаңғы тебу тәсілін үйрену және шаңғышылар жарыстарын үйлемдастыру кезінде, негізінен, шаңғы жолындағы өр түрлі төбешіктерден өту өдістері қолданылып, олар жүгіріп сырғанау немесе адымдап жұру арқылы жоғары қозғалыс жылдамдығын қамтамасыз етеді. Тек сирек кездесетін жағдайда (жол бөліктері кейде тік, өр болып келген кездерде) және дайындығы төмен болса немесе шаңғы сәтсіз майланса, спортшылар өрге шығудың жылдамдығы төмен әдістеріне (жартылай шырша және шырша) лажсыздан көшуге мәжбүр болады.

Саяхатшылармен мектеп оқушылары серуендерен кезде, тіпті шаңғысыз жүрген уақытта да көбінесе өрге шығудың «жартылай шырша», «шырша» және кейде «саты» әдістерін пайдаланады.

Өрге шығу тәсілдерін тандау тек өрдің тік болуына ғана байланысты емес. Мұнда басқа факторлар да маңызды рөл атқарады: шаңғының қарға жабысуы, шаңғышының дene және техникалық дайындығы, оның сол сәттегі шаршағандығы және шаңғы жолының жағдайы. Жағдай қолайлы болған сәтте маман шаңғышылар тіктігі бес градусқа дейін болған жерлерге жылдамдықты төмөндөтпей, алма-кезек адымдап жұру өдісімен шығады. Ал жағдай онша қолайлы болмаған кездерде, тіпті жайпак беткейлерде де, сырғанап, жүгіріп және адымдап жұру тәсілдеріне ауысуға тұра келеді.

Өрге сырғанап шығу кезінде, алма-кезек адымдап жұру тәсілімен салыстырғанда, кеуде көп еңкейеді, қадам ұзындығы азаяды, қолмен итеру өрекеті бір мезгілде аяқпен күш салып жылжу өрекетіне сай келеді. Қол және аяқ қимылында амплитуда азаяды. Шаңғышы осы кезде бірден күш алып, жылжу аяқталысымен, тағы қолын сермел, аяқпен итеріп, алға жүреді. Бір қолдың жұмыс уақыты екінші қолмен итеріп жұру өрекетіне үйлеседі, сол үшін төбенің тіктігі артқан сайын шаңғышы таяққа үздіксіз сүйенеді. Төбенің тіктігі артқан сайын тәсілдегі барлық осы өзгерістер алма-кезек адымдап жұру өдісімен салыстырғанда, көзге қөл шалынады.

Осының барлығы шаңғының қарға жабысуын көбейту

және оның тайғанақтап кетуіне жол бермеу қажеттігінен туындаиды. Сонымен бірге аяқпен итеріп тебу бұрышы да үлғаяды, бұл қолмен белсенді қымыл жасауды талап етеді. Таяқ қар үстіне 65–75°-қа шейін бұрышталып қойылады. Бос аяқ екінші аяқпен итеріп тебу кезінде айналыс өрекетін атқарады. Аяқты алға тастаған кезде, табандың тайғанақтап кетуіне жол бермсү керек, себебі ол тежелеу қалпына алып келеді және жылжуды қындалатады, бұл өз кезегінде басқа кемшиліктерге душар етеді.

Мектеп оқушылары сырғанап, жылжып өрге шығу әдісіне жақсы дайындалған шаңғы жолында алғашқыда жайпак төбеде (30°-қа дейін) үйренеді. Оқушылар тегіс жерде алдын ала жылдамдық алып, ұзындығы 25–30 метрлік өрге шығады. Оқушылар жылжып сырғанап өрге шығу әдісін біртіндеп менгергеннен кейін, беткейдің тіктігі 5–6°-қа артады. Бірақ оқушылар сырғанап жылжу әдісін толық менгеріп алмайынша, тіктігі біртіндеп артатын төбеге шығуға асықпау керек. Тіктігі біртіндеп артатын беткейлерге шығу әдісіне мезгілінен бұрын көшу оқушылардың өрге шығу тәсілдерін менгеруін қындалатады. Оның үстіне дene дайындығы, атап айтқанда, иық, қол бұлшық еттерінің күші үлкен рөл атқарады.

Өрге жүгіріп шығу әдісі тіктігі орташа беткейде, сырғанау қын болса, жайпак төбеде қолданылады. Өрге шығудың осы әдісіне көшу басқа себептерге де байланысты. Осы кезде сырғанау уақытының едөуір қыскарғаны байқалады, бұл ұшу сатысымен жүгіру әдісіне уақытша көшуге алып келуі мүмкін. Осы тәсілде алға үмтүлу ұзындығы сырғанау ұзындығынан 3–4 есе көп болады.

Қолды сермел және еңкейіп жүгіру өрекеті тез атқарылады, ол қозғалыстың едөуір жоғары қарқының сақтауға мүмкіншілік береді. Жалпы алғанда бұл тәсіл сырғанап, жылжып өрге шығу әдісінің көптеген бөлшектерін сақтап, жартылай бүгілген аяқпен жүгіріп жүргенге үқсас келеді.

Өрге адымдап шығу әдісі сырғанап шығу мүмкін емес болған жағдайда (күш көп жұмсалатыны себебінең) қолданылады. Ол ең алдымен төбе тіктігінің артуымен байланысты, бірақ шаңғының қарға жабысу жағдайы да маңызды рөл атқарады. Осындайда табанды және таяқты

күшпен итеріп жылжу да оте маңызды болып саналады. Оқушылардың өрге шығудың осы әдісін үйренуі үйлесімділік жағынан ерекше дайындығын талап етеді.

Орге қигаштап шыққан кезде «жартылай шырша» әдісі қолданылады. Жоғары орналасқан шаңғы қозғалыс бағытында сырғанайды, төменгі шанғының ұшы болса тік жаққа қайырылады. Төменгі шанғы қойылатын бұрыш төбенің тіктігіне және сырғанау жағдайына байланысты. Шаңғышының қолдары алма-кезек жұмыс істейді.

Шырша әдісі тік өрге шығу кезінде қолданылады. Осы әдісті қолданған уақытта екі шанғының ұшы қозғалыс бағытында екі жаққа қайырылады және шанғышы қарға шанғының жабысуын күшету үшін, ішкі қырымен басып жүреді.

Ор қанша тік болса, екі шанғының ұшы сонша кең қайырылады. «Шырша» әдісімен өрлеген кезде, шанғы сырғанамайды, шанғышының екі аяғы мен қолы алма-кезек жұмыс істейді.

Шаңғы жарыстарында «саты» әдісімен өрге шығу қолданылмайды.

Саты арқылы өрге шығу биік қырға шыққанда қолданылады. Ол үшін төбеге сол немесе он жақпен алма-кезек аттап өрлеу қажет. Шығу кезінде қол күшіне сүйенетіндігі түсінікті.

#### Сұрақтар

1. Шаңғы дайындығының тұрмыс-тіршілік үшін маңызы қандай?
2. Ауыспалы жүрістің техникасын көрсет.
3. Бір мезгілді бір адымды жүрістің техникасын көрсет.
4. Шаңғымен еніске түскенде дene қандай жағдайда болады?

## VIII. ДАЛА ЖАРЫСЫ (КРОСС ДАЯРЛЫҒЫ)

«Спорт падишасы» атанған жеңіл атлетиканың бір тарауы кросс даярлығы.

Мектептегі дene тәрбиесінің бағдарламасы климат жағдайларына байланысты шаңғы даярлығымен, конькимен айналысуга мүмкіндігі жоқ жерлерде кроспен айналысады қарастырады.

Оқушылар кросс даярлығының организмге қаншалықты өсер ететіндігін білулері қажет. Жүгіруші аяғымен ғана жүгіріп қоймайды, жүрегімен және өкпесімен де соншалықты жүгіреді деген сөз бар. Бұл шындығында да осылай. Организмнің қажеттілігін кислородпен қамтамасыз ету үшін жүрек пен өкпеге мықты жұмыс жасауға тұра келеді.

Кроспен айналысу төзімділікті қалыптастырады, шыдамдылыққа тәрбиелейді, қунделікті тіршілік үшін, оқу үшін, спорт үшін болашақта өскер қатарында қызмет ету үшін ете маңызды ерік-күшті дамытады.

Әрбір оқушы жүгіру барысында, өсіресе күз бен қыста өзінің жүгіру күйіне назар аударуы қажет. Тіпті салқын тиіп, женіл сырқаттанғаның өзі организмнің науқасқа қарсылығын төмендетеді, жағдайдың қындау себебіне айналады.

Дала жарысы дегеніміз табиғи ойлы-қырлы жерлермен жүгіру. Жүгіргенде төмендегілер есте болсын: шебі жоқ тегіс жерлермен (сокпақтармен, жолдармен) жүгіргенде өткен сыныптарда айтылғандай тәсілдермен жүгіру қажет. Қатты жerde, мысалы асфальт жолда жүгірумен көп айналысқанда сирақ еттерінің ауырғаны білінеді. Қатты жолда жүгіру жалпақ табанды балалар үшін қын. Сол себепті жүгірудің көп бөлігін онша қатты емес жerde өткізу керек. Бұлшық еттермен буындарға артық күш түссе, мұның өзі елеулі науқасқа себепші болады. Қашықтықта кездесетін түрлі табиғи кедергілерден өтерде ерекше мұқияттылық қажет. Жерге сәтсіз түссе, тізе буындарының, тобықтың зақымданып немесе өзге де жарақаттар алыш қалуы мүмкін.

Қалың шөп өсken жермен жүгіргенде, аяқты шұңқырға, тесікке тығып алмас үшін, алға мұқият қарап керек. Денениң тұрақты қалпын сақтау үшін, аяқты өкшеден басып үшіна аудару қажет. Қалай болғанда да аяқты жерге «тырпылдатып» баспай, жұмсақ басу керек.

Қыратқа, дөңнің баурайына, көтерілерде аяқтың үшімен жүгіреді, қеудені ілгері енкейтеді. Қол қозғалысқа белсенді түрде көмек беруі керек, қозғалыс кезінде оны ілгері жоғары үмсіндырады (1-сурет). Тік беткейге жүгіріп шығу қын, сондықтан да жүріске ауысып және тіке немесе



1-сурет



2-сурет

киғаш жүрген дұрыс. Қыраттан түсерде шапшандық жылдам артады, алайда оны азайту қажет, өйткені күшті екпін алғанда, аяқ тепе-тендікті сақтай алмай, жүгіруші құлауы мүмкін. Кеудені кейін шалқайтқан дұрыс. (2-сурет). Тіп-тік қырдан жүгірмей түскен жақсы. Жайпауыт немесе шамалы ғана тіктеу қырдан шапшандықты азайтпай-ақ түсуге болады, бірақ адым қысқа болсын. Баурайдағы тегістеу жерден жүгіріп түсуді екпін алу үшін пайдалануға болады. Қыраттан түсерде аяқты өкшемен қою қажет. Биік өскен шөптің бетімен жүгіргенде аяқты жоғары көтереді, терең емес судан өткенде де осылай, тек адымның арасын шағын етіп жүгіру керек. Терендеу сулардан өтерде адымдаپ, жай жүріп өту керек.

Жолшыбай кездесетін онша енді емес ордан (еңі 1,5 м дейінгі) кеңірек адымдаپ өткен дұрыс. Ордың екінші жағына шыққаннан кейін, кідірместен, одан әрі жүгіре беру керек.

Осындай өдіспен жолшыбай құлап жатқан ағаштардан да аттап өтуге болады. Өте жуан ағаштардың үстінен басып өтеді. (3-сурет).

Жүгірудің бастапқы кезінде, әлі аяқ шаршамаған кезде аяқтың ұшымен жүгіру ұсынылады. Бірақ жүгірушілердің көпшілігі әдетте толықтай табанмен жүгіреді. Тек қана даярлығы өте жақсы жүгірушілер ғана кросстың барлық қашықтығын аяқтың ұшымен жүгіруге қабілетті.

Жерге тусу кезінде аяқ тұзу жағдайда болады (немесе тізеден шамалы ғана бүгіледі).

Козғалыс шапшаңдығы жүгіру адымдарының ұзындығына және жүгірудің екпініне байланысты. Козғалыс екпіні бұл 1 минуттай қозғалыстың саны. Шапшаңдықты арттыру қажет болса, адым кеңдігімен екпінді арттыру керек.

3000 м жүгіруден, өсіреле жарыс кезінде өрбір жүгіруші қыздырыну кезінде және жүгірудің бастапқы кезеңінде онтайлы екпінмен адымның ұзындығын дұрыстап анықта алғаны жән. Жеткіліксіз қыздырынуымен бастапқы шапшаңдықта организмнің толықтай жұмысқа қосылуын қыннатады.

9-сынып оқушыларына бағдарлама бойынша дала жарысының жоғарыда айтылған механикасын толық менгеруі үшін, бастапқы кезде тегіс жерде 400–600 м бірқалыпты жүгіру, кейін уақыт есептеп 1200–1800 м қашықтыққа жүгіру ұсынылады.

Кросқа жоғарғы старттан жүгіріп шығады. (4-сурет).

Бірқалыпты жүгіруте дағдылана білген жән. Осылай жүгіргендеге жүрек пен өкпе қалыптасқан ырғакта жұмыс жасайды.

Жаттығуға қызығушылықты арттыру мақсатында дала жарысына дайындықты өртүрлі ойын түрінде өткізген пайдалы болмақ.



3-сурет



4-сурет

Жүгіріс кезінде үйлесімділікті жетілдіру үшін төмендегідей жаттығуларды дайындаңық, кезінде жасағандарың жөн болады:

1. Санды жоғары көтеріп жүгіру (1-сурет).
2. Кібіртікеп жүгіру.
3. Жүгіріс кезіндегідей қолмен сілтеу қимылдарын жасау.
4. Сиракты артқа қарай сілтеп жүгіру. Бұл жаттығуға секіргішті пайдаланған дұрыс болады. (2-сурет).
5. Басқышпен жүгіру.
6. Ылдига қарай жүгіру.
7. Секіріп жүгіру – көп қайтара ыршып секіру.
8. Шалқалап жатып немесе жауырында, не қолда тұрып аяқпен жүгіру қимылдарын жасау.
9. Аулада шарбаққа, ағашқа тіреліп тұрып, орнында жоғарғы шапшаңдықпен жүгіру.

#### Сұрақтар

1. Даала жарыстары дегеніміз не?
2. Даала жарысы организмнің қай мүшесіне елеулі күш түсіреді?
3. Қозғалыс шапшаңдығы нелерге байланысты?
4. Қыратқа, дөңге қарай жүгіргендеге қалай жүгіру керек?
5. Неліктен бірқалыпты жүгірген дұрыс?

#### Тапсырмалар

1. Даала жарысының техникасын жақсы менгеру үшін бастапқы кездे орташа қашықтыққа жүгіріп үйрен.
2. Шөбі қалың өскен жерлермен жүгіргендеге жолға қарап отырындар.
3. Қыздырыну және жүгірудің бастапқы кезінде онтайлы екпін мен адым ұзындығын дұрыс анықтап ал.
4. Беткейден жүгіріп түскенде денені біраз шалқайтып, екпінді аздал тежеу керектігін есте үстандар.
5. Жүгірудің көп бөлігін жұмсақ жерде өткізуге тырыс.

## IX. КОҢҚИМЕН ЖҮГІРУ

Жүгіруге үйрену кезінде оқушылар екі және бір коңқимен жүгіру, сырғанау, тіке және айналма жолмен жүгіру, роликті коңқимен жүгіру, тоқтаудың толық өдістері, жүгіру үстінде қол мен аяқтың үйлесімді қимыл жасауы, жалпыға бірдей негізгі командалар тәрізді коңқимен жүгірудің алғашқы техникасының жекелеген

бөліктерімен (элементтерімен) танысады. Оның үстінен окушылардың конькишінің құрал-саймандың күте білуі, конькіді егу, мұз айдынының жасалуы және т.б. туралы хабарлары болуы қажет.

Конькимен жүгіруге кірісерде окушылар ең алдымен: коньки түрлерімен, оларды бекіту және егу өдістерімен, оларды қалай күту керектігімен танысқаны жөн.

**Коньки.** Конькимен жүгіруге алғаш үйрену үшін “Снегурочка”, “Спорт” тәрізді қарапайым коньки модельдерін және инженер В.И. Поликарповтың құрастыруымен (конструкциясымен) шыққан конькилерді пайдаланған дұрыс болады.

Қарапайым конькилер едөүір ыңғайлыш, өйткені олардың табаны жалпақ (2,5-3мм) болады да, аласа келеді. Осының өзі конькишінің бастапқы кезде мұз үстінде жақсы тұруына жағдай туғызады. Алғаш коньки тебуге үйрену кезінде “Хоккей” типті конькіді де пайдалануға болады.

**Аяқ киім.** Конькіді бекіту үшін аяқ киімнің ыңғайлышы қалың былғары табанды және өкшесі бар бөтенқелер болып саналады. Бөтенқенің ішінде жұмсақ астары болуы тиіс. Конькишінің аяғына аяқ киімі дәл келуі қажет; жұн шұлышқыген кезде аяқты қатты қысып кетпеуі үшін бөтенқенің өдеттегі киетін өлшемінен (размерден) бір нөмір үлкен болғаны тәуір.

Бөтенқенің бауын аяқтың башайларын қатты қыспайтындағы етіп өткізу керек. Аяқтың үстін, аяқтың басына қарағанда, қаттырақ байлау қажет.

Арнаулы аяқ киім болмаған жағдайда конькіді қайыстың немесе жіптің көмегімен өдеттегі пималарға байлан алуға болады.

**Конькилерді бекіту.** Конькіді аяқ киімге дұрыс бекітудің мәні өте зор, өйткені окушының мұз үстінде жақсы тұруы соған байланысты. Коньки табанның, өкшенің ортасы мен үлкен башай мен соған жақын тұратын башайдың ортасынан өтуі қажет.

“Снегурочка” типті коньки бұранданың көмегі арқылы өкшеге және “жақтау” арқылы аяқ киімнің табанына бекітіледі. “Спорт” конькі мыстан немесе алюминиден жасалған шегемен, Поликарпов конькі кез келген аяқ киімге қайыс немесе жіппен бекітіледі.

**Конькіді қайрау.** Коньки өрқашанда өткір қайралған болуы тиіс. Жай конькилерді қайрау үшін дөңгелек тас

қайрақ немесе дөңгелек егеу пайдаланылады. Дөңгелек тас қайрақпен қайрағанда өр коньки қыспа төске қысылып қойылады. Конькиді қолдененін қайраған жән; конькиді егер болған соң, сырт жағынан тас қайрақпен жүргізіп оту керек.

**Киім.** Конькиді жұмсақ өрі жеңіл, жылды киіммен тепкен ынғайлыш. Жүннен тоқылған костюмдер, тоқыма кейлек, бас киім, қолғап, ынғайлыш киімдерге жатады. Күртешенің ішінен тоқыма кейлек киіп, шаңғы костюмімен де коньки тепкен қолайлыш.

**Мұз айдынының құрылышы және оны күту.** Эдете мектептің спорт алаңын мұз айдынына айналдыруға болады. Ол үшін сүйк түспестен бұрын оқушылар өз күшімен алаңды тегістеу керек. Егер алаңда қар болса, қарды тазарту керек, тазаланған жер тез қатады, судың жер бетіне сақталуына жағдай туғызды. Су құйған кезде оның ағып кетпеуі үшін мұз айдынының төнірегі топырақпен немесе қармен көмкеріледі. Мұз айдынына суды  $5^{\circ}$ - $10^{\circ}$  аяз кезінде шлангымен жая шашыратып, теп-тегіс болатындай етіп құю керек. Шланг болмаған жағдайда суды шелек немесе су құйғыш арқылы да құюға болады. Мұз айдынын күтіп үстап, қарап, уақытылы тазалап, мұздың қандай жағдайда екендігін бақылап отыру қажет.

**Бастапқы үйрену.** Конькимен жүгірудің техникасын үйренуге кіріспес бұрын оқушылар өздерінің байланыстырушы бұлшық ет аппараттарын жаттықтырып алудары керек. Осы мақсатпен мұз айдынына шықпастан бұрын, конькисіз және конькимен жасалатын бірнеше даярлық жаттығуларын жасаған жән. Ондай жаттығуларға мыналар жатады; аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, табанның сыртқы және ішкі қырымен (жақтармен) жүру, түрлі отырып-түрулар және конькисіз жасалатын жүруге ұксас (имитациялық) қимылдар, дененің ауырлық салмағын бір аяқтан екінші аяққа түсіре отырып жүру; конькишінің дұрыс жүру, түру жағдайларын үйрену және т.б.

Коньки үйретудің төмендегідей төсілдері бар: орындық-шананың көмегімен (оны алда үстап сырғанау) үйрену, сырықты бірнеше бала болып үстап немесе едөур тәжірибелі жолдасының көмегімен үйрену.

Алғашқы қадамдар былай жасалынады: бір аяқпен итеріліп қалып, оны тез мұздың үстін қойып, екі аяқпен бірдей сырғанап кету. Тепе-тендік салмақты үсташа дағдысы қалыптасқан соң, екі аяқпен кезек итерілу арқылы мұз жолы-

ның үстінде жүгірге тырысу керек. Алғашқы кезде конькидің ішкі жағына қарай аяқты икемдеп сырғанауға болады.

Тұзу жолмен жүріп үйрентенген кейін, айналу және тоқтау техникасын мәнгеруге күш қажет.

Сырғанау техникасы қорықпай, екі аяқты жылдам итеруден тұрады. Қимыл үстінде итеруші аяқ біртіндеп сыртқа қарай алшактайды, қымылды бағыттап отыратын аяқ алшак түсер кезде тізе бүтіледі, қымылды өзгерткенде екінші аяқ та сондай қымылдар жасайды. Дене салмағы сырғанап келе жатқан аяққа түскеннен соң, бос келе жатқан аяқ ақырындап сырғанап келе жатқан аяққа қарай тартылады да, екінші аяқпен қатар қойылады.

**Айналмада жүгіру.** Тұзу жолмен жақсы жүгіріп үйрентен соң айналмаларда жүгірге үйрену қажет болады. Ол үшін айналманың сол немесе он жағына бұрылуға сәйкес, дене салмағынан босаған келесі аяқ жолға қарай түсіп (аудысып), артқа итеріледі.

Аяқты алмастырып тастау арқылы болатын айналма жүгірісті тәмендегідей ретте орындаиды. Айналмаға жүгіріп жеткен соң, окушы дене салмағын сол (он) аяққа отырып, ештеп солға (онға) қарай бұрылады да, конькиді сырт жағына қарай басады. Қымылды аяқтаған он (сол) аяқ сырғанап келе жатқан сол (он) аяқтың алдына айқастырыла мұз үстіне қойылады. Содан кейін сол (он) аяқ мұз үстінен көтеріліп, алға қарай шығады да, он (сол) аяқтың алдынан мұз үстіне қойылады, ал он (сол) аяқ осы кезде қатты итеріледі. Осындай бірқалыпты қимыл екі аяқпен кезекпе-кезек айналмадан толық етіп болғанша жасалынады.

**Тежеу.** Тежеудің төрт түрлі өдісі бар: бір конькимен, екі конькимен тежеу, жартылай айналып барып немесе конькидің артын тіреп тежеу.

Бір конькимен тежеу кезінде бір аяқ қымылға қарсы келетіндей етіп біршама алға қойылады. Екі аяқты жақындастып барып тежеу: екі аяқ бірдей сыртқа қарай иледі де, аяқтың үші бір-біріне жақында түседі, тежеу конькидің ішкі жағына күш түсіру арқылы жасалады. Жартылай бұрылу арқылы тежеу кезінде коньки тебуші жүріп келе жатып, күрт 90°-қа бұрылады, денесін жүріп келе жатқан жағынан қарама-қарсы жаққа қарай қисайтады, сөйтіп конькидің біреуін сырт жақтағы қырына, екіншісін ішкі жақтағы қырына қояды.

Тортінші өдіс яғни бір аяқтың өкшесін мұзға сырғаната тіреп тежелу нашар мұзда қолданылады. Оқушылар қарапайым коңкимен жүгірудің бастапқы техникасын жеткілікті түрде жақсы үйренгеннен кейін, будан былай коңкимен жүгіруді толық үйренуге және техниканы жақсартуға көшеді.

**Коңки тебушінің түру қалпы.** Техниканың ең маңызды кездерінің бірі коңки тебушінің дұрыс түру қалпы болып табылады, яғни коңки тебушінің мұзда жүгірген кездегі денесінің қалпы (тұрысы). Денені дұрыс ұстап жұру коңки тебушінің өзін женіл, еркін ұстаудың байланысты болады. Коңки тебушінің түру қалпы ең алдымен жүгіру қашықтығына байланысты болады. Оқушылар 100,500 және 1000 м-ге жүгірер кезде өзін қалай дұрыс ұстап жағдаймен алдын ала таныстырылады. 100 және 500м-ге жүгірген кезде бастың, дененің, қолдың және аяқтың қалпы төмендегідей болмақ: кеуде алға қарай еңкейтілген, аяқ сөл тізеден бүгілген, бас аздал жоғары көтерілген: алға жолға қарау керек, қол артқа және алға қарай қатты сермеліп жұмыс істейді.

1000 м-ге жүгірген кезде денені төмен еңкейтіп ұстап, екі қолды арт жағына айқастырып ұстайды.

**Кетегін қателер.** Коңки тебуші қеудесін жамбасымен бір деңгейде немесе одан төмен ұстайды.

**Қателерді түзету өдісі.** Денені жоғары көтерінкіреп, белді қақайту керек, иықты еркін төмен түсіру қажет болады. Басты жоғары көтерінкірейді.

**Тура жолмен жүгіру.** Тура жолмен жүгірген кезде аяқты жайлап, бір қалыпты тіреу керек. Коңки тебуші аяғымен қанша қатты итерілсе, шапшандық соғурлыым үдей түседі. Аяқпен дұрыс итеруді дененің анағурлыым тиімді қалпымен, қолдың және аяқтың қатты жұмыс істеуімен үштастыру қажет болады.

**Коңки тебушінің бір адымдалап басуын талдап көрелік** (жүруді сол аяқтан бастайды). Оқушы оң аяғымен итеріліп, салмағын сол аяғына түсіріп, сол аяғымен сырғанайды. Дене өзінің сол аяқпен сырғанауын тоқтатқан кезде оң аяқ алға қарай шығарылады. Нәк сол сөтте сол аяғын мұзға тіреп итерілу басталады, дene көленең қалыпта тез алға қарай жылжып, оң жаққа қарай құлама қалыпқа көшеді. Сонымен қатар иықты оң жаққа бүрган кезде сол аяқтағы коңкидің ішкі жағының ортасын мұзға тіреп, бір жағына және артқа сілтеп, итерілуді аяқтайды. Тіреп итерілуді

аяқтаған соң, сол аяқ түгел жазылып, мұздан көтеріліп алынады, содан кейін буын босаңсытылып, жартылай шенбер жасап, сырғанап бара жатқан конькиге қарай тартып алады да, жайлап аяғының ұшына денесінің бүкіл салмағын түсіре, алдағы сырғанаушы конькіден жарты табан кейін мұзға қойылады. Коньки тебушінің адымы туралы жолмен жүтірген кезде, жүгіру техникасын үйрентген сайын, бірте-бірте 2-3 метрден 6-7 метрге дейін ұлғая беруі керек.

**Кететін қателер.** Тіреп итерілетін бос аяқ итерілгеннен кейін, басып тұрған аяққа теңестірілмей, бірден алға шығарылады, бұл кезде кеуде мен бас осы бос тұрған аяққа қарай қисаяды. Аяқтың қатты тірелмей, босаңсып қалатыны осыдан болады.

Мұзға коньки өте-мөте алшақ қойылады, ал бұл конькідің сүйретіліп, шапшандықты бәсендетуіне, нық тұрмайға өкеп соғады.

Сырғанау адымына жерге қойылған аяқтың аз бүгілуі. Тіреген аяқпен сырғанағанда тең салмақтылықты ұсташа нашарлайды, бұл онша қатты адымдатпауга өкеleп соғады.

Жақын қашықтыққа жүгірген кезде бір адымдап сырғанау арқылы уақытты жоғалтады.

**Қателерді түзеу әдістері.** Дене салмағын бір аяқтан екінші аяққа түсіре отырып, қашықтықты үлкен (4-6м) жүгіру адымымен өтуге тырысу керек.

Салмақ түспеген аяқтағы конькіді туралы жүріп келе жатқан бағыт өзгермейтіндей етіп, екінші аяққа қатар қою керек. Дұрыс тұру қалпын күні бұрын өзгертип, алға қарай үмтүлмау керек.

Салмақ түспеген аяқты тіреп итерілгеннен кейін, тез екінші аяқтың жаңына тартып алу керек, оны құмылды тоқтатпастан сілтеп, аяқтың ұшымен екінші аяқтың жаңына, мұзға қою керек.

**Айналма бойынша жүгіру.** Айналма бойынша сағат тіліне қарсы бағытқа жүгіреді. Тура жолмен жүгіріп келе атып айналмаға он аяқпен өтеді. Жүгіретін қашықтықтың ұзындығына байланысты айналманы орындаудың алудан түрлі техникасы бар. 200 және 500м-ге жүгірген кезде коньки тебуші шағын адымдап, аяқты мұзға қатты тіреп, дененің салмағын айналманың ішкі жағына қарай аударып жүру керек. Айналмада коньки тебуші екі аяғымен бір қалыпты тіреп, екі аяғымен бірдей итерілуі қажет.

Айналмада жасалатын қымылдардың түрлерін талдаң көрелік. Айналмаға келген кезде коньки тебуші өзінің салмағын сол аяғына түсіреді, содан кейін он аяғын сол аяғының үстінен айқастырып басып отіп, он аяғындағы конькидің ішкі қырымен сырғанап журеті. Он аяқтағы коньки екі өдіспен ғана алға шығарылады. Конькидің өкшесін сол аяқтың үстімен алып отеді, сейтіп оны сол аяқтан онға таман қояды. Алға шығарылып, мұзға қойылған он аяқтың тізесі он иықпен бір деңгейде болып тұруы керек. Он аяқты мұзға апарып қойғанша сол аяқпен итеріле бастау қажет. Бұл кезде дене салмағы мұздарғы аяққа түседі. Аяқтың тізесін жазу және конькидің жүзінің ортасынан басу арқылы аяқты тіреп итерілуді аяқтайды, ал сол аяқты дененің тұра астына қояды. Бұл кезде мұзға қойылған аяқтың тізесі қатты бүтіледі. Тіреп итерілгеннен кейін, сол аяқ денеге қарай тартылып алынып, алға қарай шығарылады. Сол аяқ мұзға қойылмастан бұрын, он аяқ өзінің ішкі жүзімен мұзға тіреліп, онға, артқа қарай итеріледі. Он аяқты тіреп итерілуді денемен солға, алға қарай қаты қимыл жасау арқылы күшетуге болады. Сол аяқты тіреп итерілу арқылы айналмадан шығуға болады.

**Кететін қателер.** Жиекке жақын жүріп, айналмаға шығу коньки тебушінің сыртқа шығуына өкеліп соғады. Коньки тұра бір қатарға (линияға) қойылады, сондықтан коньки тебуші артқа қарай итерілуі арқылы сырғанайды.

Кеуденің қалыптан тыс соғуы немесе онға бұрлыуы.

**Қателерді түзету әдістері.** Айналмадағы жиектен екі метр қашықтықтан сырғанау арқылы өту.

Алға қарағанда, солға көбірек адымдау қажет, кеуденде алға қарай үмтүлмауы керек.

Сол аяқтағы конькимен итерілгенде кеудені солға қарай, сондай-ақ он аяқпен итерілгенде онға қарай аз бұру керек.

**Қолдың жұмыс істеуі.** Жақын қашықтықта жүгірген кезде қолдың үйлесімді, дұрыс жұмыс істеуінің коньки тебуші үшін маңызы зор. Қолдың жұмыс істеуінің біршама өзгешелігі болғанымен жүгірген кездегі сияқты жұмыс істейді. Қол аяқпен бірдей жұмыс істеу керек: сол аяқпен адымдағанда он қол алға шығарылады, он аяқпен адымдағанда сол қол алға шығарылады. Қолды қатты

сермен, қымыл аяқталған кезде, оны шынтақтан бүгіп алға шығарады. Артқа қарай біршама жай сілтеледі.

**Жақын қашықтыққа** (100-150м) жүгірудің басында қол бүгіліп ұсталады. Бұл қолдың тез жұмыс істеуіне жеңілдік беріп, аяқтың тез адымдан жүруіне өсерін тигізеді.

**Кететін қателер.** Жақын қашықтыққа жүгіргенде қолды қатты сермен жұмыс істеу.

Қолмен жұмыс істеудің жалпы шапшандыққа және жүгіру бағытына сәйкес келмеуі, аяқпен тіреп итерілуді тиімді етіп пайдалануға мүмкіндік бермеу.

**Қателерді түзету әдістері.** Оң қолдың ұшы оң иықтың тұсында, шынтақ оң жақ бүйірдің тұсында болатында етіп сермеу керек.

Аяқты қатты тіреп итерілгенде қолды жүрген жаққа қарай тез сермеу қажет, ал аяқты қашықтыққа жіберіп итерілген кезде қолмен жайлап қымыл жасау керек.

**Сөреден шығу (старт).** Сөреден шығудың немесе жүгіруді бастаудың жақын қашықтыққа жүгірген кездегі маңызы ерекше зор. Тез, ышқына жүгіріп сөреден шығудан басқа мейлінше жайлап жүгіруден басталатын сөреден шығулар да бар, мұны орташа және ұзақ қашықтыққа жүгірген кезде қолданады. Сөреден шығу техникасы мынадай: “сөреге” деген команда бойынша коньки тебуші онға, жүгіретін жаққа қарай, оң қырын беріп тұрады, аяқ арасы иық кеңдігіндей етіп қойылады, тізе бүгіліп, екеуі бір-біріне жақын тигізіліп тұрады. Коньки ішкі қырына басылады: сол аяқтағы коньки сөре сзығына 35-40°, ал екінші аяқ онға таман қойылады, дene сөл алға қарай енкейтіледі: оң қол артқа жіберіліп, иықтың тұсына немесе одан аздаپ төмен, сол қол алға қарай созылып, төмен ұсталады.

“Дайындал” деген команда бойынша коньки тебуші ең алғаш төрт-бес қадамды конькидің ішкі қырымен ұшына тіреліп, қатты итеріледі. Осы кезде оң аяқ күрт алға қарай шығарылып, ал сол аяқ артқа қарай жіберіледі.

“Жүгір”, “Марш” деген команда бойынша коньки тебуші ең алғаш төрт-бес қадамды конькидің ішкі қырынан басып (аяқты қысқа, тез адымдан) жүгіруі керек. Кеуде жоғарырақ көтеріліп, аяқ аздаپ бүгіледі, аяқты тіреп, артқа қарай итереді, конькидің ұшын тірейді. Осыдан кейін коньки тебуші сырғанауға көшеді.

## Мұз үстінде откізілетін ойындар

“Жолдасыңды күш жет” Барлық оқушылар жан-жаққа бытырап қашады. Қатынасушылардың біреуі (ойын жүргізуші) ойнаушылардың біреуін қып жетуге тырысады, жетсе, оған қолының ұшын тигізеді. Егер ойын жүргізуші қашушыға қолын тигізсе, онда екеуі орындарын ауыстырады, ұсталған оқушы ойын жүргізуші болады.

Сыныптың барлық оқушыларының бір мезгілде ойнауына болады.

“Пистолет”. Бір топ оқушы бір лекке тұрады, әрбір оқушы өзінің алдында тұрған оқушының белінен екі қолмен ұстайды, саптың ең артында тұрушуның “Отыр!” деген командасты бойынша күні бұрын оқушылардың келісімімен белгіленген аяқта отырып, екінші аяғын алға қарай созып көтереді. Осы қалыпта “Тұр!” деген команда айтылғанша сырғанап жүре береді.

“Лекте тебу”. Оқушылар бірінің артынан бірі сапқа тұрып, коньки тебе бастайды. Қолдарын өзінің алдында тұрған оқушының иығына қояды немесе белінен ұстайды. Коньки тебуді бұрылу арқылы аяқтайты, мұны алдағы келе жатқан оқушы жасайды; ал басқалар шенбердің ішкі жағында айнала бұрылады.

“Тізбектеліп тебу”. Оқушылар бірінің артына бірі тізіліп тұрып, қолын алдындағы оқушының мықынына қойып, конькіді жылдам теуіп жүреді, шенбердің артында тұрған оқушының “Отыр” деген командасты бойынша күні бұрын белгіленген аяғына отырып, екінші аяғын конькідің ұшымен сүрете артынан ұстайды. Тағы бір қадам жасап оқушы аяғын ауыстырады.

“Секіру”. Оқушылар қардан шағын төбешік жасап, конькимен сырғанап, қатты жүгіріп келіп, секіріп өтеді.

“Кім жылдам?” эстафетасы. Оқушылар тең екі топқа белініп, сөре сзығына тұрады, мұғалімнің командасты бойынша белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, қайта жүгіріп келеді, команданың ең соңғы тұрған ойыншысы бірінші болып жүгіріп келген команда үтады.

“Кедергілерден оту” эстафетасы. Екі команданың жүгіретін жолына бірдей қашықтыққа қардан екі төмпешік үйіледі. Оқушылар коньки теуіп келе жатып осы кедергіні

екі рет қарғып өтуі керек. Эстафетаның ережесі “Кім жылдам” эстафетасының ережесі сияқты.

**Коньки тебушінің жаттығуы.** Жаттығудың барысында коньки тебушінің денесін шынықтыратын қасиеттер, ең алдымен шапшандық, төзімділік, ептілік сияқты қасиеттер жетілдіріледі. Жаттығудың барысында дұрыс дағдыға үйреніп, оны қалыптастыру мақсатымен конькіді менгере білудің техникасы одан өрі жақсартылады.

Жаттығу құралдары мыналар: негізінен жалпы дененің даумына өсер ететін конькисіз жаттығулар жасау, коньки тебушінің жеке бұлшық еттері мен буындарын нығайтуға бағытталған арнайы жаттығулар.

Денені жалпылай дамыту үшін қолданылатын жаттығуға мыналар жатады: тез қарқынмен жүру, жақын қашықтыққа өр түрлі шапшандықпен жүгіру, жайлап жүгіру, лақтыру секіру және басқалар.

Арнаулы жаттығуларға тізеге, балтыр буындарына арналған жаттығулар, санның, арқаның бұлшық еттерін нығайтуға арналған жаттығулар жатады. Осы мақсатта аяқтың ұшымен, өкшесімен, табанның сыртын және ішкі жағын басып жүріп, бір аяққа, екі аяққа жүрелеп отырып жасайтын басқа да, өр түрлі жаттығуларды қолдануға болады.

**Жаттығу әдістері.** Коньки тебушіні жақын қашықтыққа жаттықтырудың ең өсерлі әдістерінің бірі қайталау әдісі, яғни қашықтықтың өрбір 25-30 м жерін бірнеше рет жүгіріп өту болып табылады, мұнда бүкіл қашықтықты жүгіріп өтүте тырысу керек. Жаттығу әдісінің екінші бір түрі қарқын алуды қайталау әдісі болып табылады, яғни коньки тебуші бірте-бірте коньки тебуйн үдете отырып, шағын аланда коньки тепкенде барынша қатты жүгіреді. Мұны бірнеше рет қайталайды. Шапшандық төзімділігін қалыптастыру мақсатында аралық әдіс қолданылады: окушылар қашықтықтың жеке бөліктерін демалу арқылы, күні бұрын жоспарлаған уақыт бойынша жүгіріп отеді. Ауыспалы әдісті де қолдануға болады, яғни ауыспалы шапшандықпен жүгіру, мысалы, бір айналманы тез жүгіріп отеді, екінші айналманы жайлап жүгіреді, содан кейін тез жүгіріп өтетін айналмалардың санын бірте-бірте көбейте отырып, тез жүгіріп отеді.

**Коньки тебушілердің жақын қашықтыққа жүгіру шапшаңдығын алдын ала бақылау үшін байқау жүгіруі колданылады, яғни бүкіл қашықтыққа жоспарланған шапшаңдықпен біршама қысқартылған қашықтықты жүріп отеді.** Коньки тебушінің 100 м-ге дейінгі қашықтыққа жаттығуының үлгісін көлтірейік. Мұзға шыққаннан кейін, жаттығуды қыздырынудан бастау қажет. Содан кейін сөреден шығуды жақсартуға кірісу керек, яғни 25-30 метрден 5-6 рет жүгіріп оту қажет. Бұдан кейін айналма бойынша жайлап, дем алып жүгіріп тебу керек. Қашықтықты толық қарқынмен жүгіріп отіп, мәреге жақсылап келу міндеп. Бұдан кейін тыныс алуды бір қалыпқа келтіру үшін, тағы да ақырын қарқынмен теуіп отеді. Ең соңында өзінің жалпы көңіл күйін көтеру үшін мұз үстінде өткізілетін күрделі емес ойынға қатысуына болады, бірақ мұнда организмге қалыптан артық ауырлық түсірмеу керек, өзін қатты қыздырмауы қажет.

Жақын қашықтыққа жаттығу ретін былай құруға болады: окушылар бұл кезде тек шапшаңдық қасиетін ғана емес, сонымен қатар жүгіру техникасын да жақсартуы тиіс.

Жиі-жій жаттығу керек, осы мақсатпен сыныптан тыс сабак өткізу үйымдастырылады және мектептен тыс әр түрлі шараптарға қатынасу ұсынылады. Өздерің жеке жаттығу жұмысын жүргізгенде мұғалімнен оқтын-оқтын тапсырма, кеңес алып отырғандарың жөн.

### Сұрақтар

1. Конькисіз жасалатын бастапқы даярлық жаттығулардан нелерді білесіндер?
2. Конькимен алғашқы қадамдар қалай жасалынады?
3. Сырғанау техникасы неден тұрады?
4. Тежеудің неше өдісі бар? Оларды атаңдар.
5. Айналма бойынша жүргіргендеге қандай қателер кетуі мүмкін? Оны түзету жолдары қандай?

### Тапсырмалар

1. Бастапқы үйрену кезінде “Снегурочка”, “Спорт”, “Хоккей”, т.б. түтті конькилер пайдаланындар.
2. Мұз үстінде жақсы тұру үшін конькіді аяқ киміге дұрыс бекітуге тырысындар.
3. Мектептің мұз айдынын (катокты) жасауга көмектесіндер.

## X. ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІК

Адамдар, жұмыс істеуіне, оқуына, кімдермен қарым-қатынас жасаудына, бос уақытын қалай откізетініне, қалай киінетініне, немен тамақтанатынына және т. б. сондай себептерге байланысты бір-бірінен ерекшеленеді. Адамдардың жеке ерекшеліктеріне төуелді осы себептердің барлық жиынтығы – өмір салты деген жалпылама үғымға ие болады. Өмір салты адамның мінез-құлқы, ерік-жігері күші арқылы түрмис-тіршіліктегі негізгі мәселелерді өзі үшін анықтаудың көрсетеді. Тамақ ішу мен көп үйықтауды сүйетін, тіршілікте аз қозғалыс жасайтын адамды спортшының орнында (10 км дала жарысына қатынасушының орнында) елестету өте қын.

Өмір салты адамның өз денсаулығына деген көзқарасында, сондай-ақ қоршаған ортадағы өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуе деген көзқарасын да анықтайды. Егер өмір салты адамның денсаулығын сақтау және нығайтуға көмектесетін болса, ондай өмір салтын салауатты өмір салты деп атайды.

Қазіргі уақытта денсаулық туралы түсінік ағзада өйткені бір аурудың, зақымданудың болмағанын ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге барлық организмнің дамуының жақсы деңгейін, дene дамуының үйлесімділігін де білдіреді. Шындығында ешбір жері ауырмайтын, бірақ бір қабаттан екінші қабатқа көтерілуі қын, өте толық адамдарды да дені сау деп айта алмаймыз.

Таңертенгілік гимнастикаға, көп жағдайда дene шынықтыру сабактарына немікүрайды қарап, таңертенген бастап иіліп-бүгіліп, селқос бол жүретін, серуениң орнына бірнеше сағат бойына телевизор мен компьютердің алдында отыратын немесе кітаптан бас алмай, кейін бас ауруына, көзінің нашар көруіне, үнемі шаршаудың өкініш білдіретіндердің дені сау ма?

Оз денсаулығы және өзінің қауіпсіздігі туралы жасы мен көсібіне қарамастан өркім өзі өрекет жасап, қам жеуі керек.

Адамға қажетті ең басты байлық – денсаулық пен өмір.

Міне, сондықтан да барлық елдерде темекі тартуға, маскунемдікке, есірткіге қарсы күрес етек алуда. Балаларды

ерте жастан бастап тісін тазалауға, ертөнділік жаттығулар жасауға үйретеді, олардың тамақтануына зер салады, әрбір күнді дұрыс үйымдастырып өткізуіне көмектеседі, өз денсаулығын нығайтуға үйретеді, салауатты өмір салты ережелері мен қағидаларын үйретеді.

Қоршаған ортандың қандай факторлары, сонымен бірге адамның міnez-құлқының қандай ерекшеліктері оның денсаулығын сақтап, нығайтуға көмектеседі?

Бөрінен бұрын бұған жататындар:

а). Дәл және дұрыс үйымдастырылған күн режимі. Күн режимі адамды табиғи қажеттілікті орындауға ғана (тамақ ішү, үйиқтау, оқу) емес, денсаулықты сақтау мен оны нығайтуға пайдалы және қажет (қажетті гигиеналық іс-әрекеттерді, спортпен айналысады) дene еңбегін де орындалатыруға міндеттейді.

б). Жоғары қозғалыс белсенділігі, б). қалыпты дene жүктемесі. Қозғалыссыз тіршілік жоқ. Қозғалыстың курделі деңгейіне қарамастан, ол бір не өзге түрде кез келген тіршілік иесіне қатысты.

в). Табиғатта үнемі болу, оның пайдалы факторлары – таза ауаны, суды және күнді пайдалану.

Күн режимі қалай болса солай жасала салынбайды, не біреудің белгілеуімен жүзеге асырылмайды. Ол адам ағзасында жүріп жатқан белгілі бір физиологиялық процестерді реттеп отыру үшін қажет. Бұл процестер (тыныс алу, жүрек қызметі, үйқы, тамақты қорыту және басқалар) ырғакты түрде жүріп жатады.

Ең белгілі ырғак – үйқы мен сергектіктің алмасып отыруы. Ағзандың белсенді қызметі бірдей төмендейді де, кейін қайта көтеріледі. Бұл тұрақсыздық тәулік бойы жүріп жатады. Адам ағзасы миллиондаған жылдар бойы жердегі 24 сағаттық ырғакпен байланысқан осы тұрақсыздыққа қалыптасты. Бұл қалыптасулар дene температурасының, жүрек соғысы жиілігінің, қан қысымы деңгейінің және организм жағдайының басқа да көрсеткіштерінің өзгеруінде көрініс береді. Барлық организм мүшелері түнде демалады, ал күндіз олардың жұмыс қабілеттілігі күшейеді.

Оған нақты мысал: жүрек қызметі оның жұмыс кезеңі,

яғни жүрек еттерінің жиырылуы оның тыныштық кезеңдерімен (босаңсызмен) ұдайы алмасып отырады. Жүрек үздіксіз жұмыс жасайтын сияқты. Алайда, ол тәулік бойына 100 мың ретке дейін жиырылады және жүйелі ырғаққа байланысты жүрек жұмыс жасап қана қоймайды, сонымен бірге демалады да. Жүректің жиырылуы 0,3 секундқа созылады, ал өрбір босаңсу уақытында жүрек – 0,5 секунд демалады. Саналы түрде немесе ойланбаған іс-қимыл, жүрек қызметі ырғағын бұзу жолындағы кез келген өрекет қайғылы, өкінішті жағдайға өкеліп соқтыруы мүмкін.

Өзінің жұмыс ырғағына ас қорыту жүйесі де өте дәл бағынады. Асқазан өз жұмысын атқарып болысымен-ақ, тамақтан алынған қоректік заттар денеге тараған соң қаның құрамы өзгеріске үшірайды. Осы уақытта адам ашығу сезіміне бөленеді. Бұл тамақты қабылдағаннан кейін шамамен төрт сағаттан кейін байқалады, осыдан кейін тамақ ішу қажетті (түскі ас, кешкі ас дегендей). Тамақ организмге еттердің, жүректің және басқа органдардың жұмысы үшін қажетті қуат береді. Тамақ жетіспегендеге адам әлсірейді, адамның барлық мүшелерінің қалыпты қызметі бұзылады. Міне, сондықтан да тамақ үнемі бір мезгілде ішілуі керек. Тамақ ішу режімінің бұзылуы ас қорыту органдарының елеулі зақымдануына өкелуі мүмкін, ол өз кезегінде өзге органдардың ауыруына да өсер етеді.

Сөйтіп, күн режимі – тәулік ішінде адам организмінің зандаудықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып, қалған уақытта пайдалы қызмет ету үшін (оку, еңбек және демалыс) ең тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін адам қызметін үйымдастыру формасы. Дұрыс жасалынған күн режимі барлық органдардың қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді, яғни денсаулыққа көмектеседі.

Тәулік бойында еттің күші – толқын тәрізді өзгеріп отырады. Адам 3 пен 5 сағат (түнгі) және 12 ден 14 сағат аралықтарында әлсірейді, ал ең күшеттін кезеңі – таңертеңгі 8–12 және 14–17 сағаттар аралығы. Организм белсенділігінің төмендеген сағаттарындаған жаракат алу, жолдағы апаттар, бақытсыздық жағдайларының саны көп болатындығын көрсететін мәліметтер бар.

Адамның ақыл-ой қызметінің жұмыс қабілеттілігі де күні бойы өзгеріп отырады. Оның ең тәуір кезеңі таңертеңгі сағаттар (9–11 сағаттар), сосын жұмыс қабілеттілік деңгейі біршама төмендейді де, түскі ас пен демалыстан кейін 16–17 сағат шамасында екінші рет көтерілу байқалады. Міне, сондықтан да кешкілікте сабакты оқу қын, зейін шашыранқы болады, еске ұстап қалу көп күшке түседі. Мұндай төмендеген ақыл-ой жұмыс қабілеттілігіне шаршау себепкер болады.

Дөрігерлердің, социологтардың, өндірістік ұйымдастырушылардың және өзге де мамандардың көптеген зерттеулерінің негізінде ересектер үшін де, балалар үшін де күн режімінің үлгісі жасалынған. Оқушылар үшін төмендегідей күн режімінің үлгісі ұсынылады.

#### **Бірінші аудиосымда оқитын оқушылар үшін:**

Үйқыдан ояну	7.00
Таңертеңгі жаттығу, жуыну	7.00–7.30
Таңертеңгілік ас	7.30–7.50
Мектепке бару	7.50–8.20
Мектептегі сабак	8.30–12.30
Мектептен қайту	12.30–13.00
Түскі ас	13.00–13.30
Серуен	13.30–14.30
Сабак даярлау	14.30–17.30
Кешкі ас, серуен, бос уақыт	17.30–21.00
Үйқыға дайындалу	21.00–21.30
Үйқы	21.30–7.00

#### **Екінші аудиосымда оқитын оқушылар үшін:**

Үйқыдан ояну	7.30
Таңертеңгілік жаттығу	7.30–8.00
Таңертеңгілік тамақ	8.00–8.30
Сабак даярлау	8.30–11.30
Таза аудада серуендеу	11.30–12.30
Түскі ас	12.30–13.00
Мектепке бару	13.00–13.20
Мектептегі сабак	13.30–17.30
Мектептен үйге қайту	17.30–18.00
Кешкі ас, серуен, бос уақыт	18.00–21.00
Үйқыға даярлық	21.00–21.30
Үйқы	21.30–7.30

Әркім де бұл күн режіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізетіндігі сөзсіз, алайда ол берілген ұсыныстарға сәйкес келуі керек және ең бастысы – оны орындау.

**Есінде ұста:** Дұрыс құрастырылған күн режімі және оны орындау – денсаулықты сақтаудың бірден-бір шарты.

Салқыннан болатын ауруларға ағзаның қарсы тұрушылығының артуын шынығу деп атайды. Шынығу организмнің табиғи қабілеттілігін қоршаған ортаға қалыптасуын арттырады және күн режімінің бөлінбес бір бөлігі болуы керек. Бұл ретте организм тез немесе ұзаққа созылған салқындау өсерлерін жеңіп, оған қарсы тұра алады. Күннің ыстығын, суығын, жылдықтан суықтыққа кенеттен ауысады жеңілдеу көтереді. Шыныққан балалар бронхит, ангина, грипп және басқа да көптеген ауруларға аз шалдышады. Олар ауыра қалса да жеңіл көтереді. Шынығуды жылдың кез келген мезгілінде бастауға болады, дегенмен де бұл үшін ең қолайлы мезгіл көктем мен жаз.

Шынығудың негізгі ережелері: жүйелілікті сақтау, ағзаның жеке ерекшеліктерін есепке алу.

Тек жүйелі түрдегі шынығу ғана пайда бермек. Шынықтыратын іс-әрекеттер (процедуралар) суық пен ыстықтың өсеріне қан тамырларының шапшаң реакциясын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Шынығудағы үзілістер сыртқы ортаның өсеріне организмнің қарсы тұрушылығын азайтады.

Шынығу сақтықты талап етеді және өдеттен тыс жағдайларға, қоршаған ортадағы өзгерістерге ағзаның біргіндеп үйренісу қабілеттілігіне негізделген. Суық, судың, салқын ауаның өсеріне организмді бірден ұрындыруға болмайды.

Науқастанған кезде шынығу процедурасы тоқтатылады және жазылып шыққаннан кейін қайта жалғастырылады, бірақ олардың ұзақтығы қысқартылады және бұрынғыға қарағанда судың температурасы  $2-3^{\circ}$  жоғары болады.

Таза ауда шынығу үйіктайтын және өзге де бөлмелерді желдетуден басталуы керек. Таза ауамен шынығуды ертеңгілік гимнастикамен байланыстырған жақсы. Бұл организмді сергектік жағдайға әкеледі. Жаттығуларды біргіндеп күрделілендіре және санын арттыра отырып жасау керек. Ертеңгілік гимнастика  $+17-+18^{\circ}$  температурада жақсы желдетілген бөлмеде немесе ашық ауда өткізіледі. Кейіннен

жылдың салқын уақытында ауа температурасын біртіндеп (желдету арқылы) төмендетіп  $+11-+13^{\circ}$  қа жеткізеді.

Таза ауамен шынығуға ойындар, серуендер, аландар мен аулаларда өткізілетін сабактар көмектеседі. Қыста күзде, көктемде және жазда киетін киімдер маусымға сай әрі қимылды тежемейтіндей, женил болуы қажет. Жазда жалаңаяқ жүрген пайдалы. Адамның бойы мен, организмінің дамуына күн сөүлесімен шынығу да жақсы өсер етеді. Теріге енетін күлгін түсті сөулелер зат алмасуды арттырады және өр түрлі ауруға қарсылықты күштегіде. Солардың әсерімен өзін-өзі сезіне білу жақсарып, үйқы қалыпты болады. Бірақ, бұл дұрыс шыныққан жағдайда ғана болмақ.

Күн сөүлесін өте көп және дұрыс пайдаланбау көп жағдайда жүйке жұмысының бұзылуына соқтырады: асқа тәбеті шаптайды, бастың ауруы, көңілсіздік, үйқының қашуы пайда болады. Күнге күйіп кетуі де мүмкін. Міне, сондықтан да күн сөүлесін қабылдағанда өте мүқият болған жән. Шынығу есебінде күн сөүлесін тек дені сау оқушылар ғана қабылдай алады, ал денсаулығында ауытқушылық бар оқушылар дәрігердің рұқсатымен ғана қабылдайды.

Сумен шынығу — тазалық процедурасының ең тиімділерінің бір. Су дененің тері қабатын тазартып, сауықтырады. Су процедуralары терідегі қан тамырларының өзіндік бір гигиенасы іспеттес. Олар нерв жүйесін нығайтатындықтан барлық жастағылардың су процедурасымен айналысқаны жән.

Сумен шынығуды жыл бойы жүргізген жән. Сумен сұртіну ең қарапайым процедура болып табылады, әдетте бұл көп жағдайда, танертенғлік гимнастикадан кейін болады.

Сумен шынығудың пайдалы түрі — үстіге су қую. Мұндай су процедурасынан кейін сергектік сезіліп, тамакқа тәбет ашылады. Егер су процедурасы дұрыс жасалмаса, онда тері бозарып, көп жағдайда көгереді, қалтырау болады. Әрине, мұндай құбылыс ағзаға жағымсыз өсер ететіндігі өзінен-өзі түсінікті.



1-сурет

Таза ауала сумен шайынуды (қүюды) жылдың жылы мезгілінде жасаған дұрыс (1-сурет). Жел немесе салқын ауа райында сумен шайынуды бөлмеде өткерген жөн. Судың температурасы, сұртіну кезіндегідей +30°-тан +20°-қа дейін біртіндеп төмендетіледі. Душтың астында шайынғанда температуралың өсеріне судың бастырмалатуы да қосылады, соңдықтан душта 1–2 минуттен артық болмау керек. Шайынғаннан кейін денені мұқият сұрту қажет.

Табиғи су кездері: өзен, көлдерде суға шомылу жаз мезгілінде шынығудың ең тиімді тәсілі. Судың, ауаның, күннің және қымылдың өсерін байланыстыру ағзаға жағымды өсер етеді. Адам өзін сергек сезінгенде ғана суға тұсуге болады. Суға бірден тұсу (ену) керек. Дене мен салқын су температурасы теріде жақсы реакция тудырады. Сонымен бірге дене өте қызып тұрганда, өсіреле терлегендеге (жүгіру, секіру, ойындардан кейін) суға тұсуге болмайды. Судан шыққаннан кейін орамалмен сұртіну қажет.

Суық сумен таңертеңгілік жуыну да шынықтыратын процедураға жатады. Бөлменің температурасына сәйкес келетін сумен үйықтар алдында аяқпен жұру гигиеналық қана емес, сонымен бірге шынықтыру маңызына да ие.

**Есте ұста:** Шыныгу – денсаулықты сақтау және нығайту ісіндегі ең қолайлы және ештеңені қажет етпейтін нәрсе. Шынығудың тиімділігі, яғни денсаулықты нығайту, өр адамның өзіне ғана байланысты.

Күнделікті тұмыста аз қозғалыс жасау егде жастағыларға ғана емес, өкінішке орай окушылардың көпшілігі үшін де қырсық нәрсе.

Үй тапсырмаларын орындар алдында күн сайын міндетті түрде серуендеу қажет. Осы мезгілді өте тиімді пайдаланып, қозғалыс ойындарын ойнап, велосипед теуіп, қыста шаңғымен, шанамен, конькимен сырғанаған дұрыс. Белсенді түрдегі серуендеуден шаршаймын деп қорықпау керек. Ол тек сабакты тез өрі табысты орындауға көмектеседі.

Үй тапсырмасын орындаған кезде өрбір 35–50 минут сайын қарапайым жаттығулардан тұратын «дене шынықтыру үзілісін» жасау керек.

Дене шынықтыру сабагына немқұрайды қарама және таңертеңгілік гимнастиканы міндетті түрде күнбе-күн жасап отыру қажет.

Белсенді қозғалыс ағзаның барлық жүйесінің жұмысына жағымды өсер етеді; ақыл-ой және дене жұмысын арттырады, деңсаулықты нығайтуға жөрдемдеседі.

## XI. ПРЕЗИДЕНТТІК СЫНАМАЛАРДЫҢ НОРМАТИВТЕРИ ЖӘНЕ ОНЫ ТАПСЫРУҒА ДАЯРЛЫҚ

1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасы тұрғындарының дене шынықтырудады Президенттік сынамалары туралы ереженің өмірге енуі – ел тұрғындарының барлық деңгейінің дене тәрбиесімен айналысұын айқындайтын, әрі жүйелі жұмыс жүргізуі талап ететін өте маңызды құжат болып отыр.

Президенттік сынаманың ережесінде дене шынықтырумен айналысатын топтардың жас топтары анықталған. Мектептердің 5, 9, 11-сыныптарын бітірерде сынамаларды тапсыру жүзеге асырылады. 9-сынып оқушылары үшін сынамалар дене тәрбиесі даярлығының екі деңгейінен – Президенттік деңгей мен Ұлттық даярлық деңгейінен тұрады. Бұл бақылау нормативтер талаптары күрделі екендігі белгілі. Күрделі болуының себебі, ол оқушыларды дене мәдениеті және спортпен жүйелі түрде айналысуга тарту, салауатты өмір салтымен тіршілік етуге үмтүлдіру, еңбек қызметі мен өскери қызметке даярлау мақсатын көздегендігінен.

Сынаманың Президенттік деңгейі жан-жақты дене тәрбиесі даярлығы бар дені сау оқушыларға арналған. Ұлттық даярлық деңгейі мектептердегі спорттық секцияларда, топтарда, командаларда немесе балалар және жасөспірімдер спорт мектептерінде дене мәдениеті және спортпен жүйелі түрде айналысатын оқушыларға арналған.

Сынаманы тапсыруға даярлық және тапсыру бүкіл окужылы бойында жүзеге асырылады. Мектеп оқушыларының сынамаларды тапсыруға даярлығы дене тәрбиесі сабағы барысында, сауықтыру шараларында және спорттан тыс кезде жүзеге асырылады.

Президенттік сынаманың (5 бап) ережесіне сәйкес Президенттік сынама 5, 9, 11-сыныптарда өткізіледі.

**9-сынып оқушылары үшін сынап түрлері және  
нормативтері**

Сынақ түрлері	Өлшем бірлігі	Нормативтері			
		Президенттік денгей		Ұлттық даярлық денгейі	
		ер балалар	қыз балалар	ер балалар	қыз балалар
100 м жүгіру	сек	13.0	15.2	13.2	15.5
1000 м жүгіру	мин.сек	—	4.10	—	4.30
2000 м жүгіру	мин.сек	7.30	—	8.00	—
Бір орыннан ұзындыққа секіру	см	210	220	235	200
Көмделе тартылу саны	рет	16	—	12	—
Шалқалап жатып денені көтеру	мин рет	—	20	—	15
Шанғымен 3 км жүгіру мин.	сек	13.30	15.00	14.00	16.00
немесе 6 минут шамасында жүгі- ріп ету	м	1700	1350	1530	1240
50 м жүзу	сек	45	50	—	—
Шагын калиберлі (пневматикалық) мылтықтан 5 окпен ату	ұпай	48	48	45	45
немесе долты (150 гр) ныса- нага дәл тигізу	м	35	25	30	20

Оқу жылы ішінде сынап тапсыру мына мерзімдерде откізілгені жөн (даярлық сабактарын қосқанда).

Кыркүйек, Қазан – женіл атлетика

Қараша, желтоқсанның жартысы – тирде сабак откізу, ату

Желтоқсан, қантар, 15 ақпанға дейін – шаңғы

Ақпан, наурыз – жұзу

Сөуір, мамыр – женіл атлетика

Жылдамдық, күштілік және табандылықты сынап жарыстары оқу жылының соңында бір күнде откізіледі. Әр оқу жылының 15 мамырында 9-сынып оқушылары арасында Президенттік сынамалар жарысы откізіледі. Бұл мектеп бойынша үлкен мейрам.

1-топ – 60 м жүгіру.

2-топ – орнынан ұзындыққа секіру.

3-топ – кермеге тартылу.

Бұлар біткен соң жарыс түрлері өзгертіледі. Жарыстың ақырында оқушылар 1000, 2000 м жүгіруге жасақталады.

Шаңғы, жұзу және ату жарыстары бірнеше сабак откізілгеннен кейін болады.

Президенттік сынамаларды тапсыруға сабакқа тұрақты қатынасып жүрген, сынаптың жеке бөлімдерін өту кезінде дұрыс баға алған және дәрігерден рұқсаты бар оқушылар жіберіледі.

Сынақтарды қалай тапсыруға болады? Және оған даярлық жаттығулары қандай болмақ?

Жылдамдық қасиеттерін дамыттын сынамаларға 60 м және 100 м жүгіру жатады.

60 және 100 м жүгіру сынаптарын тапсыру үшін төмендегідей дайындық жаттығуларын жасаған жөн:

а) сөреден жүгіру – 15–25 м (45 сек–1 мин. аралығында үш рет қайталау);

ә) ауыр заттармен жүгіру –(15–25) м үш рет қайталау;

б) аяқты жоғары көтеріп (10–15 м) жүгіру, екі рет қайталау;

в) тұғырда 5–7 сек (барынша тез жүгіру) сайын 2 рет қайталанады;

г) тұғырда тұрып жай бастап, біртіндеп екпіндеп секіру

— (5–10 секундтан 30–45 секундқа дейін). Кейін 2–3 рет қайталау;

ғ) мәрени жетілдіру; екпінді бірте-бірте ұдетіп мөреге жету (20–25 м);

е) қашықтықты уақытында жүгіріп өту – 1 рет;

ж) 1–2 орындарды анықтау үшін бақылау есебіндегі жүгіру жөне күштілердің финалдық жүгіруі.

Жарыс өдettегі жағдайда мектептің спорт алаңында немесе стадионда өткізіледі. Міндетті турде мәре мен сөре белгіленуі, қашықтық дәл өлшенуі қажет.

Президенттік сынамалар бойынша жарыстың қай-қайсысында да өрбір окушы деңе тәрбиесі мұғалімінің жарысты даярлаудына, өткізуіне, көмекшісі бола білуге туіс.

1000 және 2000 м жүгіру шыдамдылық қасиетін дамытуға ықпал ететін сынамалар.

Жүгіру стадион немесе спорт алаңының немесе мәресі мен сөресі белгіленген тегіс жөне жүгіру қашықтығы мүқият өлшенген жерде, жоғары старттан басталып, өткізіледі. Бір мезгілде 10-ның үстінде окушы қатынасуына болады. Әрбір қатынаушы сөрені дұрыс жүгіріп өтуі қажет. Қажет болатын болса жеке жүргүре де болады. Қайткенде де қашықтықты барынша шапшаң жүгіріп өту қажеттігі есте болған жөн. 1000 (2000) м қашықтыққа жүгіру нормаларын орындау үшін үздіксіз жүгірудің барлық түрлеріне алдын ала жаттығу қажет болады.

Орнынан ұзындыққа секіру жылдамдық, күштілік қасиеттерін дамытады.

Сынамаларды көрсетілген нормативтік көрсеткіштерді орындау үшін алдын ала тәмендегідей даярлық жаттығуларын орындау қажет болады.

а) жілтен секіру – 100–120 биіктік, әр жаттығуда 2 реттен қайталау;

ә) жоғарырақ түғырда секіру (гимнастика орындығына жөне басқаларға).

б) бір орнында бір жөне екі аяқпен секіру (оң аяқпен 20 рет, сол аяқпен 20 рет жөне екі аяқпен 40 рет секіру, секіруді алмастыру аралығы 40–60 секунд. 2–3 рет қайталау.

- в) алға жылжи отырып бір және екі аяқпен секіру (10–15 м-ге дейін). 2–3 рет қайталау;
- г) орнында тұрып биік тұғырдан секіру;
- ғ) жоғары тұрган тұғырға секіру;
- д) ауыр затпен ұзындыққа секіру (гантель, тас, ауыр белбеу және басқа);
- е) бір орында ауыр затпен секіру;
- ж) нөтиже үшін ұзындыққа секіру.

Бұл сынама үшін де тегіс, жұмсақ жер керек. Мектептердің көпшілігінде секіру секторлары бар, сондықтан да секіруге даярлыққа, оның ішінде сынамаларды тапсыруға толық мүмкіндік бар.

*Шалқалап жатып денені көтеру* дene күшінің дамуына өсер етеді. Сынаманың бұл түрі гимнастикалық орындықта шалқалап жатқанда орындалады. Аяқтың табанын көмекшілер басып тұрады. Аяқ тізеден 90° бұрышпен бұғледі. Жаттығуды орындаушы қолдарын желкесінде ұстайды. Орындаушы дайын болғаннан кейін «Дайын ба?» – деген ескерту беріледі. Содан кейін «Баста» – деген бүйрық беріледі. Бүйрықпен бірге секунд өлшеуіш те іске қосылады. Бір минут ішінде орындаушы денесін барынша көп көтеруі қажет. 1 минут өткесін «Тоқта» – деген бүйрық беріледі.

1 минуттың ішінде денені көбірек көтеруге дайындалу үшін төмендегідей жаттығуларды алдын ала орындал, дайындалған жөн болады:

- а) тік аяқпен алға серпілу, өр аяқпен кезек-кезек 15–20 серпіліс жасау (30–45 секунд ұзіліс жасап, 2 рет қайталау қажет).
- ә) еденде, орындықта отырған жағдайда: жұзудегі кроль мөнерімен тік аяқпен серпу (аяқты тіремей 12–15 реттен 2 рет қайталау);
- б) аяқты тізеге бір мезгілде бұғіп, тіzenі кеудеге тигізу (12–15 реттен 2 рет қайталау); аяқты тік ұстап жоғары бұрышқа дейін көтеру (брассия немесе кез келген тіренішпен сүйеніп екі рет қайталау), тізеге бұғілген аяқты кеудеге тигізгенше көтеру (8–10 реттен екі рет қайталау).

Тік аяқты бұрыш жағдайына дейін көтеру (8–10 реттен екі рет қайталау). Бұрышты 3–5 сек үстап тұру қажет.

в) шалқалап жатып қолды бүйірге қою.

Кезекпен оң және сол аяқты көтеру:

– өр аяқты 15–20 реттен көтеру;

– тік аяқты көтеру – 10–12 рет;

– денені көтеру 10–12 реттен екі рет қайталанады.

г) шалқалап жатып аяқтарды түйістіру (аяқтар түзу үсталынады);

денені көтеру, қолдар белде 10–12 рет, екі рет, үзіліспен қайталанады.

Қолдарды желкеге қойып, денені көтеру 10–12 реттен екі рет қайталанады.

Қолдарды жоғары қойып, денені көтеру – 6–8 реттен екі рет қайталанады;

ғ) қолды өр түрлі жағдайда қойып, нормативтерді орындау (кол қаншалықты жоғары көтерілген болса, денені көтеру соншалықты қын болмақ) 8–10 рет екі рет қайталанады;

д) нормативтердің бәрін уақытқа немесе норма талаптарына сәйкес орындау.

Кермеге тартылу күштің дамуына ықпал етпек.

Сынаманы тапсыру үшін төмендегідей дайындық жаттығуларын орындау қажет:

а) батпандармен, өзге де ауыр заттармен жаттығу, алға енкейіп, белді бұру, қолды тіке үстап айналу.

ә) жалпы дамыту жаттығулары кешенін орындау (8–10 жаттығулар).

б) биік кермеде екінші адамның көмегімен тартылу – алдымен өз бетінше 1–3 рет, сонан соң көмекпен 5–7 рет тартылу (3 рет қайталанады).

в) кермеде өз бетінше барынша тартылу, бір-екі рет қайталау.

г) ауыр жүктен тартылу (батпандармен) – 3–5 реттен екі рет қайталап тартылу.

Сынама кермені тік қолмен үстау арқылы орындалады. Бастапқы қалыпта аяқ жерге тимеуі керек.

Тартылу иекті керменің жақтауына тигізумен орындалады.

Кермеге 5 секундтан артық тартылып тұруға, тербеліп тартылуға рұқсат етілмейді.

Бүгілмей жөне басты артқа шығарып жасаған тартылулар техникалық жағынан дұрыс деп есептелмейді.

Тартылу саны есептеледі (қанша рет тартылғаны – 10, 15 және т. б.)

Орындау тәртібі: төреши келесі топты орындауға шақырады. Бір кермеде бір уақытта екі адам тартыла алады. Дайындық ретіне қарай төреши «болады» деп айтады.

Төреши қатысуышыға қарсы қарап тұрып, тартылуын дауыстап санайды. Егер тартылу дұрыс орындалмаса, «саналмасын» дейді. Сынама орындалып болған соң, төреши қатысуышыға жөне жарыс хатшысына көрсеткіш нәтижесін айтады.

Шаңғымен 3000 метрге жүгіру. Табандылық, шыдамдылық сияқты дене тәрбиесі мен дайындық дамытуға ықпал етеді.

Жарыс шаңғы жарысы ережелеріне сай орташа тегістіктегі жерлерде өткізіледі. Жарыстар мен дайындық сабақтары – 15°-тан төмен емес температурада өткізіледі.

Еліміздің қарсыз аудандарында, қажетті құрал-жабдықтар жоқ жерлерде шаңғымен жүгіру 6 мин жүгіру – жүрумен алмастырылады. Бұл ретте 6 мин ішінде барынша қашық жерді жүгіріп өту керек.

Жүгіру, жүру стадионның, парктің, орманның және т. б. жерлердің жүгіру жолдарында өткізіледі. Дайындалу тәсілдері 1, 2 км жүгіру қашықтықтарынан ережелері сияқты.

Мылтық ату. Бұл өскери қолданбалы сынама. Оқушылар қару қолданудың алғашқы негіздеріне, ату шеберлігіне үйренеді. Ату арнайы жабдықталған тирде шағын қалиберлі ТОЗ – 8 және ТОЗ – 12 мылтықтарынан 25 м қашықтықтан №6, нысанаға немесе 50 м қашықтықтағы №7 нысанаға ату арқылы жүзеге асырылады.

Шағын қалиберлі (пневматикалық) ИЖ – 38 мылтығымен столға сүйеніп, турегеп тұрып немесе 5 м қашықтықта тұрып №8 (спорттық) нысанаға атады. Алдын

ала қаруды қалай қолдану керектігі туралы ережелермен, сондай-ақ ату кезіндегі қауіпсіздік шараларымен таныстырылады.

Нысаналарды дайындағаннан кейін окушылар ату алаңына келеді. Байқап көру үшін олардың өрқайсысына 3 оқтан беріледі.

Ату жетекшінің рұқсатынан кейін ғана, оның қатаң бақылауымен орындалады.

Одан кейін нысана ауыстырылады. Окушылар ататын жерге орналасып, бес оқтан алады, сөйтіп есепке енетін атулар жасайды.

Байқап көру үшін атуға, нысаналарды ауыстыруға, есепке енетін атуларға барлығы 15 минут беріледі. Атудың көрсеткіші тиген оқтардың үпай санымен өлшенеді.

**Жұзу.** Табандылық, шыдамдылық қасиеттерін дамытуға және судағы іс-әрекет шеберлігін үйренуге ықпал етеді.

Жұзу сынамасының сабағын өткізу мен тапсыру бассейндерде, сондай-ақ жай тоғандарда (көл, өзен), арнайы жабдықталған жерде қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүргізіледі.

Жұзу білмейтіндерге «жұзу білмейтіндерге он сабак» тәсілі бойынша алдын ала сабак өткізу қажет болады. Судың температурасы 20°-тан төмен болмаса сабак өткізуға және сынама тапсыруға болады.

Табиғи су тоғандарында жұзу сөресінің терендігі 90–120 сантиметрден артпауы керек. Табиғи су тоғанында өтетін жағдайда су шетінде тұрып старт беріледі.

«Сөреге» деген төрешінің бүйрығынан кейін окушылар «жұзуші старты» жағдайын қабылдайды, «марш немесе старт беретін пистолет атылған соң жұзу басталады. Бассейн немесе су тоғанындағы жұзу жолдарына қарай қатысушылар саны анықталады. Әр жолда төреші – хронометражшы қатысушылардың мөреге келуін анықтап тұрады. Уақыт дәлдігі 0,1 сек дейін.

Кез келген өдіспен жұзуге рұқсат етіледі.

Доп лақтыру жинақталуға, дәлдікке үйретеді және атудың мүмкіндігі жоқ жағдайда қолданылады.

Салмағы 150 гр допты лақтыру кез келген тегіс аланда өткізіледі. Тигізу үшін 100x100 см 2 биіктікке ілінген көлемді нысана қолданылады.

Сынаманы қабылдау үшін сөре сызығы белгіленіп, керекті қашықтыққа нысана орнатылады.

Оқушылар алдымен орнында тұрып екі байқау, одан соң есептей лақтыруды орындайды. Нысанаға доптың тиуі белгіленіп отырады (бар – жок).

Доп лақтыруға қажетті дайындық жаттығулары:

а) барлық бұлшық еттері топтарына арналған жалпы дамытатын жаттығулар

ә) иық буындарын айналдыратын қол қимылдары,

б) он-сол қолмен латыруды бейнелеп көрсету,

в) ұсақ тастарды, үйеңкі жаңғақтарын он-сол қолдарымен қашықтыққа лақтырып нысана көздеу,

г) он-сол қолдарымен теннис добын жерге ұру. Кімнің добы биікке көтерілетіндігін анықтау,

д) он-сол қолдарымен допты қашықтыққа лақтыру,

е) допты қажетті нормадан екі есе жақын қашықтыққа он-сол қолдарымен лақтыру,

ж) допты нормадан 3–5 м қашығырақ нысанаға лақтыру,

з) нормативтерді орындау.

Президенттік сынамаларда көп сайыстың қысқы және жазғы бағдарламасы, жас ерекшеліктері, топтары, көрсеткіштерді бағалау кестесі және разряд нормативтері көрсетілген. Барлығы 13 жас ерекшелігі тобы белгіленген 9-шы сынның оқушылары 2-ші және 3-ші топқа жатады.

Қысқы Президенттік үш сайыс (шағын калиберлі пневматикалық мылтықтан ату, кермеге тартылу, шаңғымен 3 км жүгіру, қыз балалар үшін кермеге тартылудың орнына шалқалап жатып денені көтеру) бойынша 70–200 үпай аралығында тиісті разряд нормалары белгіленген. Ал жазғы 6 сайыс бойынша осы жастағы оқушыларда 110–350 үпай аралығында разряд нормалары белгіленген. Сол сайыстар бойынша әр түрлі деңгейдегі разрядтарға ие болуға оқушылардың мүмкіндіктері бар.

## МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	3
I. Теориялық мәліметтер.....	5
1. Жан-жақты деңе даярлығы деңгейін арттыратын жаттыгулар.....	5
2. Президенттік сынамалардагы нормативтік талаптарды тапсыруға арналған даярлықтың мақсаттары мен міндеттері.....	7
3. Ағзаның жүйелі қызмет етуіне деңе жаттыгуларының өсері және оған түсетін ауырлықты реттеу.....	11
4. Өзін-өзі бақылаудың қарапайым дәғдилары.....	13
II. Женіл атлетика.....	22
1. Қауіпсіздік және жарыс ережелері.....	22
2. Іскерлік пен дағдылар.....	27
III. Гимнастика.....	35
1. Теориялық мәліметтер.....	35
2. Саптағы жаттыгулар.....	37
3. Жалпы дамытатын жаттыгулар.....	38
4. Снарядтағы жаттыгулар.....	58
IV. Спорт ойындары.....	59
1. Баскетбол.....	59
2. Волейбол.....	67
3. Футбол.....	71
4. Қол добы.....	82
V. Қазақша күрес.....	86
1. Балуанның жан-жақты дайындығы.....	89
2. Қазақша күрестің тактикасы.....	94
3. Қазақша күрестің өдістері.....	99
VI. Жұзу.....	112
VII. Шанды даярлығы.....	126
VIII. Дала жарысы (кросс даярлығы).....	135
IX. Конькимен жүгіру.....	139
X. Денсаулық және салуатты өмір салты туралы негізгі түсінік.....	150
XI. Президенттік сынамалардың нормативтері және оны тапсыруға даярлық.....	157

*Учебное издание*

**Қасымбекова Сауле  
Тайжанов Сугирали**

## **ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ**

**Пробный учебник для 9 класса общеобразовательной школы  
(на казахском языке)**

**Редакторы Г. Эдуова  
Суретшісі Н. Жиреншиев  
Көркемдеуші редакторы Н. Наурызбаев  
Техникалық редакторы К. Турымбетова  
Корректоры Ш. Биекеева  
Компьютерде беттеген Г. Баймуратова**

0698 27 АН

хіттарлоғанда 1301 км-діңде жүнделдік таң 00-11:00...12:00  
жүнделдік аттөзі 58,5 шақырттың жүнделдік таңдауда 1000 м-діңде  
шешілгенде 008 шақырттың таң 12:00-13:00...14:00...15:00...16:00  
жүнделдік аттөзі 58,5 шақырттың таң 13:00-14:00...15:00...16:00...17:00...18:00

жүнделдік аттөзі 58,5 шақырттың таң 14:00-15:00...16:00...17:00...18:00  
жүнделдік аттөзі 58,5 шақырттың таң 15:00-16:00...17:00...18:00...19:00...20:00  
ЕГТ шешілгенде 008 шақырттың таң 16:00-17:00...18:00...19:00...20:00...21:00...22:00

Издательство «ОДИССЕЯ» г. Алматы, 2008  
Адрес: г. Алматы, 720040, ул. Аль-Фараби, 77

Аттас мөлдөр  
Аттас мөлдөр  
Аттас мөлдөр

### АТТАС МӨЛДӨР

Аттас мөлдөр - шартты баспа табағы 9,24. Есептік баспа табағы 8,21.

Аттас мөлдөр  
Аттас мөлдөр  
Аттас мөлдөр  
Аттас мөлдөр  
Аттас мөлдөр  
Аттас мөлдөр

**ИБ № 8000**

Басуға 06.11.00 қол қойылды. Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>, Қағазы оффсеттік. Қаріп “Times/KazNur” Шартты баспа табағы 8,82. Шартты бояулы беттаңбасы 9,24. Есептік баспа табағы 8,21. Тараптамы 800 дана. Тапсырыс № 4069

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Республикалық мемлекеттік “Рауан” баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

“Дәуір” ЖАҚ “Кітап” өндірістік бірлестігі. 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.

Дайын диапозитивтерден басылған.

